57,3% ірі қара, 58,7% қой мен ешкі, 59,3% шошқа, 53% түйе, 50,3% жылқы басы негізінен ауылшаруашылық кәсіпорындарында шоғырланған (жалпы санының 72%).

Соңында АӨК жетілдіру мен жаңғыртудың мынадай жолдары мен шараларын бөліп көрсету қажет:

- өндіріске инновациялық технологияларды енгізу, мемлекеттік қолдау шараларының тетіктерін әзірлеу, атап айтқанда осы саланы субсидиялау, салық салу, сақтандыру әдістерін өзгерту есебінен елдің АӨК-ін дамытудың тиімділігін арттыру;
- топырақ құнарлылығын арттыруда, тозған жерлерді жою мен қалпына келтіруде жер пайдаланушылар үшін ынталандыру тетіктерін әзірлеу;
- жеке қосалқы шаруашылықтар үшін жер пайдалану тетіктерін енгізу, атап айтқанда мал жаю үшін жайылымдық жерлер бөлу;
- «егістен тұтынушыға дейін» ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау, қайта өңдеу, логистика жүйесін одан әрі дамыту;
- тиімді тауар жылжыту және халықты отандық тауар өндірушілер өсірген ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету үшін көтерме-тарату орталықтарының құрылысын жеделдету, сондай-ақ ғылыми жобалардың нәтижелерін аграрлық өндіріске енгізуді күшейту және басқа да шаралар.

Әдебиеттер тізімі

1. Токаев К.К. Послание Главы государства народу Казахстана, 1 сентября, 2020 года // <https://www.akorda.kz>. (07.04.2023).
2. Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении национального проекта по развитию агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021–2025 годы» от 12 октября 2021 года № 732.
3. Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Концепции развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021–2030 годы» от 30 декабря 2021 года № 960 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960> (06.04.2023).
4. Развитие агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017–2021 годы // <http://nasec.kz/ru/page/nauchnaya-deyatelnost>. (09.04.2023).
5. Шкарупа Е.А. Особенности привлечения инвестиций в сельское хозяйство: современное состояние и тенденции развития // Вестник Волгоградского государственного университета. – Серия 3, Экономика. Экология – 2011. – № 2(19). URL: <http://www.volsu.ru>.

Утегенов Н.М., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты

Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялауда жетілдіруге қажетті тұстары туралы

Аңдатпа:

Баршамызға қазіргі таңда әлемдік ауыл шаруашылығы нарығында қандай жаһандық өзгерістер болып жатқандығы белгілі. Жер бетіндегі адамдар саны уақыт өткен сайын артып келеді. Заңдылыққа сай адам саны артқан сайын азық-түлік, ауыл шаруашылығы

өнімдерін тұтынуға да сұраныс артатыны белгілі. Ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау тетіктерінің жетілдірілуі мемлекеттік саясатқа, ауылдың жандануы мен дамуына оң ықпалын тигізеді, азық-түлікпен қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді.

Соңғы жылдары еліміз бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы фермерлер саны артуда. Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2022 жылдың қорытындысында шаруа немесе фермер қожалықтары саны 248,6 мыңға жетіп, 7,4%-ға артқан.

Мақалада ауыл шаруашылығын дамытуға арналған «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы аясында мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру үшін субсидиялауға қабылданған қағидаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар берілген.

Ауыл шаруашылығын дамытудың инновациялық бағыттары мен кәсіпкерлікті дамытудың негізгі шарттары да кеңінен зерттелді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласын құру мен дамытудың стратегиялық бағыты аясында қызмет ету сфераларының ет пен ет өнімдері өндірісін құруға және дамытуға бағытталған кешенді іс-шараларға байланысты ұсынымдар келтірілді. Субсидияға қол жеткізіп отырған ауыл шаруашылығы құрылымдарының әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету бойынша кері байланысын бекіту туралы зерделенді.

Түйін сөздер: мал шаруашылығы, субсидиялау, азық-түлік қауіпсіздігі, инвестициялық салымдар, цифрлық платформа.

Kipicne

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жалпы әлемдік тәжірибе болып табылады және барлық елдерде қолданылады. Бұл ретте, көптеген өңірлердің басым бағыты әртүрлі экономикалық тетіктерді пайдалана отырып, өндірушілерді жан-жақты қолдау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Парламенті мәжілісінің VIII шақырылымының алғашқы отырысында ауыл шаруашылығы саласындағы реформаларға сапалы заңдар қажеттігін айтты. Ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай жасау мемлекет міндеттерінің бірі. Агроөнеркәсіп кешені азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады [1].

Ауыл шаруашылығы өндірісі экономиканың басқа салаларына қарағанда тиімділігі төмен болуына байланысты салынған капитал пайдасы аз және қайтарымы бірнеше жылға созылады. Демек, табысы төмен ауыл шаруашылығы мемлекеттік қолдаусыз салааралық бәсекеге тең дәрежеде қатыса алмайды [2].

Сондықтан бұл саланың шекті мерзімде дамуына тек қана мемлекеттік қолдау бағдарламалары ғана өз нәтижесін беріп келеді. Дегенмен осы қолдау құралдарын әлі де болса жетілдіру тұстары жетерлік. Елімізде ауыл шаруашылығы саласында өндіріс көлемі әлі де болса ақсап тұр.

Ауыл шаруашылығының екі негізгі саласының бірі – бұл мал шаруашылығы. Мал шаруашылығы мүйізді ірі қара малы (ет-сүт өндірісі), жылқы, түйе, қой және ешкі өсіру сияқты бағыттар бойынша дамып жатқан салалардың бірі.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы жалпы шығарылымының көлемі ҚР ЖІӨ-нің 5,1%-ын ғана құрайды. Мал шаруашылығының өнімі жыл сайын 3,5%-ға артып келеді (1-кесте).

1-кесте. ҚР Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы

	2020	2021	2022
Ауыл шаруашылығының жалпы өнім	6,33	7,51	8,77

шығарылымы, трлн, тг.			
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің (қызметтерінің) нақты көлемінің индексі, %-бен	105,7%	97,7%	108.5%
Мал шаруашылығының жалпы өнімі, трлн. тг.	2,63	3,11	3.21
Нақты көлем индексі, өткен жылға % - бен	103,1%	103,6%	103.5%

Ескерту: [қараңыз 3] негізінде жасақталған

Қазіргі уақытта мал шаруашылығы өнімдерін субсидиялауда әртүрлі цифрлық платформа, портал және сайттар бар (ИАС, Plem.kz, Gosagro.kz, Qoldau.kz). Субсидияға өтінім беруде уақыт өткен сайын жаңа форматта жасақталып қолданысқа енгізіліп жатқан порталдардың тиімділігіне шолу жүргізілді.

Зерттеу мақсаты – мал шаруашылығы өнімділігін арттыру үшін мемлекеттік қолдау шеңберінде қабылданған нормативтік-құқықтық актілердің тиімділігіне, субсидия алудың қолжетімділігіне теориялық шолу жүргізу. Фермерлерге бірінші қажеттіліктегі жайылымдарды суландыруға инвестициялық қаржыландыруды қалпына келтіретін тұстарын қайта қарауға ұсыныс беру.

Мал шаруашылығы өнімділігін арттыруда селекциялық және асылдандыру жұмыстары үшін төленетін субсидиялардың тиімділігін зерделеу, субсидиялаудың цифрлық платформаларымен, порталдарымен жұмыс кезіндегі жиі туындайтын мәселеге тоқталу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Агроөнеркәсіп кешенінде етті мал шаруашылығының өндірістік жүйесінің негізгі ресурстары: адам еңбегі, ауыл шаруашылығы өнімін жасау үшін пайдаланатын жер; тауар мен өнімнің өзіндік құнына кіретін шығындарды жабу үшін қажетті капитал болып табылады [2].

Біздің елімізде етті мал шаруашылығы саласын қалыптастыру мен дамытудың ұлттық тамыры бар, ол қазақ халқының негізгі кәсібі ежелден мал шаруашылығы болып табылатындығына негізделген. Мал жаюға арналған жайылымдық жерлер басым болатын кең жер аумақтары мал өсірушілерге ет өнімдерін өндіру нарықтарында жетекші орын алуға мүмкіндік береді [2].

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға бағытталған субсидиялау құралдарын зерттеу үшін қолданыстағы заңнамалар мен қабылданған қағидалар, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми ақпараттары және тағы басқа нормативтік-құқықтық актілер негізге алынды.

Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру үшін «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі №66 Заңы шеңберінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 (бұдан әрі – №108 бұйрық) және «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 23 шілдедегі №317 бұйрықтары (бұдан әрі – №317 бұйрық) қабылданды.


Зерттеу нәтижелері және талқылау. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудегі дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне шолу жасап көрсек. АҚШ аграрлық саясатының әдіснамасы мен нормативтік базасына кішігірім талдау жасайтын болсақ, оларда қаржыландырудың және тауар өндірушілердің кірістерін қолдау бойынша дамыған әдіс-тәсілдер бар екеніне көз жеткіземіз. Ауылшаруашылығы тәуекелдері мен шығындарын

сақтандыру; мал, жем-шөп, жабдық сатып алу бойынша қызметтерді сатып алуға сүйемелдеу; ауыл қауымдастықтарына тікелей несие беру, инфрақұрылымды дамыту қарастырылған. «Фермерлердің кірістерін тұрақтандыру» – маңызды ауылшаруашылығы бағдарламасы бойынша аграрлық секторды қаржыландыруға бюджеттің 30–50% бөлінеді. Елдің агроөнеркәсіптік кешенін қолдаудың тағы бір түрі – фермерлерге салық салуда жеңілдіктер қарастыру. Шағын фермерлердің пайдасының 75%-ын ауыл шаруашылығы саласынан табатын ірі шаруашылықтармен бәсекелесе алмауына байланысты оларға төленетін субсидияларды шектейді [4].

Халықаралық сарапшылардың мәліметтеріне сәйкес, соңғы уақытта Қазақстанның аграрлық секторының даму динамикасы жақсы көрсеткіштермен сипатталады. The Economist Impact журналының сараптау бөлімінің 19 желтоқсандағы басылымына сәйкес, 2022 жылы еліміз «Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі (GFSI) 2022» есебінде 113 елдің арасынан 32-орынды иеленіп, жалпы ұпай саны 72,1 болды. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,9 баллға артық. Ал 2021 жылы 69,2 баллмен 41 орында болған. Бұл жағдай елімізді Венгрия (71,8), Оңтүстік Корея (70,2), Ресей (69,1) және Түркия (65,3) елдерінің алдына шығуға мүмкіндік берді [5].

Агроөнеркәсіп кешенін қолдауға 2017–2021 жж. аралығында 2 трлн. теңгеге жуық қаражат немесе орташа есеппен ЖІӨ шығыстарының 0,5-0,7%-ы бөлінген, алайда алға ілгерілеушілік төмен деңгейде. Бөлінген қаражаттың 59%-ы (1 183 млрд. теңге) АӨК субъектілерін қаржылай қолдау түрінде, ал 23%-ы (461 млрд. теңге) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру түрінде мал шаруашылығын тікелей субсидиялауға бағытталған [6].

2-кесте. 2017–2021 жж. субсидиялау және кредит беру түріндегі қолдауға



бағытталған бюджет

Ескерту: [қараңыз 6] негізінде жасақталған

Алдағы уақыттағы 2023–2025 жж. үш жылдық бюджетті қаржыландыру бойынша жалпы оң болжамдарды атап өте отырып, «Ауыл шаруашылығы және онымен байланысты салалар» функционалдық тобында көзделген бюджет шығындарының болжамды көлемін біршама егжей-тегжейлі зерделеу нәтижесінде 2025 жылға қарай қаржыландыру шығындары көлемінің төмендеуі байқалады. Егер 2023 жылы 221 334,1 млн теңге бөлу жоспарланса, 2025 жылы қаржыландыру көлемі небәрі 202 059,7 млн теңгені құрайды немесе 10%-ға дерлік азайғаны байқалады [5,6].

Жалпы алғанда, ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыру үлесі республикалық бюджет шығынының 1%-ы шамасын ғана құрайды. Демек, қайтарымы ұзақ уақытты қажет етсе де ауыл шаруашылығы саласын, оның ішінде өндірісті дамытуға қаржылай қолдау деңгейін көтермесе, азайтпау керек.

2-кестеден көріп отырғанымыздай, аграрлық сектордағы бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру болжамы бойынша үш жылға орта есеппен 98,9 млрд. теңге бөлу жоспарланған [5,6].

3-кесте. Бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру көлемі, млрд. теңге

	Ауыл шаруашылығы саласы бойынша бюджеттік бағдарламалардың атаулары	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
001	Ауыл шаруашылығы және жерді пайдалану саласындағы жоспарлау, реттеу, басқару қызметтері	28,6	29,4	28,9
249	Мал шаруашылығын дамытуға, мал өнімдерін өндіру мен өткізу үшін жағдай жасау	32,2	33,7	33,9
250	Қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру	2,5	-	-
255	Өсімдік шаруашылығының өнімдерін өндіру мен өткізу үшін жағдай жасау	14,9	15,4	16,4
259	Жер ресурстары жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін арттыру	11,6	11,7	10,6
267	Білім мен ғылыми зерттеулерінің қолжетімділігін арттыру	8,3	9,4	9,4
	Барлығы	98,1	99,6	99,2

Ескерту: [қараңыз 7,8] негізінде жасақталған

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту негізінен отандық немесе шетелдік тұқымдардың асыл тұқымды малын сатып алу есебінен жүзеге асырылады. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидия төлеуге арналған №108 бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, бір реттік субсидия төлеу қарастырылған [4-кесте]. Дегенмен, ресми ақпаратқа сай, 2020 жылы селекциялық және асыл тұқымдық жұмыспен жалпы мал

басынан аналық МІҚ басының 38%-ы ғана, қолдан ұрықтандыру қызметтерімен небәрі 2,5%-ы ғана қамтылған [6].

Селекциялық және асылдандыру жұмыстарына қатысуға фермерлердің қызығушылық танытуының төмен деңгейде болуының негізгі себептерінің бірі ретінде төленетін субсидия көлемін келтіруге болады. Қағидаға сәйкес заңды тіркелген шаруа қожалығында тауарлық аналық басты түрлендіру үшін асыл тұқымды бұқа малын сатып алғанына бір реттік 150 мың теңге субсидия төленеді. Тауарлы мүйізді ірі қараның аналық басына селекциялық жұмыстарға қатысқаны үшін 10 мың теңге, асыл тұқымды мүйізді ірі қара малы үшін 15 мың теңге ғана төленеді [9]. Мысалы, бір асыл тұқымды бұқа малына жиырма бес бас тауарлы аналық сиырдан келетін болса, жылына бір рет төленетін субсидия екі жүз елу мың теңге [4-кесте].

4-кесте. Асылдандыру жұмыстары үшін төленетін субсидия көлемі

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:		
1.1.	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Бас/шағылыстыру маусымы	10 000
1.2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу:	Бас/шағылыстыру маусымы	150 000

Ескерту: [қараңыз 9] негізінде жасақталған

Мал шаруашылығы өнімін өндірушілерге төленетін субсидия көлемін арттыру арқылы мал басын асылдандыруға қызығушылықты арттыру да үлкен рөл атқарады. Тиісінше толық көлемде мемлекеттен субсидия алып отырған ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуде, азық-түлік бағасы тұрақтылығын сақтауда дербес жауапкершілігін нормативтік-құқықтық актілерде бекіту қажет. Яғни, жергілікті әкімдіктер арқылы субсидия алу көлеміне байланысты түрлі деңгейлерде өз міндеттемелерін орындауын қадағалауға болады.

Ауыл шаруашылығына салынған инвестициялық салымдардың бір бөлігін субсидиялау №317 бұйрық арқылы жүзеге асырылады. 2020 жылдың 1 тамызындағы енгізілген өзгерістерге дейін аталған қағиданың №4 паспортында аккумуляторлы батареясы, инверторы, контроллері бар, қуаты 2 квт-тан басталатын күн панельдері 2,5 млн теңгеге дейін, жел сорғысын (суды механикалық көтеру) 2,0 млн теңгеге дейін және жерасты суларының ащылығын тұщыландыратын құрылғының қондырғысын 4,0 млн теңгеге дейін 80%-ын субсидиялау қарастырылған болатын. Алайда, өзгеріске сәйкес барлығы алып тасталынды және барлық субсидиялау 50%-ға төмендеп кеткен [10]. Инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бағытында шаруагерлерге мемлекеттік қолдау бағытындағы жеңілдік қарастырылмаған. Жер асты суының көп бөлігі ащы болып келетін өңірге тұщыландырғыш

қондырғының қажеттілігі анық. Өйткені далалық құмды жерлерде жерасты суын пайдаланатын шаруагерлерге тұщыландырғыш қондырғыны сатып алу арзанға шықпайды.

5-кесте. № 4 «Жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету (құдықтар, ұңғымалар)» жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 50%			
№ р/с	Объектінің, техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Барынша рұқсат етілетін құн, теңге/өлшем бірлігі
1	Суат пунктiнiң құрылысы (төмендегілердің бірі):	кума метр	
1.1	шахталы құдық (құдық тереңдігіне қарамастан субсидиялауға арналған шекті тереңдік 20 метрден аспайды)		
1.2	құбырлы құдық (ұңғыма) (құдық тереңдігіне қарамастан субсидиялауға арналған шекті тереңдік 50 метрден;		
	аридтік аймақтар үшін 375 метрден аспайды		70 000
2	Электр станциясы (бензинді немесе дизелдік генератор)	бірлік	400 000
3	Су көтеретін сорғы		200 000

Ескерту: [қараңыз 10] негізінде жасақталған

Мал шаруашылығын субсидиялауда іске қосылған цифрлық платформалар мен порталдар әртүрлі бағытта жұмыс жасайды. Мысалы, ИАС ақпараттық-аналитикалық жүйесі арқылы төрт түлік мал басына түгендеу жұмыстарын жүргізе отырып, оған бекітілген Plem.kz порталымен субсидияға өтініш жолданады. ИАС жүйесін пайдаланғаны үшін жыл сайын белгіленген мөлшерде абоненттік төлемі бар, ал plem.kz порталы тегін қолданылады. Аталған жүйемен негізінен селекциялық жұмыстар үшін, мал азығына кеткен шығындарды өтеу, мал шаруашылығы өнімін өндіруге бағытталған субсидиялар төленеді. Инвестициялық шығындардың бір бөлігін субсидиялауға қолдану үшін Qoldau.kz порталы жасақталған. Жоба күйінде іске қосылған кезде порталға қатысты фермерлер қатарынан көптеген шағымдар болған. Кейіннен кемшіліктер түзетіліп қалыпты жұмыс жасай бастағанда, биылғы жылдан бастап жаңадан Gosagro.kz платформасы іске қосылды. Әдеттегідей, платформа іске қосылған уақытта көптеген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қолжетімсіздігінен, платформаның толыққанды жасақталмауынан шағымдар түсе бастады.

Жоғарыдағыларды ескере отырып, мал шаруашылығымен айналысып жүрген фермерлерге жыл сайын жаңа субсидиялау жүйесін енгізіп, оларға қиындық туғыза бергеннен гөрі ресми бір жүйе қалыптастыру керек. Мысалы, барлығымыз қолданатын Egov.kz порталы арқылы қолжетімді етіп жасақтаса, өтінім беруші тарапынан қолайлы болады. Себебі, әр аудан орталығында Халыққа қызмет көрсету орталығы, әр ауылдық округ әкімдіктерінде өзіне-өзі қызмет көрсетуші бұрыштары бар. Осы орындар арқылы фермерлер өздері, болмаса кеңесшілер арқылы субсидияға өтінім бере алады.

Қорытынды

1. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіру инновациялық процестердің дамуына, мал басының көбеюіне, өнім көлемі мен өндіріс орындарының артуына, қалыпты жұмыс жасауына ықпал етеді.

2. Субсидиялау жүйелерін бір ретке келтіру арқылы фермерлер тарапынан моральдық түсінбеушілік туындамауына, қосымша жүктеме болмауына септігін тигізеді.

3. Мал шаруашылығына төленетін субсидиялар көлемін арттыру арқылы фермерлердің азық-түлік қауіпсіздігін сақтауда жауапкершілігін бекітіп, жергілікті өңірлерде атқарушы орган өкілдері арқылы орындалуын қадағалау тетіктерін жасақтауға болады.

4. Мал шаруашылығы бағытындағы инвестициялық субсидиялардың өз деңгейінде жүргізілуі өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне әсерін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі. 2022. – URL: [http:// www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

2. Қазақстан Республикасының етті мал шаруашылығындағы өнімділікті арттыруға арналған мемлекеттік субсидиялар: іске асыру құралдары / К.М.Маденова, Ф.А.Шуленбаева, Г.А.Асанова // Проблемы агрорынка – 2023. - №1

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. 2023. – URL: Динамикалық кестелер (stat.gov.kz)

4. Агроөнеркәсіпті реттеудің әлемдік тәжірибесі және оны Қазақстан Республикасында пайдалану / Уалиева Б.Б. / <https://cyberleninka.ru/article/n/mirovoy-opyt-regulirovaniya-apk-i-ego-ispolzovanie-v-respublike-kazahstan>

5. Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі шындықтары мен үрдістері / А.К.Адильбаева, Қ.Р.Қасен, А.Дүйсенбекұлы // Проблемы агрорынка – 2023. - №1

6. «2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын оның шығыстарының негізгі бағыттары бойынша бағалау жөніндегі қорытынды. 2021. – URL: https://www.gov.kz/uploads/2021/9/17/24150da37d7b246f2dc54a5d65a0605b_original.4235057.pdf

7. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын үшжылдық бюджеттік қаржыландыру параметрлерін бағалау / Б.С.Утибаев // Проблемы агрорынка – 2023. - №1.

8. Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 1 желтоқсандағы «2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» № 163-МШШ ҚРЗ Заңы. 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000163>

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» №108 бұйрығы. 2022. – URL: [http:// adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)

10. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 23 шілдедегі «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» № 317 бұйрығы. 2022. – URL: [http:// adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)

Хатепова Н.С., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты

Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің негізі – азық-түліктің физикалық қолжетімділігі

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы азық-түліктің физикалық қолжетімділігінің деңгейі қарастырылады.

Азық-түлік қолжетімділігі мемлекеттің тұрақтылығының негізгі факторы болып табылады. Ол саяси, демографиялық, экономикалық әлеуметтік, мәдени және зияткерлік даму функциялары мен мүмкіндіктерін жүзеге асыра отырып, адамның және жалпы қоғамның қажетті материалдық шарты ретінде қызмет етеді.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті аспектілері болып республикалық және өңірлік деңгейлерде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемаларын тұрақты талдау табылады.

Азық-түліктің физикалық қолжетімділігі деңгейін тұрақты түрде назарда ұстау ішкі нарықта тағам өнімдерінің тапшылығының, жекелеген өңірлерге азық-түлікті жеткізудегі үзілістер мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасының күрт өсуінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, азық-түліктің физикалық қолжетімділігі, азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету, азық-түлік тәуелсіздігі.

Кіріспе

Жаңа геосаяси жағдайларда Қазақстан үшін аса маңызды стратегиялық міндет – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Ұлттық қауіпсіздік адамның, қоғамның және мемлекеттің ішкі және сыртқы қатерлерден қорғалуының жай-күйі болып табылады, ол азаматтардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын, өмір сүру сапасы мен деңгейін, егемендігін, аумақтық тұтастығын және Қазақстан Республикасының орнықты дамуын, мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін айқындайды.

Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі бөлшегінің бірі – азық-түлік қауіпсіздігі болып табылады.

Жаһандану жағдайында азық-түлік жүйесінің мақсаты қолайлы экономикалық жағдайлар жасау және тиісті ресурстарды тарту арқылы халықты азық-түлік тауарларымен, олардың ассортиментімен және сапасымен қамтамасыз ету болып табылады.

Материалдар мен тәсілдер. Бұл мақалада ресми статистикалық деректер пайдаланылды. Сонымен қатар, қолданыстағы заңнаманы зерделеудің сапалық әдісі, талдау, салыстыру, кестелерді құрудың аналитикалық әдісі, зерттелетін объектіні сипаттау және т.б. тәсілдер қолданылды.

Нәтижелер. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, азық-түлік тауарларының негізгі түрлері бойынша ішкі нарықтың отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуі 80% және одан да көп пайызды құрайды.

Сонымен бірге алты тауарлық позиция бойынша импортқа тәуелділік, ұсақ және орта өндірушілердің өткізу тізбегіне тартылудың әлсіздігі, олардың ұсақ тауарлығы мен өнім жеткізудегі тұрақсыздығына байланысты орта және ұсақ фермерлер үшін сауда объектілеріне қол жеткізудің қиындығы сақталуда [1].

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азық-түлік қауіпсіздігінің мәні заңнамалық деңгейде «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңында (бұдан әрі – Заң) бекітілген.

Осылайша, Заңға сәйкес, мемлекет тұтынудың және демографиялық өсудің физиологиялық нормаларын қанағаттандыру үшін жеткілікті болатын сапалы және қауіпсіз азық-түлік тауарларына халықтың нақты және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз

ете алатын экономиканың, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің қорғалу жай-күйін көздейтін азық-түлік қауіпсіздігі деп атайды [2].

Бұл ретте, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес, азық-түлік тауарларына нақты (физикалық) қолжетімділік – республиканың барлық аумағында азық-түлік тауарларының кез келген уақытта және халықтың қажеттілігін қанағаттандыру үшін жеткілікті көлемде болуы [3].

Қазақстан заңнамасы физикалық қолжетімділік критерийлерін белгілемейді. Дегенмен, оны «кез келген уақытта және халықтың қажеттілігін қанағаттандыру үшін жеткілікті көлемде» критерийі бойынша бағалауға болады.

Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейін есептеу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 184 бұйрығымен бекітілген, Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады. Оған сәйкес, азық-түлік тауарларының түрлері бойынша азық-түлік тәуелсіздігі, егер олардың елдегі жылдық өндірісі ішкі тұтынудың кемінде сексен пайызын құраса, қамтамасыз етілген болып саналады [4].

Есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 қаулысымен бекітілген, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар тізбесін қоса отырып [5], халықтың негізгі ең көп тұтынатын азық-түлік тауарлар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Азық түлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейі отандық өндіріс көлемінің ішкі тұтыну көлеміне қатынасына тең:

$$\text{АТҚД} = \frac{\Theta_k}{\text{Ітк}} * 100\%$$

мұнда:

Өк – азық-түлік тауарлары өндірісінің көлемі, тонна

Ітк – азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлемі, тонна.

Азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлемі елдің отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуін, импортқа тәуелділік деңгейін көрсетеді және келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{НІТ} = \Theta_k + \text{Ик} - \text{Эк}$$

мұнда:

Өк – азық-түлік тауарлары өндірісінің көлемі, тонна

Ик – азық-түлік тауарлары импортының көлемі, тонна

Эк – азық-түлік тауарлары экспортының көлемі, тонна.

Азық-түлік тауарлары импортының үлесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{АТИҮ} = \frac{\text{Ик}}{\text{НІТ}} * 100\%$$

мұнда:

Ик – азық-түлік тауарлары импортының көлемі, тонна

НІТ – азық-түлік тауарларының нақты тұтынуы, тонна [4].

1-кесте. 2022 жыл қорытындысы бойынша негізгі азық-түлік тауарлары түрлермен қамтамасыз ету жөніндегі ақпарат

OPEN GOVERNMENT AND THE NEW CULTURE OF ADMINISTRATION:
HEAR, UNDERSTAND, ACT

№	Атауы	Өндірілуі , тонна	Экспорт* , тонна	Импорт* , тонна	Тұтыну , тонна	Ішкі тұтытудағы импорттың көлемі, %	Отандық өндіріс есебінен қамтамасыз ету, %
1	Картоп	4 080 469	242 321,7	48 655,0	3 932 996,0	1,2	104
2	Сәбіз	621 400	3 920,5	45 366,8	687 931,0	6,6	90
3	Пияз	1 114 487	178 573,5	196 398,4	1 192 338,0	16,5	93
4	Қырыққабат	551 450,0	8 898,8	101 944,2	644 495,4	15,8	86
5	Қызылша	193 375,1	1 510,2	28 204,2	220 069,1	12,8	88
6	Бұрыш	321 194,0	2 147,4	31 602,9	350 649,5	9,0	92
7	Қызанақ	909 087,0	17 474,3	68 281,2	859 596,0	7,9	106
8	Қияр	637 294,0	4 650,5	14 087,5	646 731,0	2,2	99
9	Бидай ұны	3 318 172	1 935 566,7	26 137,5	1 408 742,8	1,9	236
10	Нан	518 626,0	0,0	0,0	518 626,0	0,0	100
11	Күріш	223 935,0	108 492,2	10 973,7	126 416,5	8,7	177
12	Макарон	166 101,0	63 644,4	33 003,0	135 459,6	24,4	123
13	Қарақұмық жармасы	31 000,0	5 112,9	2 020,3	27 907,5	7,2	111
14	Күнбағыс майы	537 149,0	235 957,1	99 684,6	400 876,6	24,9	134
15	Сүт	573 323,0	13 750,8	26 060,2	585 632,4	4,4	98
16	Ашытылған сүт өнімдері	230 132,0	12 685,0	42 089,1	259 536,0	16,2	89
17	Сары май	24 850,0	3 819,4	7 815,7	28 846,3	27,1	86
18	Қой еті	155 670,0	10 359,9	0,3	145 310,4	0,0	107
19	Жылқы еті	157 189,5	0,0	3 626,4	160 815,9	2,3	98
20	Сиыр еті	533 248,5	18 325,2	6 593,6	521 517,0	1,3	102
21	Шошқа еті	78 279,0	0,0	7 786,5	86 065,5	9,0	91
22	Тауық жұмыртқасы, дана	5 027 085	191 400,0	146 662,7	4 982 348,3	2,9	101
23	Тұз	222 656,0	33 237,5	160 155,0	349	45,8	100

					573,5		
24	Құс еті	293 172,3	14 677,6	153 136,0	431 630,6	35,5	67,9
25	Балық	47 495,0	23 837,1	40 547,6	64 205,5	63,2	74,0
26	Алма	267 928,4	3 631,0	90 040,0	354 337,4	25,4	75,6
27	Ірімшіктер мен сүзбе	36 773,0	2 690,5	34 932,1	69 014,6	50,6	53
28	Шұжық өнімдері	65 787,0	170,7	42 155,9	107 772,2	39,1	61,0
29	Қант	282 894	63,9	272 906,0	555 736,1	49,1	50,9

Ескерту - автор [6], [7] дереккөздер негізінде құрастырған

Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейін есептеу нәтижесі ішкі нарық отандық өндіріс есебінен азық-түлік тауарларының негізгі түрлерімен 80 % және одан да көп пайыз қамтамасыз етілгенін көрсетеді.


Бүгінгі таңда отандық өндіріс есебінен азық-түлік тауарларының негізгі 29 түрі бойынша ішкі нарықтың қамтамасыз етілуі 80 пайыздан жоғары көлемді құрайды.

Оның ішінде 11 тауар позициясы (нан, макарон, сүт, картоп, қияр, күріш, қой еті, тауық жұмыртқасы, бидай ұны, қарақұмық жармасы, тұз) бойынша ішкі нарық 100% және одан да көп пайызбен, ал 12 азық-түлік тауарлары (қызанақ, сәбіз, қырыққабат, пияз, бұрыш, асхана қызылшасы, сиыр еті, жылқы еті, шошқа еті, ашытылған сүт өнімдері, май, күнбағыс майы) бойынша 80% және одан да көп қамтамасыз етілген.

Жеке тауарлар бойынша ішкі нарықта импортқа тәуелділік бар, олар алма, құс еті, шұжық өнімдері, ірімшіктер мен сүзбе, қант, балық.

Физикалық қолжетімділік деңгейіне тікелей әсер ететін негізгі факторлардың бірі азық-түлік тауарларын өндіру болып табылады. Төменде 2021 және 2022 жылдары азық-түлікті өндіру көлемі көрсетілген.

1-диаграмма. 2021–2022 жылдары тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі ақпарат



Ескерту - автор [6] дереккөз негізінде құрастырған

Жоғарыда диаграммада көрсетілгендей, 2021 жылы қайта өңделген тамақ өнімдерінің өндірісі 5 558,3 мың тоннаны құраса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 6 143,1 мың тонна болды, яғни жылдық өсім 10%-ды құрады.

Қаржылық көрсетілімде 2021 жылы бұл көрсеткіш 2 216,7 млрд. теңгені, ал 2022 жылы 2 914,4 млрд. теңгені құрады, яғни бір жылда аталған көрсеткіш 31%-ға артқан.

2-кесте. 2020–2022 жылдары отандық өндірістің азық-түлік тауарларын өндіру көлемі жөніндегі ақпарат

	Атауы	Өндіріс көлемі, тонна			+/-, %	Қамтамасыз ету деңгейі, %			+/-
		2020	2021	2022		2020	2021	2022	
	Картоп	4 006 780,4	4 031 582	4 080 469	2	109	103	104	-5
	Сәбіз	643 873,7	624 556	621 400	-3	96	92	90	-6
	Пияз	993 491,9	1 059 600	1 114 487	12	90	89	93	3
	Қырыққабат	566 160,5	557 049	551 450	-3	94	89	86	-8
	Қызылша	170 688,7	193 531	193 375	13	91	93	88	-3
	Бұрыш	227 547,7	236 852	321 194	41	94	94	92	-2
	Қызанақ	933 391,1	943 398	909 087	-3	97	97	106	9
	Қияр	639 014,6	709 882	637 294	0	100	100	99	-1
	Бидай ұны	3 322 600	3 093 527	3 318 172	0	209	186	236	27
0	Нан	614 235	527 163	518 626	-16	100	100	100	0
1	Күріш	199 412	210 686	223 935	12	188	220	177	-11
2	Макарон	178 871	159 760	166 101	-7	117	124	123	6
3	Қарақұмық жармасы	27 505	31 001	31 000	13	113	112	111	-2
4	Күнбағыс майы	323 218	331 128	537 149	66	109	99	134	25
5	Сүт	598 528	611 047	573 323	-4	102	101	98	-4
6	Ашытылған сүт өнімдері	221 735	232 170	230 132	4	89	89	89	0
7	Сары май	24 626	27 176	24 850	1	81	98	86	5
8	Қой еті	152 856,7	175 510	155 670	2	101	101	107	6
9	Жылқы еті	142 943,1	151 199	157 190	10	99	98	98	-1
0	Сыыр еті	521 387,4	540 216	533 249	2	97	98	102	5
1	Шошқа еті	87 399,7	83 745	78 279	-10	96	93	91	-5
2	Тауық жұмыртқасы, дана	5 047 832,1	4 814 669	5 027 086	0	101	101	101	0
	Тұз	258 456	222 656	222 656	-14	100	100	100	0

3									
4	Құс еті	235 269	272 606	293 172	25	58	65	68	10
5	Балық	61 024,0	40 289	47 495	-22	75	66	74	-1
6	Алма	259 127,9	262 809	267 928	3	73	74	76	3
7	Ірімшіктер мен сүзбе	32 603	36 963	36 773	13	51	56	53	2
8	Шұжық өнімдері	58 741	60 736	65 787	12	61	56	61	0
9	Қант	175 232	226 791	282 894	61	31	43	51	20

Ескерту - автор [6], [7] дереккөздер негізінде құрастырған

2-кестеден азық-түлік тауарлары бойынша соңғы үш жылда өндіріс көлемінің ұлғаюы байқалады, үш тауар позициясы бойынша (қияр, бидай ұны, тауық жұмыртқасы) өндіріс деңгейі өзгермеген.

9 азық-түлік тауарлары бойынша өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады, олар: сәбіз, қырыққабат, қызанақ, нан, макарон өнімдері, сүт, шошқа еті, тұз, балық.

Ішкі нарықты қамтамасыз ету деңгейіне келетін болсақ, 12 тауар бойынша (картоп, сәбіз, қырыққабат, қызылша, бұрыш, қияр, күріш, қарақұмық, сүт, жылқы еті, шошқа еті, балық) теріс үрдіс байқалады.

Нан, сүт өнімдері, жұмыртқа, тұз және шұжықтар бойынша қамтамасыз ету деңгейі бұрынғы деңгейде қалып отыр.

12 тауар позициясы бойынша қамтамасыз етудің өсуі байқалады.

Сонымен, сәбіз, қырыққабат, сүт, шошқа еті және балық бойынша қамтамасыз ету деңгейінің төмендеуі олардың өндірісі көлемнің азаюымен байланысты деп болжауға болады.

Сонымен қатар, жоғарыда келтірілген есептеулер ішкі нарықты қамтамасыз ету деңгейінің төмендеуі әрқашан тауар өндірісінің көлемінің төмендеуіне байланысты емес екенін көрсетеді.

Мысалы, картоптың жалпы түсімінің 2%-ға артуы кезінде қамтамасыз ету 5%-ға қысқарды, қызылша түсімінің 13%-ға ұлғаюына қарамастан, қамтамасыз ету 3%-ға, бұрыш өндірісінің 41%-ға артуына қарамастан, қамтамасыз ету деңгейі 2%-ға азайған.

Осылайша, ішкі нарықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету деңгейіне басқа көрсеткіштер де әсер етеді деген қорытынды жасауға болады.

Талқылау және қорытынды. Деректерді талдау нәтижесі Қазақстан кейбір азық-түлік өнімдері бойынша олардың қауіпсіздігінің шекті мәніне әлі жетпегенін көрсетті.

Бұл мәселені шешу үшін келесі шараларды қабылдау қажет:

- ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі мен өнімділігі, оның ішінде өңдеу өнеркәсібін дамыту;
- отандық тауар өндірушілерге берілетін мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру;
- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тауарларға, қызметтерге және несиелік құралдарға қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ішкі тұтытудағы импорт үлесін азайту бойынша шаралар қабылдау;
- сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жемістер мен көкөністерді сақтайтын жаңа заманауи қоймаларды құру.

Әдебиеттер тізімі

1. «Сейфуллин оқулары – 16: Жана формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.І, Ч.2 – С.8-12;
2. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы // zan.kz/ – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000527>;
3. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы // zan.kz/ – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000066> ;
4. «Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 184 бұйрығы;
5. «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 қаулысы // zan.kz/ – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P100000145> ;
6. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының: «Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы түсімі» <https://new.stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/publications/5099/>, «Республикадағы мал шаруашылығын дамытудың негізгі көрсеткіштері» <https://new.stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/publications/8573/>, «Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері» <https://new.stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-industrial-production/publications/5153/> статистикалық бюллетеньдегі // stat.gov.kz;
7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің «Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының 4 және 6 белгі деңгейдегі «тауар-ел» бірлігіндегі экспорты мен импорты» электрондық кесте түріндегі статистикалық мәліметтері https://kgd.gov.kz/ru/exp_trade_files // kgd.gov.kz.

СТРАТЕГИЧЕСКИЙ HR НА ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЕ

Аманбай Ж., магистрант Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан

Актуальные проблемы системы оценки государственных служащих в Казахстане

Аннотация. Проблема результативности деятельности государственных служащих на сегодняшний день стоит весьма остро. Ее актуальность состоит в том, что качество работы государственных служащих определяет эффективность функционирования государства в целом. Требуется незамедлительное реагирование и выявление прогрессивной методики в сфере государственного планирования во взаимосвязи с видоизменениями и осложнениями социально-экономической ситуации в Республике. Необходимо уже применять меры по воздействию на работу служащих государственных структур, которые поспособствуют увеличению результативности работы этих служащих. Для урегулирования трудностей функционирования и регулирования государственной подсистемы необходимо своевременное выявление отклонений в системе оценки и управления работниками. Прежде чем предлагать пути решения по увеличению эффективности работы работников государственных служащих, необходимо изучить и выявить сами проблемы по оценке управления и возможно стимулирования государственных служащих.

Ключевые слова: государственные служащие, оценка, проблемы, эффективность, компетенция, этика

Введение

Одним из основных условий стабильной деятельности государства является обеспечение результативности работы государственного аппарата, определяемой через эффективную систему ее оценки. Современные условия построения новой системы государственного управления в Казахстане ставят перед нами новые задачи по совершенствованию действующей модели оценки деятельности госслужащих и внедрения новых технологий в соответствии с новыми реалиями.

В «Стратегии – 2025» определены цели по формированию системы служебной аттестации государственных служащих и повышению качества предоставления государственных услуг.[1]

Актуальность рассматриваемой нами в данной статье темы заключается в необходимости научно-теоретического осмысления системы оценки казахстанских госслужащих, изучения практических аспектов в контексте передового зарубежного опыта и анализа возможных путей его адаптации в условиях Казахстана.

Система оценки деятельности государственного аппарата и его сотрудников имеет прямую зависимость от социально-экономических условий и общеполитической обстановки. Рассмотрение опыта зарубежных стран позволило нам сделать выводы о том, что в этом направлении были предприняты конкретные меры. В частности, в Соединенных Штатах Америки и странах-членах Европейского союза уделяется большое внимание проблеме эффективной работы государственных служащих. Известно, что в этих странах внедрены методы и используются инструменты, оказывающие положительное влияние на эффективность работы государственных служащих.

Целью данного исследования мы определили выявление ключевых проблем в оценке государственных служащих Казахстана и выработку предложений по улучшению работы в этой сфере. Для достижения цели нами определен ряд задач:

- провести анализ нормативной правовой основы системы деятельности госслужащих,
- проанализировать действующую систему оценки государственных служащих;
- определить ключевые проблемы в системе оценки государственных служащих;
- выработать рекомендации по повышению эффективности оценки государственных служащих.

Материалы и методы

В статье использовалась информация из открытых источников, материалов, размещенных на официальных интернет-сайтах государственных органов, труды и публикации отечественных и зарубежных ученых, статистические данные. Источником анализа стали государственные программные документы, законодательные акты, связанные с деятельностью и регулированием работы государственных служащих, официальные новостные источники. В процессе исследования применены общенаучные методы исследования, а также причинно-следственного и сравнительного анализа данных, структурирование обработанной информации.

Результаты (классификация)

В ходе написания данной статьи были изучены материалы о политических и социально-экономических процессах в казахстанском обществе, правовые акты, изучены и обобщены данные о системе оценки государственных служащих Республики Казахстан.

Нами определено, что эффективность всего госуправления определяется повышением качества жизни населения и является важнейшим условием стабильного и устойчивого развития государства.

Принципы функционирования государственного аппарата должны быть ориентированы на высокий профессионализм и ответственность, честность и порядочность, государственных служащих.

Обсуждение и выводы

В настоящее время в Казахстане реализуется пакет реформ, инициированный Президентом Республики Казахстан К.-Ж.Токаевым.

Построение новой модели государственного управления основано на расширении политического диалога государства и общества с внедрением системы «Слышащего государства». Среди актуальных вопросов на повестке дня стоят вопросы создания равных возможностей для всех граждан в реализации своих прав и свобод, обеспечения благоприятных условий для ведения бизнеса, реформирования судебной системы, активизации партийно-политического поля, развития институтов гражданского общества.

Важным событием стало создание в середине 2019 года Национального совета общественного доверия, обеспечившем более тесное вовлечение граждан в управление на уровне принятия решений.

Первые реформы государственной службы были реализованы в 2003 году, когда Казахстан перешел на конкурсно-карьерную модель государственной службы. Далее в 2005 году были созданы дисциплинарные советы Агентства по борьбе с коррупцией во всех областях и крупных городах республики, в 2008 году внедрена рейтинговая система оценки государственных органов, все госорганы перешли на разработку стратегических планов своей деятельности на ближайшие 3 года.

В стратегическом плане развития Республики Казахстан на период до 2025 года отмечается, что реформа государственной службы будет направлена на ее профессионализацию путем создания эффективной системы отбора кадров для государственной службы и совершенствования системы подготовки государственных служащих [2]

На сегодняшний день деятельность по оценке государственных служащих регулируется следующими нормативно-правовыми документами:

- Закон Республики Казахстан «О государственной службе Казахстана» от 23 ноября 2015 года № 416-V [4];

- Приказ Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 16 января 2018 года № 13 «О некоторых вопросах оценки деятельности административных государственных служащих» [5];

- Постановление Правительства Республики Казахстан от 13 сентября 2022 года №678, о внесении изменения в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 ноября 2017 года №755 «О некоторых вопросах прикомандирования государственных служащих и персонала дипломатической службы» [6];

Различные аспекты формирования эффективной системы государственной службы изучались на уровне права, социологии, политологии и других областей социальных и общественных наук. Работа таких ученых и практиков оказала значительную помощь в изучении становления государственного механизма в Казахстане и в совершенствовании его деятельности.

Эффективность системы государственного управления в становлении «Нового Казахстана» связана с улучшением качества жизни прежде всего народа. Работу государственного аппарата можно считать эффективной, если он успешно решает проблему оптимальной защиты интересов государства и общества, социальных групп и каждого человека.

Поэтому, особенно актуальной проблемой, на современном этапе совершенствования государственного управления Казахстана, является разработка методологии эффективной системы управления персоналом в государственном управлении. Так как именно государственные служащие реализуют все реформы и государственные программы в рамках своих компетенций, знаний, умений и навыков..

Эффективность деятельности государственных служащих основывается на компетенциях работника, которые подтверждаются успешностью сотрудника в исполнении назначенных задач и достижении положительного общественного результата, а также балансом затрат на выполнение установленных задач, с затратами на выполнение определенных задач, результаты, приобретенные в результате деятельности.

На сегодня предпосылкой для действенного становления государственного аппарата «Нового Казахстана» необходимо взрастить абсолютно уникальный тип государственного служащего, который отличается не только высокопрофессиональными навыками, но и высокими морально-этическими качествами, организационной культурой, его преданностью интересам государства и его толерантностью к совершению противоправных действий.

Также необходимо обозначить такой индикатор результативности государственных служащих, как доверие населения. Это связано с тем, что общественное доверие рассматривается одним из значимых аспектов демократии.

В соответствии с Законом «О государственной службе Казахстана» аттестация государственных служащих проводится с целью определения их профпригодности для замещаемой должности гражданской службы, проводится специальная оценка, созданная Аттестационной комиссией, на которой определяется уровень профессиональных знаний и навыков, опыт, стаж и качество работы, результативность высокопрофессиональной деятельности.

Главным законодательным юридическим актом, регламентирующим весь механизм проверки, является приказ Руководителя Администрации Президента Республики Казахстан «Об утверждении Правил и условий проведения аттестации гражданских служащих подведомственных государственных учреждений Администрации Президента Республики Казахстан» [7], в котором отмечается, что ко всем работникам используется целостный подход.

Мотивационная сетка включает в себя все основные стимулы для государственного служащего и, чередуя их по определенному алгоритму, делает процесс мотивации непрерывным, что очень важно, поскольку прерывание мотивации приводит к нулевому увеличению трудовых доходов. Поэтому для эффективного карьерного роста

государственного служащего и получения увеличения трудового дохода очень важно обеспечить своевременное и опережающее продвижение по карьерной лестнице, которое, как правило, составляет 4-5 лет, за которые работник проходит адаптационные периоды, рост трудовых доходов.

Мотивация в данном случае заключается также в стимулировании профессионального развития:

- вспомогательное образование с поддержанием замещенной должности и вложений на период обучения (высшее профессиональное образование, бакалавр, магистр, аспирант, докторант, кандидат наук и т.д);

- поддержание престижа и уважения (структура присвоения наград), которая работает по конкретному механизму и росту, что приводит к карьерному росту, но не к высокой должности (следующего уровня), а к высококвалифицированной репутации, профессионализму и уважению коллег.

Также наблюдается трудность в отсутствии целостной концепции оценки работы общегосударственных служащих. Ведомственная проверка работников государственных структур предусматривает методический алгоритм обоснования высокоэффективных параметров результативности, позволяющий в соответствии с их компетенцией получать существенную информацию для вынесения новых управленческих решений в процессе разработки задач и целей общегосударственного правопорядка.

Современная оценка результативности работы госслужащих должна содержать следующие атрибуты:

1. вычислить определённые нормативы результативности работы для должности каждого госслужащего, а также зафиксировать определённые параметры оценки результативности в правилах служебной деятельности работников;

2. выработать формальности оценки результативности, такие как процессы и способы оценки;

3. непосредственная характеристика результативности методов;

4. непосредственное рассмотрение показателей оценки с работником;

5. итоги оценки должны быть оценены и запротоколированы.

Данные элементы оценки играют значимую роль в увеличении результативности работы служащих государственных структур, поскольку от показателей оценки зависят такие показатели, как размер и характер льгот, оплата труда и др.

Итоги оценки также обуславливаются при перераспределении трудовой загруженности между служащими в госструктуре институционального подразделения государственных органов. Классификация оценок зависит не только от управленческих технологий, но и от регулярности проверок.

Предложение по стратегии в области контроля и управления оценкой государственных служащих обеспечивают стратегический и всеобъемлющий подход к оценке проблем и возможностей стран в области эффективной деятельности госструктур и созданию более эффективных систем. Необходим опыт сотрудничества со странами в разработке мер политики, адаптированных к конкретным вызовам и потребностям каждой страны в области оценки. Основой данного подхода является стратегия в области оценки.

Необходимо построение и принятие подхода по развитию системы оценки государственного управления, в частности госслужащих, используя межведомственную проектную группу для поддержки общегосударственного подхода к политике в области эффективного управления, регулирования и контроля, привлекая широкий круг заинтересованных сторон.

Подводя итоги, следует подчеркнуть, что для увеличения показателей результативности государственных работников необходимы издержки на разработку внедряемых способов, но эти издержки не должны превосходить вероятные выгоды для общества и государства с учетом дефолтов (кризисов) и нынешнего состояния страны.

Следует также отметить, что аттестация госслужащих, обозначение путей увеличения результативности рассматривается актуальной задачей для любого государства.

Проанализировать результативность государственного администрирования сложно, поскольку итоги выявляются в материальных и нематериальных критериях, а издержки, связанные с их реализацией, носят чисто вещественный характер.

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан народу страны от 1 сентября 2022 года – «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество»// Электронный ресурс: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>

2. Послание Президента Республики Казахстан народу страны от 14 декабря 2012 года – «Новый политический курс состоявшегося государства» Стратегия «Казахстан-2050» от 14 декабря 2012 года. Электронный ресурс: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-14-dekabrya-2012-g

3. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года, утверждённый Указом Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года № 636. // Электронный ресурс: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636>

4. Закон Республики Казахстан «О государственной службе Казахстана» от 23 ноября 2015 года № 416-V, (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.09.2022 г.) Электронный ресурс: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>

5. Приказ Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 16 января 2018 года № 13. «О некоторых вопросах оценки деятельности административных государственных служащих». // Электронный ресурс: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800016299>

6. Постановление Правительства Республики Казахстан от 13 сентября 2022 года №678, «О некоторых вопросах прикомандирования государственных служащих и персонала дипломатической службы». <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000755>

7. Приказ Руководителя Администрации Президента Республики Казахстан от 22 мая 2020 года № 20-01-38.20, «Об утверждении Правил и условий проведения аттестации гражданских служащих подведомственных государственных учреждений Администрации Президента Республики Казахстан». // Электронный ресурс: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020805>

Ахметжанова Н.Ж., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметке іріктеудің ерекшеліктері

Андатпа. Мемлекеттік аппаратта жоғары стандарттарға сәйкес келетін құзыреттер мен кадр әлеуетінің болуы мемлекеттік басқаруды сервистік бағдарланған модельге трансформациялаудың негізгі шарты болып табылса, мемлекеттік аппараттың тиімді қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметшілерді іріктеу бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Мақалада мемлекеттік қызмет жүйесінің тиімділігін жоғарылатуда мемлекеттік қызметтің іріктеу жүйесі талданды. Автормен мемлекеттік қызмет жүйесіндегі 3 сатылы іріктеудің өзекті мәселелері сараланып, бірқатар проблемалары айқындалды. Рекрутинг саласындағы қолданылатын цифрлық технологиялар және іріктеу кезінде үміткерлерді бағалау мүмкіндіктері туралы мәліметтер келтірілген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметке іріктеуді жетілдіруге бағытталған жұмыстары зерттелді.

Түйін сөздер: мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметке іріктеу, персоналды басқару, іріктеудегі жаңа технологиялар.

Өзектілігі: Қазіргі кездегі жоғары жылдамдықпен дамудағы қоғамдық үдерістерді ескерсек, әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайдың құбылмалылығы мен белгісіздігінің жоғарылау кезеңіміз. Осы кезеңде, мемлекеттік басқаруды ұтымды жүзеге асыратын және басқару барысында жеке жауапкершілікті сезінетін, шешім қабылдап, нақты қалыптасатын проблемаларды шеше алатын құзыреттері бар мемлекеттік қызметшілер қажет.

Осы тұста, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмасына сәйкес, мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеу жүйесін жетілдіру, кіру жолындағы қажетсіз кедергілерді жою қажеттілігі айқындалды [1].

Одан бөлек, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бойынша мемлекеттік қызметке қажетті құзыреті бар адамдарды тарту үшін меритократия қағидатын сақтай отырып, мемлекеттік қызметтің «позициялық» моделін енгізу тапсырылды.

Бұл үшін мемлекеттік қызметшілерге арналған біліктілік талаптарын қайта қарап, мемлекеттік қызметшілерді іріктеу мен бағалау жүйесін жақсарту міндеттелді [2].

Қазақстан Республикасында 2021 жылы мемлекеттік органдардың жаңа жалақы жүйесіне көшуімен, лауазымдардың мемлекеттік саясатты қалыптастыруға, айқындауға және іске асыруға ықпал ететін, мемлекеттік органның миссиясын, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру дәрежесі бойынша функционалдық блоктар (А, Б, С) бөлінуі де, лауазымдарға нақты бағытта біліктілігі бар, яғни стратегиялық мақсаттарды іске асыра алатын, стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға жанама әсер ететін және ықпал ететін мамандарды қабылдау қажеттігін көрсетуде.

Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасында іріктеуді жүзеге асыру төмендегідей нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі:

- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Қазақстан Республикасының Заңы [3].

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы» 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығы [4].

Осы орайда, мемлекеттік қызметке іріктеудің қолданыстағы 3 кезеңдік сатылары бірнеше жылдардан бері өзгеріссіз болуы және тәжірибеде көрсеткендей мемлекеттік қызметке алғаш келетін азаматтардың қазіргі кездегі іріктеу сатыларынан сәтті өтуі (заңнаманы білуге арналған тестілеу, құзыреттерді бағалау және әңгімелесу) олардың құзыреттерін толық анықтамайды деп тұжырымдалады.

Өйткені, мемлекеттік қызметке толық құзыреттері анықталмаған азаматтардың іріктелуі және іріктелген азаматтардың шынайы ниеттерінің болмауы әсерінен жұмысқа деген «күйіп кету» сезімін туындатып, қызметтен кетуіне себеп болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы Ұлттық баяндаманың деректеріне сәйкес, 2022 жылдың қорытындысында мемлекеттік қызмет жүйесінен кеткен қызметкерлердің үлесі 4,7% (2021 жылы – 6,2%, 2020 жылы – 5%, 2019 жылы – 6%, 2018 жылы – 6,2%, 2017 жылы – 6,2%) шегінде болып, тұрақты таза ауысымдылық деңгейі өткен жылдармен салыстырғанда төмендеген.

Аталған есептік кезеңде жұмыстан босатылған қызметшілер арасында жүргізілген «шығу сұхбаты» сауалнамасына сәйкес, мемлекеттік қызметтен кетудің негізгі себептері еңбектің нормаланбауы (23,7%), жалақының төмендігі (21,6%), жұмыстың мақсаттар мен

үміттерге сәйкес келмеуі (12,1%), сондай-ақ мансаптық өсу перспективасының болмауы (27,3%) болып табылады. Бұл ретте, өз еркімен жұмыстан шығарылғандардың 27,3%-ы ең жоғары көрсеткіш – мансаптық өсу перспективасының болмауын алға тартқан. Яғни, жұмыстан босатылғандардың басым көпшілігі мемлекеттік қызметте мансаптық жоғарылауға сенімсіздіктерін білдіріп, қызметті тоқтатқанын көруге болады. Ал, бұл мемлекеттік қызметтегі кадр тұрақтылығына әсер етеді [5].

Одан өзге, қолданыстағы іріктеу жүйесіне талдау жасау барысында төмендегідей өзекті мәселелер туындап отырғанын байқадық.

Олар:

- Іріктеу процесіндегі бюрократиялық кедергілер мен оның ұзақтығы, бұл деректер персоналды басқару мамандары арасында ұйымдастырылған сауалнама барысында анықталды.

- Мемлекеттік қызметтің төменгі лауазымдарына үміткерлерді іріктеу кезінде бастапқы іріктеу механизмдерінің болмауы әсерінен іріктеудің келесі кезеңіне үміткерлердің толықтай жіберілу себебінен әңгімелесуде үміткерлер санының көп болуы. Бұл көріністі жаңа жалақы жүйесіне көшкеннен кейін айқын көруге болады. Мысалы, кейбір төменгі лауазымдарға үміткерлер саны тіпті 20-дан асқан, ал бұл кезде әңгімелесу кезеңінің сапалы өтуіне кері әсер етіп, оның ұзақтығын арттырады.

- Іріктеуге қатысатын үміткерлердің сапасының мемлекеттік органмен айқындалған талаптарына сәйкес келмеуі.

- Қолданыстағы іріктеу сатыларының үміткерлердің құзыреттерін толық ашпайтындығы, яғни іріктеудің әңгімелесу сатысы үміткерлердің құзыреттерін бағалауға бағытталмайды, тек үміткердің нақты біліміне саралау жүргізумен шектелу секілді мәселелер бар екенін көруге болады.

Сол себепті де Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметке іріктеуді жетілдіру бүгінгі күннің маңызды сұрақтарының біріне айналуға.

Бүгінгі таңда қызметшілерді мемлекеттік қызметке іріктеу мәселесі көптеген елдер үшін өте өзекті, оның ішінде Қазақстан Республикасы да бар және бұл мәселе жалпы мемлекеттік аппараттың тиімді қызметіне тікелей әсер етуіне байланысты мәселені шешу жедел әрекетті талап етеді.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында, мемлекеттік аппаратқа іріктеу бейіндік білімге және талдамалық ойлау, көшбасшылық, креативтілік, бастамашылық сияқты құзыреттер бойынша жүзеге асырылатын болады. Кадрлық іс жүргізуді толық автоматтандыру қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік қызметте персоналды басқарудың барлық процестерін құру цифрлық технологияларды, ауқымды деректерді және жасанды интеллект алгоритмдерін белсенді қолдана отырып жүзеге асырылатын стратегиялық кадрлық жоспарлауға сәйкес келетін болады деп көрсетілген. Оның ішінде, басым бағыт ретінде персоналды басқару саласының барлық процестерінде цифрлық технологияларды қолдануға аса мән берілген [6].

Сонымен қатар, 2020–2021 жылдары әлемді жаулаған пандемия кезеңі мемлекеттік басқаруды тиімді жүзеге асыруға өз кедергісін келтірді.

Осындай қиын кезеңде шұғыл кадр тапшылығын жоюда біраз қиыншылықтар болғаны барлығымызға анық. Әрине қалыптасқан жағдайда арнайы қосымшаларды қолдану арқылы іріктеу сатыларын персоналды басқару мамандары жүргізді. Ол қосымшалар қарапайым интернет желілерімен жұмыс жасағандықтан, кибер қауіпсіздік деңгейін төмендетті және персоналды басқару мамандарының қосымша операциялық әрекеттерін туындатты.

Осы ретте, мемлекеттік қызметке келуге ниет білдірген азаматтардың құзыреттерін толық ашуда жаңа іріктеу тетіктерін қолдана отырып, іріктеу сатыларын цифрландыру қажеттілігі туындады деп айтуға болады.

Ал, іріктеу сатыларын толық цифрландыру, өз кезегінде, мемлекеттік қызметке деген қолжетімділікті арттырып, оның ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуы мүмкін.

Әлемдегі іріктеу (рекрутинг) саласындағы мамандар қоғамның қазіргі даму жағдайында адам цифрлық платформалардың көмегімен әртүрлі міндеттерді жиі шешетінін атап өтті. Бүгінгі таңда цифрлық платформалар – тұтынушылар және сыртқы аудиториялармен қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар жұмыс орындарында үміткерлермен де байланыс орнатудың негізгі тетігіне айналды. Сонымен бірге, рекрутингтік мақсаттағы бейнежазбалар, хабарламаларды, лауазымдық нұсқаулықтар туралы ақпараттарды тарату, жұмыс берушінің брендинің ілгерілету және өзекті бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді мобильді платформалар арқылы жариялау танымал бола түсуде. Рекрутинг саласындағы мобильді платформалардың әмбебаптығы мен жылдамдығы осы технологияны одан әрі енгізуге мүмкіндік береді [7].

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуынан барлық басқару процестері виртуалды әлемге көшуде. Демек, персоналды іріктеу процесі де осы трендке ілесуде. Соған сәйкес, қазіргі кезеңде көптеген ұйымдар іріктеу саласындағы автоматтандырылған шешімдерге басымдық беруде. Кадрларды іріктеу бойынша заманауи HR мамандары өз қызметінде сұхбат жүргізуді қосымша бағдарламалардың көмегімен (мысалы, Skype, ZOOM) онлайн форматта белсенді өткізуде.

Бұндай тәжірибе мемлекеттік қызметте әлемді жаулаған пандемия кезеңінде көптеп қолданылған болатын.

Ақпараттық технологиялардың дамуы нәтижесінде бүгінде үміткерлерді автоматты түрде бағалау мүмкіндіктері пайда болды. Бұл HR-дың іріктеуде бағалау үшін жұмсалатын уақыт ресурсын үнемдей отырып, үміткерлер іріктеуді өзіне қолайлы мерзім мен ыңғайлы жағдайда өтеді. Үміткерлерді бағалауда SHL (шешу жылдамдығы, дәлдігі және қорытынды есеп алу мүмкіндігімен логикалық, визуалды, сандық және вербалды тесттері), Кепеха (жеке сауалнамалар жүргізу және бизнес психологиясына мамандандырылған), Talent Q (ойлау қабілетінің үш түріне онлайн бағалауға мүмкіндік беретін бірегей жүйе), Cute-e (үміткерлердің құзыреттерін бағалауға) жүйелері жиі қолданылады [8].

Осы тұста, Қазақстан Республикасында мемлекеттік аппараттың сапалық құрамын арттыруға қосымша жағдайлар жасау үшін талдау, халықаралық тәжірибені зерделеу нәтижесі мен әкімшілік мемлекеттік қызметке іріктеу құралдарын дамыту жөнінде қадамдар жасады.

Осылайша, цифрлық және мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетіне тестілеуді, құзыреттер бойынша әңгімелесуді, эссе жазуды (басшылық құрам үшін) және бейінді тестілеуден өтуді қамтитын жаңа тәсілдер қарастырылады. Бұл ретте, іріктеу процесінің ашықтығы мен клиентке бағдарлануы конкурстық рәсімдерді толық цифрландыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Іріктеудің пилоттық жобасы 2023 жылдың 1 наурызынан бастап 5 мемлекеттік органда, атап айтқанда Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Сауда және интеграция министрлігі, Ақмола облысы мен Шымкент қаласының әкімдіктерінде өтуде.

Іріктеуді жүзеге асыру үшін «Е-қызмет» порталында мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа алгоритмі енгізілген. Конкурстық іріктеу рәсімінің жаңа форматы үміткерлерге кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен қатысуға мүмкіндік береді.

Персоналды басқару мамандарының операциялық функцияларын мейлінше қысқарту мақсатында «Е-қызмет» жүйесі барлық негізгі ақпараттық жүйелермен біріктірілген. Үміткер туралы өзге ақпараттық жүйелерден ақпарат алу, оның соттылығын немесе өзге де құқық бұзушылықтарға қатыстылығын тексеру, біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау – мұның бәрін жүйе автоматты түрде өзі жасайды.

Іріктеуде қолданылатын цифрлық технологиялардың артықшылықтары ретінде төмендегілерді сипаттауға болады:

- жұмыс процесін оңтайландыру және қызметкерлерді күнделікті міндеттерден босату;

- деректерді шоғырландыру, жүйелеу, олардың объективтілігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- уақытты тиімді пайдаланудағы мүмкіндіктер.

Бұның бәрі мемлекеттік қызметке іріктеуді толыққанды цифрландыра отырып, іріктеудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етуге себепші болады.

Қорыта келгенде, мемлекеттік қызметке іріктеудің proctoring технологиясын пайдалана отырып, онлайн-режимде өтуі, персоналды басқару мамандарының операциялық функциялардан босатылуы, персоналды стратегиялық басқаруға көшуге мүмкіндік алуы, мемлекеттік қызметте ұйымдастырушылық мәдениетті өзгертуге, мемлекеттік қызметшілердің ынталылығын, мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыруға және мемлекеттік аппараттың сапалық құрамын жақсартып, біліктілігі мен құзыреттері бір деңгейде дамыған, мемлекеттік қызметте еңбек етуге шын ниеттенген азаматтарды іріктеуге мүмкіндік береді деп тұжырымдалады.

Дегенмен, мемлекеттік қызметке іріктеуді жетілдіру мақсатында тиісті шаралар қабылданғанына қарамастан, мемлекеттік аппараттың тиімді қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілерді іріктеуде үміткерлер мен ұйымның құндылықтарының сәйкес келуіне баса назар аудару қажет деп есептеймін. Өйткені, көптеген ғалымдар персоналды іріктеу процесін – бұл бос орынға ұйымның тиімді қызметін жүзеге асыратын, оның мүдделерімен ұқсас ойда болатын, ұйымдық мәдениетке сәйкес алатын, бос лауазымға үміткерлердің арасында қойылатын талаптарға сәйкес келетін лайықты үміткердің таңдалуы деп сипаттайды.

Одан өзге, мемлекеттік қызметшілердің мансаптық өсу перспективасына сенім арттыру үшін басшы лауазымдарына үміткерлерді тағайындау кезінде білімі мен құзыреттеріне негізделгені дұрыс. Осы орайда, мемлекеттік қызметке жоғары стандарттарға сәйкес келетін үміткерлерді іріктеу мақсатында қолданыстағы пилоттық жоба аясында басшылық лауазымдарына үміткерлерге мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау бойынша ең төменгі меже айқындалуы қажет.

Сонымен қатар, Гарвард, Стэнфорд және Карнеги университеттері ғалымдарының пайымдауынша, кәсіби алаңда жетістікке жету үшін 85% «икемді дағдылары», 15% «қатаң дағдылар» болуы керек [9]. Олай болса, мемлекеттік қызметтің сапалы құрамын қалыптастыруда да үміткерлердің құзыреттерін ескеру қажеттігі туындайды. Яғни, іріктеудің 3-сатысы әңгімелесу кезеңінде үміткерлердің тек білімін саралауға емес, оның мейлінше құзыреттерін бағалауға басымдық берілуі тиіс деп тұжырымдалады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қасіретті қаңтар» сабағы: қоғам тұтастығы – тәуелсіздік кепілі» – Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2200002022>

2. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522>

3. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Қазақстан Республикасының Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың

кейбір мәселелері туралы» 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 Бұйрығы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700014939>

5. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы ұлттық баяндама. – 2023 жыл.
<https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet/documents/details/454043?lang=kk>

6. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>

7. Назаршоев Н., Гужина Г. Внедрение цифровой экономики в российское общество: кадровые аспекты // Инновации и инвестиции. – 2019. – № 2. – С. 27– 30.

8. Жулябин, Д. О критериях отбора персонала / Жулябин Д.// Вестник Воронежского института высоких технологий. 2017. №4(23). С. 120 – 123.

9. Отключение межличностных навыков <https://www.nationalsoftskills.org/the-soft-skills-disconnect/>

Ермагамбетов М., *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты*

Ниязбаева А.Т., PhD, *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Басқару институтының доценті*

«Z» ұрпағын мемлекеттік қызметке тарту және ұстап қалудың тиімді жолдары

Мемлекеттік басқару жүйесінде буын алмасу процесі кадрлық тұрақтылықпен, кадрлық іріктеу жүйесіндегі жаңашылдықты әрдайым талап ететін процесс болып табылады. Іс жүзінде буын алмасу процесі мемлекеттік жүйеде ұдайы орын алып, көзқарастар мен өзгерістерге ілесе алатын жаңа буынның ұрпақтар теориясына сүйене отырып, ғылыми-зерттеулердің дәйекті дәлелдеріне тікелей байланысты нәтижеге бағдарланған кадрларды жарыққа шығару.

Ұрпақтар теориясы әлеуметтану ғылымында үлкен мәнге ие бағыт болғандықтан, «X», «Y», «Z» буынын жіктеп, олардың әрбірінің өзіндік ерекшеліктерін айқындау маңызды. Әр буын бір-бірінен ерекше белсенді, тапқыр және ұшқыр ойлы болып ерекшеленеді, сондықтан да ұрпақтар теориясы буынының ішінде «Z» буыны ұрпақтарының ерекшелігіне назар аударсақ. Оларды мемлекеттік басқару жүйесіне қалай тарту жолдары мен тұрақтандырудың механизмдеріне шолу жасап өтейік.

Әлемдік еңбек нарығында, «Z» буыны біртіндеп жалпы қабылданған стандарттарды бұзып, өзіндік тұжырым қалыптастырды. «Z» буыны – бұл 1995–2012 жылдары дүниеге келген жастар болғандықтан, бұл жастардың еңбек нарығына деген өзіндік талабы бар, «космостық плюрализмге» сәйкес келетін ұстанымдары оларды «X», «Y» ұрпақтарынан ерекшелейді. Олардың қалыптасуына қандай жағдайлар мен оқиғалар әсер ететінін түсіну, оның өмірге деген көзқарасын, оның ішінде мансап пен ұжымдағы қарым-қатынас мәселелерін бағалауға мүмкіндік береді. Жас буынның қалыптасуына ХХІ ғасырдағы прагматикалық жаңашылдықтардың немесе төртінші индустриялық революцияның ғаламат артықшылықтары тікелей өз әсерін тигізгені рас [1].

Буын ұрпағының қалыптасуына әсер ететін оқиғалар мен жағдайлардың көпшілігі іс жүзінде ата-аналарға тікелей байланысты. Қарастырылып отырған буынның ата-аналары «X» буынының ұрпақтары болғандықтан, берілген тәрбиенің әсерінен қалыптасып жетілгені мәлім, дегенмен «Z» буыны өздерінің ата-аналарының жіберген қателіктерін ескере отырып, одан да зор жетістіктерге жетуді, жақсы мансап, жоғары еңбекақы және нәтижелі көрсеткіштерге ұмтылу жолында жүреді. Егер «Z» буыны шынымен ХХІ ғасырдағы

ұрпақтар буынының барлығынан өзгеше ме деп ойласаңыз, жағдайды кеңірек қарастырған дұрыс және олардың ата-аналарының буыны өз заманында қалай ерекшеленгені туралы ой түйгеніміз жөн.

«X» буынының ұрпақтары негізінен «ескі тәрбие конондары» бойынша жетілгені айқын, нақты білім меңгеру, берілген тапсырманы тиісті түрде орындау, «оқулықтағы ереже, өмірдің ережесі» деген ұстанымдармен өмір сүрді. Мәселен, қарастырылып отырған кейінгі буын өздерінің ата-аналарымен өз идеясымен бөлісе алмауы, «Z» буыны балаларына арналған ережелер өте айқын, қарапайым болды. Олар негізінен XV ғасырдан бері белгілі мәтел болған «Балалар көрінуі керек, бірақ естілмеуі керек» деген позицияны ұстанды.

Бірақ уақыт өте келе, осы буын қалыптасқан уақыт межесі келгенде «зумерлер» немесе сол «Z» буыны еңбек нарығында пайда болған кезде негізінен когнитивті қабілетке, «клиптік ойлау» жүйесіне сенім білдіріп, осы қырларымен бағаланды.

«Z» буыны – ең жас және жұмыс күшіне жаңадан келгендер деп санағанымызбен, олардың сипаттамаларына, еңбек құндылықтары мен ынталандыру стратегияларын алдыңғы қатарға қоятын буын есебінде саналатын қарама-қарсы пікірлер де орын алып тұрады. Мысалы, «Z» буыны жастары, ең алдымен, жұмыс берушінің материалдық емес құндылықтарына басым назар аударатындығы дәлелденді. Бұған қоса, аталған талап осы ұрпақтың өкілдерін мемлекеттік секторға тарту және ұстап қалу әрекеттеріне кедергі келтіретіндігі анықталып отыр. Тиісінше, осы зерттеу мемлекеттік сектор ұйымдарында «Z» буынын тарту және ұстап қалу үшін тиімді ынталандыру стратегиясын әзірлеу қажеттілігін туындатуда.

Әлемнің дамыған елдерінің көшбасшыларының ішіндегі жетекшісі болып саналатын АҚШ-тың Еңбек статистикасы бюросының 2022 жылғы есеп деректері бойынша, мемлекеттік сектор адами капиталды дамытудың проблемаларына тап болған. Себебі, елдегі мемлекеттік қызметшілердің қартаюға («X» буыны) байланысты қызметкерлердің зейнетке шығуының толқыны және «Y» буыны ұрпақтарының мемлекеттік қызмет секторында мейлінше ұзақ қалу ынтасының артуына байланысты және кейінгі ұрпақ тікелей бәсеке болуы салдарынан жастар арасындағы алшақтықтың күшеюі, олардың зейнет жасына жеткендерді мойындамауы өзінің әсерін тигізді. АҚШ-тың мемлекеттік секторындағы бірінші басшылары мемлекеттік сектор ұйымдарындағы, әсіресе федералды Үкіметтегі жас таланттардың рөлінің төмендеуіне алаңдаушылық білдіруге өзіндік негіз бар, себебі олардың ішіндегі «таланттарды» жеке сектор әлеуметтік пакеттердің толыққандылығымен қатты қызықтырып, мемлекеттік қызмет саласында таза ауысымдылық проблемасы нағыз өзекті мәселеге айнала бастады. АҚШ-тың персоналды басқару басқармасының (US) мәліметтері бойынша, 2021 жыл мен 2022 жылдың III-тоқсанының қорытынды бюлетенінде жергілікті (федералды) жұмыс күшінің тек 16%-ы 35 жасқа толмаған, 50 жастан асқан буын өкілдері жалпы мемлекеттік сектордың 45%-ын алып отыр. Бүгінгі таланттар соғысында мемлекеттік ұйымдарға жеке сектор компанияларымен бәсекелесу қиынға соғып отырғаны, мемлекеттік қызмет саласының жас қызметкерлерге жоғары жалақы мен икемді жұмыс кестесін ұсынып, әртүрлі амалдарға баруға итермелеуде.

Мемлекеттік сектор көшбасшылары өздерінің назарын еңбек нарығындағы адами капиталдың ең жаңа және жас буыны «Z» буынына назар аударып, үлкен үміттер айдарын тағып отырғаны, АҚШ-тың халық санының 27 % (68 млн. адам) экономикалық белсенді жастар құрап отыр, оның ішінде «Z» буыны да бар. «Z» буынының қазіргі жұмыс күші 5-10% құрап, осы буынның еңбек нарығында өзіндік когортасы қалыптасып, артып келетіндігін келтіреді [2].

Әлемнің дамыған елдерінің көшбасындағы АҚШ-тың «Z» буыны ұрпақтары ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік медиаға шамадан тыс тәуелділігі, сонымен қатар оқуға, шығармашылыққа және жеке тәуелсіздікке бейім етіп қана қоймай, қарқынды даму дәуірінің бел ортасында дүниеге келгендіктен Марк Цукерберг, Илон Маск және Джефф Безос сынды алпауыт кәсіпкерлердің жетістіктерінен шабыт алып жетілгені мәлім.

Мэриленд университетінің зерттеулері бойынша қарастырылып отырған буын ұрпақтарын мемлекеттік секторға тарту және тұрақтандырудың арнайы ынталандыру жүйесін қалыптастыру қажет деп пайымдайды. Атап айтқанда, ынталандыру кешені таланттарды басқару саласында персоналды тарту мен ұзақ мерзімге тұрақтандырудың ең көрнекті тетіктерінің бірі болып табылады. Мемлекеттік органдар жеке тұлғалардың мінез-құлқындағы өзгерістерді ынталандыруға немесе индукциялау арқылы «ішкі» және «сыртқы» ынталандыруларды анықтаған [3].

«Ішкі ынталандыру» негізінен материалдық емес және психологиялық, жұмыстағы қол жеткен жетістіктерге жеке қанағаттануды тудыруға арналған, ал «сыртқы ынталандыру» – нақты нәтижелерге қол жеткізу немесе нақты мақсаттарға жету үшін ұсынатын нақты ынталандыру тармағы болып табылады. «Ішкі ынталандыру» маңызды және күрделі, ұзақ мерзімді жұмыс нәтижесіне бағытталған, қоғам өміріне тигізетін пайдалы жұмысты қамтиды. «Сыртқы ынталандыруға» қосымша жеңілдіктер, мансаптық жоғарылату мүмкіндіктері, жұмыс берушінің қызметкер алдындағы кепілдіктері және жұмыс шарттары сияқты элементтер кіреді.

Зерттеу барысында мемлекеттік сектордағы дәстүрлі ынталандыру бағдарламасы сыртқы ынталандыру жүйесін қамтитындығы анықталған, олар – зейнетақы, медициналық сақтандыру жүйелері және тұрғын үйге қол жеткізу кепілдіктері. Мемлекеттік қызмет саласында ынталандыру жүйелері мансаптық жоғарылау, формалды түрде басшы мен бағынысты қызметкердің әділ қарым-қатынасы, қызметкерлердің еңбегі мен қызметтік нұсқаулықты толыққанды орындауын мойындау сияқты қаржылық артықшылықтарға емес, жұмыстың ажырамас «атрибуттарына» бағытталған деп зерделенген. Ынталандырудың мотивациялық мәні барлық ұрпақтар үшін бірдей болмауы, ұйым басшылары мен персоналды басқару мамандарының «Z» буыны когортасы үшін қандай сыртқы және ішкі ынталандырулардың қайсысы тартымды болатынын анықтамауы салдарынан кері реакция беріп келетіндігін анықтаған.

Зерттеу қорытындысы бойынша «Z» ұрпағының ынталандыру жүйесінің сыртқы және ішкі талаптарын дифференциалды қолдану ережесі әзірленіп, қабылданған жағдайда жас ұрпақ үшін мемлекеттік қызмет саласы таңдаулы жұмыс беруші бола алады деген болжамға келген.

Ал енді еліміздің мысалында қарастыра отырып, практикалық тұжырымдарға көз жүгіртсек, қарастырылып отырған «зумерлер» буыны еліміздің «Дүниежүзілік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттілік жаһандық индексі» көрінісінде өзіндік орыны бар екенін көруге болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы Жарлығымен қабылданған, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында «Жауапты азамат бейнесін танымал ету» міндеті қарастырылған. Бұл міндет аясында қоршаған әлемге жауапты қарауға, жергілікті және ұлттық деңгейде қоғамдық өмірге белсене араласуға, қатысушылық пен бастамашылық сезімін дамытуға бағытталған әрбір азаматтың сана-сезімін жаңғырту үшін негіз қамтамасыз етілетін болады. Бағдарламада жаңғыртылған жаңа қоғам құру үшін негізінен жастарға көңіл аударылады. Жалпы айтқанда, жоғарыда келтірілгендей «Z» буыны жастарын өмірге прагматикалық көзқарастарын дамытуды елдің басты стратегиялық құжаттарының бірінде көзделген [4].

Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының жүргізген зерттеулерінде, жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, ең алдымен, оларды жұмыспен қамту деңгейіне және «қолайлы ортаға» тікелей байланысты екендігі, сондай-ақ жастардың сұраныстары еңбек нарығындағы жаһандық сынтетеуіріндермен қатар өзгеріп отыратындығы келтіріледі. Қазіргі кезде, Қазақстан жастары – елдегі жұмыс күшінің шамамен 40%-ын (2022 жыл қорытындысы бойынша) құрайды [5]. Бұл ретте, статистика деректерін талдау кейінгі жылдары жастар санының жалпы отандық еңбек нарығында жалпы азайғаны байқалатынын көрсетіп отыр. Бұған қосымша ретінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мемлекеттік қызмет кадрлары жай-күйінің мониторингіне көз жүгіртсек. Отандық мемлекеттік басқару

жүйесіндегі жастардың үлес салмағы, олардың жалпы мемлекеттік қызметшілерінің орташа жасын анықтау кезінде белгілі картина көрсетіп отыр. Мысалы, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік қызметшілердің штат саны 90 053 бірлікті құрайды. Мемлекеттік қызметшілердің орташа жасы – 39,9 жас, бұл ретте соңғы жылдар ішінде мемлекеттік қызметшілердің орташа жасы 39-40 жасқа дейін өскен (қартаю процесі жүруде). Соңғы 5 жылда 30 жасқа дейінгі мемлекеттік қызметшілердің үлесі 6,8%-ға (2018 жылы 24,6%-дан 2022 жылы 17,8%-ға дейін) азайды, сондай-ақ үміткерлер арасында жастардың үлесінің 23,4%-ға (2018 жылы 61,8%-дан 2022 жылы 38,4%-ға дейін) төмендегені байқалады. Мемлекеттік қызметте зейнеткерлік жастағы 481 адам (мемлекеттік қызметшілердің жалпы санының 0,6%-ы) және зейнеткерлік жас алдындағы 2 160 адам (2,6%) жұмыс істейді екен. Бұл, өз кезегінде, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның зер салатын өзекті мәселесі болып отырғаны аян. Дегенмен, отандық тәжірибеде мемлекеттік қызметке жастардың, оның ішінде «Z» буынын тартудың нақты жолдары нормативтік тұрғыда жүргізілуде. Уәкілетті органның өңірлік деңгейде «Жас мемлекеттік қызметші мектебі» шеңберінде іске асырылатын таланттарды мемлекеттік қызметке тартуды жаңғырту бойынша тәсілдерді пысықтап, ЖОО арқылы арнайы мамандықтар ашу, оқу орындарында мемлекеттік қызмет саласына қызуғышылығы бар студент жастарды тарту жұмыстары жоспарлануда.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мемлекеттік қызмет саласына ұрпақтар теориясының буынаралық алмасу процесін ескере отырып, «Z» буыны жастарын тартудың тиімді жолдары ретінде өскелең ұрпақты мектеп жасынан тәрбиелеу, мемлекеттік қызметтің негізі мақсаты – мемлекеттің мүддесі екендігін санасына сіндіріп тәрбиелеу, болашаққа баға жетпес капитал болатындығы ақиқат. «Z» буыны ұрпақтарын мемлекеттік қызметте тұрақтандырудың арнайы ынталандыру жүйесін қалыптастыру заман талабы.

Әдебиеттер тізімі

1. «Поколение Z на работе. Как его понять и найти с ним общий язык // Дэвид Стиллман, Иона Стиллман, М.: Манн, Иванов и Фербер, 2018.18-23с.;
2. «Recruiting and retaining generation Z into public sector organizations: a systematic review» Dissertation Faculty of the Graduate School of the University of Maryland University College, Nana Amma Acheampong, University of Maryland, USA, 2019.-125 с.;
3. «Молодежный образ жизни в меняющемся мире», С.Майлз, Англия/Букингем-Филадельфия, «Открытый университет Великобритании», 2000,:14-16 с.;
4. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары» ҚР Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000799>;
5. «Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасы. – 2022. //Авторлар ұжымы: Калиева С. А., Калмакова Ж. А., Каримова Ж. К. т.б, Астана.: 45-52 б.

Жакслыков Е.Е., магистрант Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан

Тынышбаева А.А., доктор социологических наук, профессор Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан

Совершенствование процедур отбора и прохождения на государственную службу

Аннотация. В данной статье анализируется социальная практика отбора кадров на государственную гражданскую службу и ее прохождение. На основе сравнительного анализа некоторых направлений японской и казахстанской модели кадровой политики разработаны

рекомендации по совершенствованию системы отбора кадров и прохождения государственной службы.

Ключевые слова: отбор на государственную службу, рекрутинг, тестирование, интервью, меритократия.

КНР – Китайская Народная Республика

РФ – Российская Федерация

США – Соединенные Штаты Америки

ЦГО – центральный государственный орган

АДГС – Агентство по делам государственной службы

ПМКР – Президентский молодежный кадровый резерв

Государственная служба независимого Казахстана находится в процессе постоянного совершенствования формирования профессионального государственного аппарата, проведено несколько этапов трансформации государственной службы. Существенные шаги по модернизации сформулированы в Законе о государственной службе Республики Казахстан, в стратегии «Казахстан-2030». В рамках национального плана «100 конкретных шагов», посланий Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана поставлена задача по дальнейшей модернизации системы подбора персонала и карьерного продвижения на государственной службе [1]. Трансформация государственной службы является одной из основных целей Стратегии Казахстан-2050, поскольку эффективные государственные служащие являются главным ресурсом государства, залогом процветания страны [2].

На всех этапах модернизации государственной службы принципы меритократии, эффективности и подотчетности обществу являются постоянными требованиями в системе подбора государственных служащих, влияющих на постоянное совершенствование качества отбора, эффективность и обоснованность критериев как ключевых элементов кадровой политики государственных органов, залога стабильной жизнедеятельности, экономического развития государства.

Современные социальные вызовы обусловили новый этап модернизация государственного аппарата, сформулированных в Стратегии «Казахстан – 2050» и программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» [3].

Вместе с тем реформы проводимые на государственной службе выявили ряд проблем в ходе реализации действующей модели государственной службы. Так, современная государственная служба делает большую ставку на молодое поколение, поскольку в ее рядах продолжают находится инертные служащие, которые своим пассивным отношением мешают государственному аппарату быть конкурентноспособным. Кадровой политике требуется установление новых принципов назначения кандидатов на служебные должности. Особое внимание к этому кадровому процессу во многом обусловлено необходимостью обеспечения эффективности функционирования государственного аппарата, для этого нужны сотрудники с высоким профессиональным уровнем. Новые задачи по модернизации государственной службы были поставлены Главой государства в ежегодном послании народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество». Первоочередные из них, это перестроение системы отбора и увольнение госслужащих; открытость государственной службы для профессионалов из частного сектора; усиление кадрового резерва. Реализация данных задач поручено Агентству по делам государственной службы, как уполномоченному органу в сфере государственной службы [4]. В этих условиях, требуется проведения исследований по пересмотру подходов к отбору кандидатов на государственную службу и дальнейшее ее прохождение.

В настоящее время для Казахской модели государственной службы предусмотрен трехэтапный отбор, который включает тестирование на знание законодательства, оценку личных качеств и собеседование [1. С. 170]. Данная модель действует с 2015 года. Учитывая зарубежную практику в мире актуальны две модели госслужбы англосаксонская и

французская. Применительно к практике Казахстана, действует смешанная модель. Также существует уполномоченный орган, который осуществляет общую политику в сфере госслужбы.

Так сейчас, согласно Правилам проведения конкурса на занятие административной государственной должности корпуса «Б» предусмотрено два вида конкурсов внутренний и общий [5].

В свою очередь каждый вид конкурсов включает в себя ряд последовательных этапов публикация объявления, прием документов от лиц и т.д., что занимает временные траты в случае несостоявшихся внутренних конкурсов, что порождает в себе бюрократические и устаревшие схемы.

При этом в процессе собеседования, несмотря на максимальную прозрачность этого этапа, существующий подход не в полной мере может раскрыть потенциал кандидата, также существует риск конфликта интересов с конкурсной комиссией. Учитывая определенные требования по уровню образования, кандидаты в свою очередь проходят необходимый курс обучения в высших или средне - специальных учебных заведениях, по требуемому законодательству. В связи с чем, кандидаты при поступлении на госслужбу уже должны иметь определенный багаж знаний.

В рамках формирования профессионального госаппарата, система отбора кадров на госслужбу подвергается риску приема некомпетентных и не отвечающих требованиям кандидатов занимаемых должностей, поскольку на сегодняшний день государственные служащие, в том числе и производящие рекрутинг не обладают всем необходимым профессиональным багажом. Вместе с тем продолжается тенденция упрощение отбора до минимальных значений нежели в действующих практиках, свидетельствую о том, что, современная система отбора, на каждом из ее этапов себя изжила. Подобная ситуации сложилась и в КНР, государство пытается удерживать молодежь в стране от оттока и трудоустроить их на госслужбу [6].

Упрощение отбора на госслужбу, путем упразднения некоторых этапов, подвергает риску процедуру отбора и позволяет трудоустроить очередной «балласт». Вместе с тем безусловно необходимо трансформировать отбор. Анализ практики показывает, что наиболее высокий уровень коррупционных рисков возникает на этапе отбора конкурсными комиссиями в госорганах. К примеру, отбор могут и чаще всего производят неквалифицированные члены комиссий, некоторые из них не разбираются в психологии человека, не владеют методами рекрутинга, в том числе у некоторых из них существуют трудности в технике чтения, члены комиссии могут с трудом прочитать вопросы к конкурсантам. *В связи с этим, во избежание дальнейшего развития конфликта интересов, полномочия по отбору кадров следует передать незаинтересованной организации на примере США. Рекрутинг доверяется делать уполномоченным лицам, так как от их профессиональной оценки будет зависеть эффективность будущего госслужащего. В зависимости от специфики вакансии может создаваться нескольких комиссий.*

В РФ в состав конкурсной комиссии включаются: представители научных, образовательных учреждений и других организаций, приглашаемые в качестве независимых экспертов - специалистов по вопросам, связанным с гражданской службой, без указания персональных данных экспертов. Число независимых экспертов должно составлять не менее одной четверти от общего числа членов конкурсной комиссии.

Проведение заседания конкурсной комиссии с участием только ее членов, замещающих должности гражданской службы, не допускается [7].

Данное предложение обусловлено и тем что, на сегодняшний день члены конкурсной комиссии являются работниками госоргана, так или иначе связанными или подчиненными руководителю госоргана.

Тем самым, данная мера повысит объективность проводимых конкурсов при приеме на работу, продвижение сотрудников, а также ограничит оказание давления на конкурсную комиссию.

Учитывая имеющийся опыт трех-этапного рекрутинга и одного из основных векторов развития Казахстана по дебюрократизации государственного аппарата, будущий отбор следует проводить одним этапом, в который будут включены исследования психологического состояния кандидата, его навыки, личные качества и т.д.

Подбор кандидатов предлагается производить рекрутинговыми организациями или HR-службами, для выявления у кандидатов необходимых качеств, которые соответствуют к требуемой должности.

Периодичность проведения конкурсов, для подбора кандидатов предлагается проводить 1 раз в квартал с включением всех текущих вакансий (*к примеру по региону*). Тем самым, у госоргана упразднится неформальный факт игрой вакансиями. Исключением будет выход сотрудника в отпуск по уходу за ребёнком, достижение пенсионного возраста, болезнь, преждевременная смерть.

При этом, в систему отбора HR-организаций предлагается ввести:

- тестирование способностей позволяющих определить возможности кандидатов владение основным законодательством страны (*в онлайн формате*);
- решение ситуационных задач направленных на оценку видения кандидатов на решение реальных проблем (*в онлайн формате*);
- собеседование на оценку поведенческих компетенций кандидатов с комиссией HR-организации.

В данном случае государственному органу остается провести беседу с потенциальным кандидатом, которого предлагает HR-организация.

Тем самым, в государственных органах упразднится система подбора кадров.

При этом, институт наставничества, процедура испытательного срока, а также условия переподготовки кадров обеспечат покрытие пробелов на знание законодательства кандидата.

Кроме этого, методы работы текстовой или числовой информацией или иных способов рекрутинга нецелесообразно применять. Поскольку как показывает опыт ПМКР, в результате мы наберем аналогичных первых руководителей.

Нынешняя задача состоит, в том, чтобы привлечь на госслужбу молодое поколение с нестандартным мышлением, придать им импульс и нужный вектор развития и сделать госслужбу инновационной.

Важной особенностью при отборе необходимо выделить принципу меритократии, т.е. пересмотру его идеи. А именно продвижение госслужбы с низов не госоргана, а его структуры. К примеру, выпускник ВУЗа без опыта работы не должен быть трудоустроен в ЦГО, в то же Министерство здравоохранения не пройдя региональный этап Управления здравоохранения, а если это со средне специальным образованием то районная или городская больница. Тем самым, повысится престижность и значимость госслужбы, возрастет оборот кадрового потенциала, который находится на стадии застоя в регионах, упразднятся непонятные задания, которые спускаются с ЦГО вновь прибывшими сотрудниками не имеющие понятия исполнимо ли это в принципе.

Важно пересмотреть подходы к ротации кадров. Положительный опыт системы ротации государственных служащих Японии показывает, что такой подход помогает формировать гибкий и мобильный состав рабочей силы. Ротация, способствует росту компетентности, повышения квалификации и конкурентоспособности. Перемещаясь постоянно, сотрудник развивает свой кругозор, снижает односторонность служебного опыта и монотонность работы в одной организации [8]. Другим эффектом ротации в Японии отмечается, то, что сотрудник становится универсальным, исполняя разнообразные функции на системной основе обучается в процессе прохождения службы. Большинство японских

предприятий практикуют перераспределение рабочих кадров в зависимости от обстоятельств [9].

Другим важным аспектом, является социальное обеспечение и социальная защита сотрудника, так, к примеру, Япония занимает первое место в мире по уровню заработка среднего и высшего звена служащих государственного аппарата. Сотрудник получает заработную плату в соответствии с присвоенным ему рангом и разрядом на основании Закона «О государственных служащих» и соответствующих постановлений Кабинета. Вместе с тем, ставки заработной платы определяются специальной шкалой, установленной законом об оплате труда. Значительные физические перегрузки, переработки на государственной службе компенсируются разнообразными *надбавки* [10].

Ниже приведена сравнительная таблица по основным направлениям между Японской и Казахстанской модели (Таблица 1).

Таблица -1 - Сравнительная таблица моделей кадрового отбора

/п	Ситуация в Японии	Ситуация в Казахстане	Примечание
.	Высокий уровень антикоррупционной политики. Госслужба в Японии очень почетная и престижная	Слабая подготовленность и заинтересованность госслужащих. Госслужба не конкурентно-способна.	В Казахстане проводятся реформы по повышению престижа и конкурентно-способности путем создания социальных лифтов для молодежи, повышения окладов и т.д.
	В конкурсном отборе как правило участвует достигает от 10 до 100 человек на одно место	Желающих участвовать в конкурсах составляет максимум до 10 человек.	Слабая привлекательность госслужбы в Казахстане.
	Поступающие на госслужбу проходят два отборочных этапа соответствующего уровня: сдают экзамен, в ходе которого оцениваются личные заслуги кандидата, профессиональная подготовка, деловые качества. На втором этапе проходит собеседование.	Трех этапная модель: сдача тестирования на знание законодательства, оценку личных качеств и участие в собеседовании	В настоящее время в Казахстане вводится пилот по упрощению процедур отбора
	Уполномоченный орган за отбор кадров и прохождение госслужбы - Совет по делам персонала	Уполномоченный орган в сфере госслужбы – АДГС	
	Должностные оклады высокие и ориентированы на размер частного сектора	Низкооплачиваемая госслужба	
	Введена система репутаций	Официально	Суть системы

	- для того, чтобы гарантировать добросовестное выполнение работы госслужащих.	данной системы нет. Однако при приеме сотрудника на работу, руководитель госоргана уточняет или наводит справки в устной форме по предыдущему месту работы	репутаций в том, что при переходе на новое рабочее место, специалист в обязательном порядке должен предоставить свою письменную характеристику
	В Японии действует на системном уровне горизонтальная и вертикальная ротация каждые 2-3 года, решение о ротации принимается без согласия сотрудника	Институт ротации также предусмотрен. Однако для руководителей первого звена т.е. руководителей госоргана. Социальных условий при ротации не предусмотрены.	

Для разрешения проблемы по пересмотру подбора кадров и дальнейшее прохождение государственной службы АДГС модернизировала действующую модель государственной службы и для ее апробации запускается пилотная версия до конца 2023 года для двух акиматов (областного и республиканского значения) и три ЦГО в т.ч. само АДГС.

Условия пилота: Новый формат предусматривает максимально упрощённый подход к процессу отбора на госслужбу. Граждане могут участвовать в конкурсе круглосуточно 24/7, в любое удобное для них время на всех этапах, за исключением собеседования, которое проходит в заранее установленное время.

Количество законов при тестировании на знание законодательства, сокращено в два раза, с 9 до 4.

Отборочный этап конкурса включает оценку личных качеств, оценку способности кандидата работать с текстовой и цифровой информацией (SHL), написание эссе (обязательно для всех руководящих должностей), собеседование с экспертной комиссией.

Во время всех тестов и написания эссе проводится прокторинговая проверка на предмет соблюдения дисциплины претендентом.

Система предусматривает направление 3 лучших кандидатов на этап собеседования в экспертной комиссии пилотного органа путем автоматического поэтапного исключения набравших наименьшие баллы.

Экспертная комиссия состоит из представителей государственного органа и независимых оценщиков. Треть состава комиссии должны составлять оценщики.

Новая процедура конкурса через «Е-кызмет» полностью исключает влияние «человеческого фактора». Для обезличивания и обеспечения анонимности при прохождении отбора системой кандидатам присваивается идентификационный номер.

Такая система станет основой формирования профессионального и эффективного государственного аппарата и позволит обеспечить подбор и отбор кандидатов на службу качественно на начальном этапе. Данный подход позволяет экономить бюджетные средства, рабочее время на всех этапах процедуры рекрутинга, обеспечить прозрачность к системе отбора кадров, а также повысить уровень доверия населения к государственным служащим.

Список литературы

1. Тайжанова Ж.А. О внедрении проектного менеджмента в государственном секторе// Ученые записки Альметьевского государственного нефтяного института, Том: 18 Год: 2019 Страницы: 173-177// <https://elibrary.ru/item.asp?id=48337348>
2. Национальный доклад о состоянии государственной службы в Республике Казахстан/ <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet/documents/details/307381?lang=ru>
3. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>
4. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 16 марта 2022 года. <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1623953>
5. Приказ Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 21 февраля 2017 года № 40 «О некоторых вопросах занятия административной государственной должности» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700014939>
6. Кузнецова В.В. Трудоустройство выпускников ВУЗов в современном Китае <https://cyberleninka.ru/article/n/trudoustroystvo-vypusknikov-vuzov-v-sovremennom-kitae-ozhidaniya-i-realnost>
7. Дуйсенов Э.Э., Шпекбаев А.Ж. Государственная служба Республики Казахстан: Учебник. – город Алматы, ТОО "Асыл кітап" Баспа үй, 2021, -488 с.
8. Особенности и основные черты японской системы менеджмента / http://de.ifmo.ru/bk_netra/page.php?tutindex=3&index=11
9. Пантелеева Е. Современный японский менеджмент, Журнал «Управлением персоналом» <http://www.hr-portal.ru/article/sovremennyi-yaponskii-menedzhment>
10. Хафизова З.И. Кадровая политика Японии на государственной службе <https://elibrary.ru/item.asp?id=39164027>

Құрақбай А.Қ., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты

Мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқытуды жетілдіру

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқыту жүйесін дамытуға талдау жасалған. Автордың пайымдауынша, елімізде мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқыту жүйесін халықаралық оң тәжірибені басшылыққа ала отырып жетілдіру қажет, себебі еліміз халықаралық қоғамдастықтың белсенді мүшесі бола тұра халықаралық кеңістіктегі тенденциялардан шет қалған емес: заманның өзгеруі барлық салалардағы қызметшілердің қызмет сапасының, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің де қызмет сапасының арта түсуін талап етеді.

Түйін сөздер: мемлекеттік қызметші, білім жүйесін жетілдіру, Қазақстан Республикасы, тәуелсіздік жылдары, жаңа формация, құзыреттер, дағдылар.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы мақаланың материалдарын «Мемлекет және құқық» пәні бойынша тест тапсырмаларын дайындауда, әдістемелік құралдар мен ұсыныстарды дайындауда қолдануға болатындығында.

Әдістеме. Зерттеуде индукция әдістері (яғни, жекеден жалпыға ауысу) және дедукцияны (жалпыдан жекеге ауысу), сондай-ақ талдау әдісі қолданылды.

Нәтижелер. Мақаланың негізгі идеясы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқыту жүйесінің жай-күйін, процесін және талдауын зерттеу болды.

Кіріспе. Еліміз ең алғаш тәуелсіздік алған кезде Қазақстанға сенім жүгі және жаңа мәртебе, сонымен қоса зор жауапкершілік пен мол міндеттер де жүктелгендігі бәрімізге белгілі. Бұндай ауқымды міндетті жүзеге асыру, үлкен жұмысты атқару тек кәсіби ғана емес білікті әрі қиыншылықтар мен түрлі жүктемелерге төзе алатын, төтеп бере алатын мемлекеттік қызметшілер аппаратының ғана жүзеге асыруы сөзсіз. Сол себепті де Мемлекет басшысы өзінің алғаш Жолдауынан бастап күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан жыл сайынғы ел халқына арналған Жолдауларында мемлекеттік қызметшінің бет-бейнесін нақтылай түскендей болды.

Қазіргі жылдам дамып келе жатқан әлемде беделді университет дипломының болуы немесе көп жылдық тәжірибесі бар кәсіби дағдылар (hard skills) табыстың негізгі кепілі болып табылмайды. Сарапшылардың болжамынша, алдағы жылдары көптеген кәсіптер не мүлдем жоғалады немесе өзгереді [1, 27].

Бүгінгі таңда цифрлық, ақпараттық және биотехнологиялар адам еңбегін белсенді түрде алмастыруда. Ескі ақпараттың ескіріп және жаңа ақпараттың пайда болу жылдамдығы арта түсуде. VUCA әлем контекстінде қандай дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру қажет екенін түсіну бәсекеге қабілеттілік пен өнімділікті арттыруға ықпал етеді [2, 13].

Жаңа формациядағы мемлекеттік қызметшілер осы өзгерістердің бағыттаушысы болуға, туындайтын проблемаларды жедел шешу қабілетіне ие болып игеруге, сондай-ақ жаңа жағдайларға ұтқыр бейімделуге, ең бастысы – өзгерістерге дайын болуы тиіс. Тиімді мемлекеттік аппарат құрудың міндетті шарты – ол құзыреттер мен дағдыларды үнемі әрі үздіксіз дамытып тұру болып табылатыны анық.

Құзыреттілік тәсілдердің негізінде бүгінгі таңдағы мемлекеттік қызметшілерді даярлау және оқыту мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруді жетілдіруге, дамытуға ықпал ететін әлемдік трендтердің бірі де бірегейі болып табылады. Үздіксіз оқытудың тиімділігі мемлекеттік қызметші өзінің атқарып отырған қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне оң әсер ететін оқыту процесінің ажырамас шарты мен бір бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқытуды жетілдіру үшін даярлау және де қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыруға бағытталған бағдарламалардың мазмұндық бөлшегін, ең алдымен, сапалық түрғыдан жаңарту. Оның ішінде бүгінгі таңдағы білім беру технологияларының әлеуеті мен мол мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тиісті нәтижеге бағытталып бағдарланған мемлекеттің басқару жүйесінің негізгі қағидаттарының негізінде үздіксіз оқыту бағдарламаларын жаңғырту маңызды шара болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларының анағұрлым икемді болуы және мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет жүйесінің жұмыс істеуінің озық әлемдік тәжірибесін ескеретін болады.

Атап айтқанда, алдымен мемлекеттік қызметшілерді шетелде даярлау және қайта даярлаудан өткізу, сондай-ақ тиісті квота шеңберінде кәсіби тағылымдамадан өтумен қатар, отандық үздік оқу орындарын да басшылыққа алу олардың кәсіби дамуының жаңаша сапалы деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және ынталандырудың қосымша негізгі тетігі болып табылады.

Мемлекеттік қызметшінің этикалық мінез-құлық стандарттары «Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық кодекстері» деген жалпы атауға ие болған арнайы нормативтік-құқықтық актілерде де қамтылған [3]. Нормативтік-құқықтық актілерде бекітілген мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттары әуелі мемлекеттік қызметшілердің өзінің лауазымдық міндеттерін атқаруы кезіндегі мінез-құлқының негізгі бағыттарын ашып айқындауға арналған.

Осы стандарттар, ең алдымен, мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызмет құндылықтарымен қатар қағидаттарына және қоғамның талабына сай келетін белгілі бір мінез-құлық стилін қалыптастыруға оң ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде шет елдердің оң тәжірибесі негізінде әкімшілік әдепті басқарудың екі негізгі деңгейден тұратын жүйесі әзірленетін болады.

Бірінші деңгейдегі кезеңде мемлекеттік қызметшілердің жалпы мінез-құлық стандарттарын айқындайтын нормативтік құқықтық акт әзірленеді. Екінші деңгейдегі кезеңде әрбір мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері үшін барынша нақтыланып көрсетілген мінез-құлық қағидалары мен нормалары әзірленеді.

Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлықның ведомстволық қағидаларында нақты мемлекеттік органның қызметшісі өзінің атқарып отырған лауазымдық міндеттерін атқару кезінде кездесетін тәртіптік тұрғыдан алғанда көкейкесті өзекті мәселер жағдайлары жан-жақты әрі толық сипатталады және осындай жағдайлардағы нақты мінез-құлық қағидалары көзделеді.

Әлемнің әртүрлі елдеріндегі мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесінің өзіндік ерекшелігі ішкі және сыртқы факторлардың тұтас спектріне: өкілеттіктерді орталықтандыру/орталықсыздандыру дәрежесі айқындалатын мемлекеттік құрылым нысанынан, елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал көрсеткіштерінен; мемлекеттің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерінен, мемлекеттік аппараттың белгілі бір міндеттерді орындаудағы рөліне байланысты [4, 19].

Мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқыту жүйесін қалыптастыру барысында аталған оқыту жүйесінің мемлекеттік қызметте кадрларды жылжыту моделіне, яғни ол қандай болатыны: «мансаптық» немесе «позициялық» па, сол сәйкестігі маңызды. Қазіргі уақытта Қазақстанда адами ресурстарды басқарудың «мансаптық моделі» енгізілуде және аталған модельді дамытуға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылған. Мансап жүйесі арнайы білімді қажет етеді және «жеке сектордан айтарлықтай оқшауланған, жабық, сондықтан мемлекеттік қызмет пен квазимемлекеттік секторға кадрлар даярлауға бағытталған мамандандырылған білім беру ұйымдарында ғана сатып алуға болатын арнайы білім мен құзыреттілікті қажет етеді» [5, 32].

Жыл сайын 1000-нан астам мемлекеттік қызметші заңнамаға сәйкес біліктілігін арттыруда. Мемлекеттік қызметшінің кемінде үш жылда бір рет оқуға құқығы заңмен қамтамасыз етілген, бұл ретте, өкінішке орай, мемлекеттік қызметшілердің көпшілігінде оқуға, өзінің жеке және кәсіби деңгейін арттыруға жеке мотивациясы жоқ.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін оқыту жүйесінің даму ерекшеліктерін талдау тәуелсіздік алу контекстінде мемлекеттік аппараттың қалыптасуының барлық кезеңдерін, мемлекеттік қызметшілерді кәсібилендіру және оқыту саласындағы заңнаманың эволюциясын зерделеуге, оқыту құралы бойынша мемлекеттік аппаратты дамытудың қазіргі заманғы тұжырымдамасын неғұрлым егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік берді. Жаһандық және жергілікті сұраныстарды ескере отырып, қазіргі кезеңде мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптар арта түскендігін айту керек.

Ұлыбритания, Қытай, Түркия, Ресей, Франция, Сингапур сияқты елдердің тәжірибесі мемлекеттік аппараттың кәсібиленуі тұтастай алғанда мемлекеттік басқару жүйесінің дамуымен тығыз байланысты екенін көрсетеді, бұл сайып келгенде халықтың қанағаттануы мен өмір сүру сапасына әсер етеді. Қытайда, Сингапурда мемлекеттік қызметші өзін-өзі дамытуға, өз біліктілігін үнемі арттырып тұруға мүдделі, мемлекет тек аталған талпыныстарды жүзеге асыруға барынша жәрдемдеседі.

Мақала тақырыбы бойынша материалдарды зерттеп, әдебиеттерді шолу аясында Д.Киркпатриктің оқу тиімділігін бағалаудың 4 деңгейлі моделі қарастырылды. Талдау нәтижесінде персоналды басқару қызметтерінің қарамағында қызметкерлердің жеке қасиеттерін бағалау нәтижелері бар екендігі анықталды, бұл әр қызметкердің оқу траекториясын қалыптастыруға дәлірек және практикалық тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді, кадр қызметтерінің басшылары бұл құралды өз жұмысының тәжірибесінде қолданбайды. Қазіргі кезде кейбір мемлекеттік орган қызметкерлерінің оқыту кестесін формалды түрде құратындығы байқалуда және көптеген жағдайларда тек мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқытуға бөлінген ақша қаражатын уақытылы игеруге және оқу

сағаттарын уақытылы өткізіп тұруға ғана арналған мерзімдерін сақтау міндеттеріне бағынады [6, 24].

Дамыған елдердің тәжірибесін талдау көрсеткендей, белгілі бір іс-шараларды жүзеге асыру оқытудың тиімділігін арттыруға көмектеседі, мысалы, оқу сағаттары мен ұзақтығын арттыру, әртүрлі әдістерді (сауалнама, тестілеу және т. б.) қолдана отырып, елімізде мемлекеттік қызметшілердің үздіксіз оқыту жүйесін енгізу тиімді екендігін айтуға болады.

Мемлекеттік қызметте персоналды басқару қызметтерінің өкілдерін мемлекеттік органдарда HR процесті жетілдіру, өзгерістерге тез икемделіп, оларды басқара алатын және жаңа жағдайларға бейімделуге қабілетті, жаһандық және жергілікті бәсекеге қабілетті жоғары кәсіби қызметті қалыптастыру жөніндегі ұсынымдармен таныстыру мемлекеттік қызметшілердің үздіксіз оқыту жүйесінің маңызды кезеңіне айналары сөзсіз [7, 38].

Қорытынды. Мақаланы түйіндей келе, мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқыту жүйесін жетілдіру үшін келесі маңызды мәселелерге назар аудару керек, атап айтқанда:

- бүгінгі таңдағы оқыту процесінің сапасын басқару жүйесін жаңғырту, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерге арналған оқу бағдарламаларына оқытудың тың инновациялық әдістерін енгізу;

- білім беру жүйесі тәжірибелік маңызы бар және мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін, кәсіби білім мен дағдыларды дамытуға мемлекеттік қызметшілерді бағыттау;

- мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқыту жұмыстарын тиімді үйлестіру;

- жұмыс сапасы мен негізгі түпкілікті нәтижелерді бағалауға мемлекеттік қызметшілерді бағдарлау арқылы жетілдіру және аттестаттау қорытындылары, сонымен қатар мансаптық өсудің өзара байланысын тиімді қамтамасыз ету;

- мемлекеттік қызметшілердің өз бетінше білім алып, іздену жұмыстарын жүргізіп, ұдайы әрі үздіксіз оқып, өз білім деңгейлерін өз бетінше арттыруға ынталандырудың жаңа тетіктерін енгізу.

Әдебиеттер тізімі

1. Скалей Е., Мемлекеттік қызметші қалай көрінуі керек : стилист кеңестері / Скалей, Е. // Мемлекеттік қызмет = Государственная служба. - 2013. - № 1.- 54-57 бб.

2. Жумагулов М. И. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі мен әлеуметтік қамсыздандырылулары [Мәтін] / М. И. Жумагулов, Д. М. Мусипова; Д. Ж. Жаксылыков // Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. - 2016. - № 3. - 183-187 бб.

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелері / ... – Алматы : Юрист, 2003. - 8 б.

4. Халық Балтабек Сағындықұлы. Мотивация тетігін жетілдіру негізінде мемлекеттік қызметшінің еңбек нәтижелілігін арттыру: Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған авторефераты : 08.00.05 - Экономика және халық шаруашылығын басқару (қызмет салалары мен өрістері бойынша) / Б. С. Халық ... – Астана : [б. ж.], 2009. - 24, [4] б.

5. Таранов А.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы: академиялық курс / А. А. Таранов ; Алматы заң академиясы, [орысшадан ауд. С. Әжібаев]. – толықт., қайта өңд. 3-бас. .. – Алматы : ҚазГЗУ, 2003. - 283 б.

6. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жұртшылықпен байланыс; под жалпы ред. А. Серикбаева... – Астана : ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2002. - 403 б.

Марбанова Н.О., *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты*

Қазақстан Республикасының мемлекеттік аппаратын кәсібилендіруде құзыреттіліктерді дамыту жүйесін жетілдіру

Аңдатпа. Мемлекеттік аппараттың орнықты даму стратегиясын іске асыру жөніндегі тиімді қызметі мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне тікелей байланысты. Қазіргі заманғы шындықтар мемлекеттік қызметшілерден болып жатқан өзгерістердің белсенді субъектілері болуды, инновациялар жасай білуді, ауқымды жобаларды әзірлеуді және іске асыруды талап етеді. Бүгінгі таңда «жаңа формация» мемлекеттік қызметшілерін даярлау маңызды міндет болып табылады. Сондықтан құзыреттілік кез келген кәсіптегі адам қызметінің сәттілігі мен тиімділігінің әмбебап өлшемшартына айналып, мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілігін дамытудың өзектілігі артып отыр. Бұл мақалада мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілігі, кәсіби дамуы туралы түсінік берілген. Сондай-ақ мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруде құзыреттіліктерді арттырудың қазіргі жағдайы талданып, оларды жетілдірудің бірыңғай жүйесін қалыптастыру жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметші, құзыреттіліктер, тиімділік, кәсіпқойлық.

Қазіргі жылдам өзгертін VUCA әлемінде жоғары білім туралы беделді университет дипломының немесе көп жылдық тәжірибенің арқасында жинаған кәсіби дағдыларының (hard skills) болуы жетістікке жетудің негізгі кілті болып табылмайды. Сарапшылардың болжауынша, алдағы жылдары көптеген кәсіптер жоғалады немесе өзгереді [1].

Бүгінгі таңда цифрлық, ақпараттық және биотехнологиялар адам еңбегін алмастыруда. Жаңа ақпараттың пайда болу және ескіру жылдамдығы артуда. VUCA әлем тұрғысында қандай дағдылар мен құзыреттерді дамыту қажеттілігін түсіну, бәсекеге қабілеттілік пен өнімділіктің өсуіне ықпал етеді [2].

Жаңа формациядағы мемлекеттік қызметшілер осы өзгерістердің бағыттаушысы болуы тиіс, яғни туындаған мәселелерді жедел шешу, жаңа жағдайларға мобильді түрде бейімделу қабілеттеріне ие болу, ең бастысы – өзгерістерге дайын болуы керек. Құзыреттіліктің, дағдылардың үнемі дамуы тиімді мемлекеттік аппарат құрудың міндетті шарты.

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі «Ең алдымен адамдар» – «адамға бағдарланған» моделін қалыптастыру тұжырымдамасына сәйкес, мемлекеттік басқарудың сервистік және «адамға бағдарланған» моделін құру міндеттерінің бірі адами ресурстардың сапасын жақсарту және мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру болып табылады. Мемлекеттік органдардың қажеттіліктері қоғамның сұраныстарын шешуде тиімді, бейімделген және нәтижелі болуға ұмтылған мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және жеке тұлғалық құзыреттерін үздіксіз дамытумен тығыз байланысты [3].

Осы тұжырымдаманы іске асыру халық пен мемлекет арасындағы өзара іс-қимыл деңгейін арттыруды, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дағдыларын жақсартуды және олардың жоспарлау мәселелеріндегі тиімділігін арттыруды көздейді, өйткені 2017 жылы өткен жалпыға бірдей аттестаттау жалпы құзыреттіліктің төмен деңгейін көрсетті.

Адамдардың бойындағы құзіреттілігі әрқашанда маңызды сұрақтардың бірі болып келді. Қазіргі заманғы ғалымдар адамдардың құзыреттерін екі hard (Hard skills – жұмысшының функционалдылыққа негізделген кәсіби дағдылары мамандардың біліміне, дағдыларына және қажетті дағдыларына қойылатын талаптар мақсаттарға сәтті жету үшін қызметкерлерді орындау қажет және маңызды кәсіби қызмет) және soft skills (Soft skills – бұл жеке іскерлік дағдыларды көрсететін жеке дағдылар жұмысшылар табысты болу үшін

қасиеттерге, қабілеттерге, бейімділіктерге ие болуы керек кәсіби қызметтің жетістіктері) деп жіктейді.

Ұйымның тиімділігі қызметкерлердің құзіреттеріне тікелей байланысты деп тұжырымдасақ та, ұзақ уақыт бойы қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде кәсіби біліктілік пен еңбекқорлық, ұқыптылық және тәртіп сияқты қасиеттері ғана басты назарда болды.

Алайда, соңғы бірнеше онжылдықта жаһандану мен қоғамды ақпараттандыру жағдайында еңбек сипаты мен жағдайлары өзгеріп, екпін адамдармен қарым-қатынас жасау, өз ісіне берілгендік, кәсіби қызметке деген ынта, қосымша білім мен дағдыларға ие болу және маманның интеллектуалды және эмоционалды жеке қасиеттерін бағалауға ауысты деуге болады [4;5].

Бұл дағдылардың барлығы жұмсақ дағдылар деп аталады. «икемді» /«жұмсақ» дағдылар немесе әмбебап немесе кәсіби емес дағдылар деуге болады. Soft skills терминіне қарсы hard skills немесе «қатаң» дағдылар, олар тек кәсіби дағдыларды білдіреді. «Икемді» дағдыларға ие болудың маңыздылығы туралы Бонн федералды кәсіптік білім институты жүргізген зерттеуге сәйкес, 40% жағдайда кәсіби табысқа жетуде soft skills-тың әсері болатыны дәлелденген [6].

Бірқатар зерттеушілер болашақ қызметкерлердің білімі, дағдылары мен практикалық тәжірибесінің көлемі берілген біліктілікке сәйкес еңбек функцияларын толық көлемде табысты орындау үшін жеткіліксіз екенін атап өтті [7;8].

Ал, Гарвард, Стэнфорд және Карнеги университеттерінің ғалымдарының пайымдауынша, кәсіби алаңда жетістікке жету үшін 85%-ы «икемді дағдылары», 15%-ы «қатаң дағдылар» болуы керек [9].

Сонымен қатар, 2017 жылы Google компаниясындағы ең өнімді командаларды анықтау үшін жүргізілген зерттеу нәтижесінде, ең күшті команда қызметкерлер арасында «икемді дағдылары» аралас қызметкерлер тобынан құралғанын анықтаған. Одан әрі зерттеу барысында жеңіске алып келген басым құзыреттіліктер арасында қарым-қатынас, эмпатия және көшбасшылық дағдылары әсер еткенін көрсетті [10].

Зерттеулерде анықталғандай, қызметшілердің жоғары нәтижеге қол жеткізуінің бірден бір қозғаушы күші – олардың «икемді» дағдылары болып табылса, ендігі кезекте туындайтын маңызды сұрақтардың бірі – олардың бойындағы дағдыларының қажетті деңгейін анықтау болып табылады.

Адам бойындағы құзыреттіліктердің маңыздылығын ескергендіктен, құзыреттілік модельдері алғаш рет Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттарындағы шетелдік үкіметтік ұйымдарда кеңінен қолданылды. Бірте-бірте, құзыреттілік модельдері пайда болған сайын, мемлекеттік қызметшілердің жұмыс қағидаттарын бекітетін заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттар бекітіле бастады. Олар мемлекеттік қызметтің негізгі құндылықтарын және дамушы қоғамды қалыптастырудағы қызметкерлердің рөлін қамтыды [11].

Мемлекеттік аппараттың орнықты даму стратегиясын іске асыру жөніндегі тиімді қызметі мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне, олардың орнықты даму парадигмасын барабар түсінуіне тікелей байланысты. Қазіргі заманғы шындықтар мемлекеттік қызметшілерден болып жатқан өзгерістердің белсенді субъектілері болуды, инновациялар жасай білуді, ауқымды жобаларды әзірлеуді және іске асыруды талап етеді. Ал мемлекеттік қызметшілердің құзырет деңгейіне қойылатын талаптардың өсуі, өз кезегінде, оларды даярлау жүйесіне жоғары талаптар туғызады.

2021 жылы қайта даярлау мен біліктілікті арттырудан 36 027 адам өтті. Бұл ретте, олардың оқыту сапасына қанағаттану деңгейі 94 %-ды құрады. Оқытудың тәжірибеге бағдарлануын бағалау үшін постмониторинг енгізілді (оқытудан өткеннен кейін 3 ай өткен соң тыңдаушыларға сауалнама жүргізу). Нәтижелерге сәйкес, респонденттердің 58,9 %-ы алған білімдерін практикада қолданады, 27,7 %-ы ішінара пайдаланады, 13,4 %-ы

қолданбайды. Сонымен қатар, басшылар тарапынан олардың бағынысты қызметкерлердің алған білімдерін қолдануын бағалау енгізілді. Осылайша, басшылардың 89 %-ы оқыту қызметкерлердің тиімділігін арттырғанын атап өтті. Курстардың тақырыптары мемлекеттік органдардың сұранысы бойынша, сондай-ақ мемлекеттің бағдарламалық құжаттарын ескере отырып қалыптасатынына қарамастан, мемлекеттік қызметшілер оқыту олардың кәсіби қызметіне сәйкес келмейтінін жиі атап өтеді [12].

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет жүйесіндегі қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің құзыреттіктері олар мемлекеттік қызметке орналасуға үміткер болған жағдайда жеке қасиеттерін бағалау (бұдан әрі – ЖҚБ) және 360 әдісімен жыл қорытындысымен бағалау кезінде жүргізіледі [13].

Құзыреттерді бағалау жүйесі негізінен мемлекеттік ұйымдардың: іріктеу және жалдау, оқыту және дамыту, дарындарды басқару, сабақтастықты жоспарлау секілді HR-процестерінде ұсынылған. Тек HR-процестері дамыған компанияларда ғана құзыреттерді бағалау 360 жүйесі персоналдың тиімділігін бағалау жүйесімен (әлеуетті және нәтижелілікті бағалау) интеграцияланған [14].

Астана мемлекеттік қызмет хабы «Мемлекеттік органдар менеджментін жетілдіру» зерттеуінде респонденттер, Қазақстанда жеке құзыреттерді бағалау нәтижелері оқыту бағдарламаларына, кадр резервін қалыптастыруға – таланттарды анықтауға (Talent management), сабақтастықты басқаруға – түйінді позицияларға ауыстыруға (Succession planning), мансаптық жоспарлауға байланысты емес, сондай-ақ тиімділікті бағалау жүйесіне (нәтижелілік пен әлеуетті бағалау негізіндегі интегралдық индекс) енгізілмегендігін және бағалау нәтижелері бойынша оқуға жіберу үшін мемлекеттік қызметшінің қандай құзыреттерді дамытатынын түсіну қажет екенін атап өтті [15].

Әкімшілік лауазымдарға үміткерлердің ЖҚБ-да стресске орнықтылық, ынтымақтастық және әрекеттестік, стратегиялық ойлану, қызметті басқару, жеделділік, адалдық, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, бастамашылдық, шешім қабылдау, өздігінен даму, көшбасшылық, жауапкершілік, өзгерістерді басқару секілді құзыреттері скринингтеліп бағаланады.

360 әдісімен бағалау кезінде атқаратын лауазымдарына байланысты 2 деңгейі көзделген, олар құрылымдық бөлімше басшылары және «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілері деп қарастырылған.

Осы ретте, құрылымдық бөлімше басшыларының қызметті басқару, тиімді коммуникацияларды құру, әдеп нормалары мен қағидаларын ұстану, өзгерістерді басқару, нәтижеге бағдарлану, дербестік және шешімдерді қабылдау дағдылары, топты басқару, көшбасшылық қасиеттер, ынтымақтастық, жеделділік, өзін-өзі дамыту, бастамашылдық құзыреттеріне баға беріледі.

Ал, «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілерінің тиімді коммуникацияларды құру, әдеп нормалары мен қағидаларын ұстану, өзгерістерді басқару, нәтижеге бағдарлану, дербестік және шешімдерді қабылдау дағдылары, ынтымақтастық, жеделділік, өзін-өзі дамыту құзыреттеріне баға беріледі.

Яғни, жоғарыда аталған құзыреттер мемлекеттік қызметшілердің бойында болуы қажет деп тұжырымдалады. Алайда, ол құзыреттердің мемлекеттік қызметшілердің бойында қаншалықты дамығандығын анықтау ол маңызды процестердің бірі.

Осылайша, аталған құзыреттер бойынша «қанағаттанарлықсыз» нәтижелер алу, олар, әдетте, жоғарыда аталғандардың тек бір өлшемшарттың талаптарына сәйкес келмеуінің салдары болып табылады, мемлекеттік қызметшіні біліктілікті арттыру курстарына жіберу үшін негіз болып табылады.

Біліктілікті арттыру курстарына жіберілетін мемлекеттік қызметшілерді анықтау және анықтау тетігін жақсарту мақсатында қызметті бағалау критерийлеріне «мақсатқа бағдарлану құзыретін» қосу қажет деп санаймын.

Бағдарлану құзыреті, бағалау критерийлері:

- * жұмыстың қажетті нәтижесіне қол жеткізуге мүдделі
- * жұмыстың түпкілікті нәтижесін анықтай алады (көрсете алады) ;
- * мақсатқа жету үшін тиімді шараларды ұсынады.

Осы құзыретті бағалау өлшемшарттарының бірі ретінде енгізу мемлекеттік қызметшінің орындайтын кәсіби қызметінің тиімділігінің ғана емес, сапасының көрсеткіші болып табылатыны сөзсіз, ал «қанағаттанарлықсыз» нәтижелер алу мемлекеттік қызметшінің біліктілік арттыру курстарына жіберуге негіз болады.

Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларына сәйкес, «біліктілікті арттыру функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін және мемлекеттік қызметшінің құзыретін дамытуға бағытталған бағыт бойынша; мемлекеттік қызметшінің қызметі қанағаттанарлықсыз деп танылған бағыт бойынша жүргізіледі» [16].

Біліктілік арттыру курстарына жіберу кезінде жетілдірілуі қажет құзыреттерге, сондай-ақ білім мен дағдыларға баса назар аудару мақсатында оларды жолдамада нақты көрсетілуі неғұрлым орынды болады деп санаймыз (мысалы, қызметті басқару құзыретін жетілдіру қажет, өйткені бұл маман сапасыз құжаттарды дайындайды немесе құзыреттілігін жетілдіру қажет. Мақсатқа бағытталу, осылайша маман ретінде мақсатқа жетуге мүдделі емес немесе ресми құжаттарды жасау техникасы саласындағы дағдыларды жетілдіру қажет және т.б.).

Ұсынымдар ретінде қызметті бағалау нәтижелері бойынша жоғары жұмыс көрсеткіштерімен ерекшеленетін мемлекеттік қызметшілердің, сондай-ақ жүзеге асырылатын кәсіби қызмет тәжірибесінен нақты мысалдармен бөлісе алатын «үздік мемлекеттік қызметші» конкурсының жеңімпаздарының семинарларын өткізуді ұсынуға болады.

Кәсіптік білім беруді жетілдіру және біліктілікті арттыру жөніндегі шараларды қарастыра отырып, оқытудың қосымша әдістерін қарастырған жөн деп санаймыз.

Мысалы, Оңтүстік Кореяның [17] және қазіргі әлемдік қоғамдастықтың көптеген басқа шет елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, мемлекеттік орган коучингке мамандандырылған кәсіби жаттықтырушылармен келісімшарт жасасқан кезде жұмыс орнында оқытуды көздейтін әдісті қарастыруға болады [18]. Бұл жағдайда жұмыс беруші кәсіби жаттықтырушы-коучпен келісімшарт жасай отырып, өз қызметкерлерінің ғана емес, жалпы компанияның тиімділігін арттыруға тікелей мүдделі. Мұндай жаттықтырушы-коучтарды тарту тек кәсіби білім деңгейін арттыруға ғана емес, сонымен қатар әзірленген құзыреттерге толық сәйкес келуге көмектесетін қосымша кәсіби дағдыларды дамытуға оң әсер етеді деп санаймын.

IT-технологияларды ауқымды дамыту фактісін назарға ала отырып, мемлекеттік қызметшілер өздерінің кәсіби білімдері мен дағдыларын одан әрі жетілдіре алатын мобильді қосымша әзірлеу қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің оқу қауымдастықтарын құру құзыреттер мен қосымша дағдыларды дамытуға ықпал ететін болады. Мысалы, осы оқу қауымдастықтарында IT-технологияларды, тілдерді, басқару саласындағы білімді (тайм-менеджмент, soft skills) меңгерген мемлекеттік қызметшілер бір-бірімен дағдыларды бөлісе алады және сонымен бірге құзыреттері бойынша жетілдіре алады. Тәжірибемен бөлісу қабілеті – бұл қазіргі заманғы мемлекеттік қызметшінің таланты мен сапалық қасиеті.

Алынған білім мен дағдыларды бекітудің ең тиімді әдістерінің бірі біліктілікті арттыру курстарынан өткеннен кейін мемлекеттік қызметшілермен байланысты сақтау болуы мүмкін деп санаймыз. Оған имитацияланған жағдайлар бойынша электрондық тапсырмаларды жіберу, жүзеге асырылатын қызмет түріне байланысты практикалық тақырыптарға эссе жазу бойынша тапсырмалар, мемлекеттік қызметшінің біліктілікті арттыру курстарынан өту нәтижелерін бекіту мақсатында сауалнама жүргізу және тестілеу кіруі мүмкін. Мемлекеттік қызметшімен байланысты сақтау курстардан өткеннен кейін екі ай ішінде мүмкін болады деп санаймыз. Бұл бағытты жетілдіру шаралары ретінде қолдану

сөзсіз оң нәтижеге ие болады, өйткені бұл әрбір мемлекеттік қызметшінің материалды қаншалықты нақты игергенін тексеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, біліктілікті арттыру курстарынан өткеннен кейін екі ай ішінде мемлекеттік қызметшілермен байланысты сақтаумен қатар, қызметті бағалаудың «қанағаттанарлықсыз» нәтижелеріне байланысты біліктілікті арттыруға бағытталған мемлекеттік қызметшілердің қызметіне кейінгі бақылауды жүзеге асыру ұсынылады.

Оқу курстарынан өткен мемлекеттік қызметшілердің қызметін бақылау мемлекеттік қызметшілерге орындалатын жұмыс туралы есептерді, өзін-өзі бағалау нәтижелерін (сауалнама арқылы өзін-өзі бағалау) ұсыну міндетін бекіту нысанында мүмкін деп санаймын. Сондай-ақ мемлекеттік қызметші жасайтын құжаттарға және орындалатын тапсырмалар мен міндеттерге ішкі мониторинг нысанында жүргізіледі.

Қазақстандық құзыреттер жүйесінің мазмұны шет елдер модельдерінің мазмұнына ұқсас. Ол ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) стандарттарына және үздік шетелдік тәжірибелерге сәйкес келеді.

Құзыреттердің бірыңғай жүйесін пайдалану әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби құзыреттеріне сәйкестігін объективті бағалауға, сондай-ақ әрбір қызметкерге қажетті нақты кәсіби құзыреттерді дамытуды ескере отырып, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруға тапсырыс жасауға мүмкіндік береді.

ЭЫДҰ халықаралық тобының жүргізген зерттеуіне сәйкес, 2030 жылға қарай дағдылар мен құзыреттер 3 негізгі топқа бөлінетін болады [19]:

- шығармашылық және сыни ойлау, өзін-өзі реттеу және «оқуды үйрену қабілеті» сияқты құзыреттерді қамтитын когнитивті және метакогнитивті дағдылар;
- әлеуметтік-эмоционалды топқа біріктірілген өзіндік тиімділік, ынтымақтастық және эмпатия;
- жаңа құрылғылармен, коммуникациялық-ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу қабілетімен байланысты құзыреттер.

Осыны ескере отырып, құзыреттер тізіміне шығармашылық ойлау, эмоционалды интеллект, эмпатия және ақпараттық технологиялармен жұмыс сияқты элементтерді заңнамалық бекіту және енгізу ұсынылады. Бұл тәжірибе Индонезияда сәтті қолданылуда және құзыреттерді дамыту бойынша жұмысқа көп көңіл бөлінеді [20].

Қазақстанның мемлекеттік қызмет жүйесі бірінші кезекте азаматтардың қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға біртіндеп қайта бағдарлануда. Кәсібилік пен құзыреттілік мемлекеттік қызметші қызметінің нормативтік актілерде белгіленген белгілі бір мемлекеттік басқару органы немесе лауазымды адам иелігіндегі өкілеттіктердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Осылайша, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі, сабақтастығы, қажетті құзыреттерін дамыту мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары ретінде белгіленеді.

Мемлекеттік қызметшілердің құзыреттерін мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы ретінде анықтауға болады, құзыреттер деңгейі мемлекеттік қызметшінің кәсіби жарамдылығын, оның қызметтік жұмысты қарапайым және экстремалды жағдайларда жүзеге асыру қабілетін айқындайтын көрсеткіш. Жоғары кәсіби кадрлар әрқашан мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің кілті. Жалпы, мемлекеттік саясатты табысты іске асыру әрбір мемлекеттік қызметшінің өзінің функционалдық міндеттерін тиімді атқару қабілетіне байланысты.

Тұтастай алғанда, мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілігін дамыту мемлекеттік қызмет жұмысының тиімділігі, азаматтарға қызмет көрсету сапасын және жалпы қоғамның дамуын арттыруға тиіс үздіксіз процесс болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Managing in a VUCA World Thriving in Turbulent Times // Электронный ресурс: <https://www.mindtools.com/pages/article/managing-vuca-world.htm>.
2. Что такое VUCA мир и как в нем жить // Электронный ресурс: <https://monocler.ru/chto-takoe-vuca-mir-i-kak-v-nem-zhit/>.
3. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522>
4. Шипилов В. Перечень навыков soft-skills и способы их развития. URL: https://www.cfin.ru/management/people/dev_val/soft-skills.shtml
5. Юрина М., Горлова Е., Полухина М. Педагогические технологии обучения иностранному языку в контексте компетенций XXI века // Вестник СамГТУ. 2019. № 1. С. 157–165.
6. Soft Skills – Der Schlüssel zum Erfolg. Veröffentlicht am 11.07.2016. URL: <https://rockyourcompany.de/2016/07/11/soft-skills-der-schluessel-zum-erfolg/>
7. Хасанова Г. Требования работодателей к выпускникам инженерных вузов // Вестник Казанского технологического университета. 2012. Т. 15, № 20. С. 215–217.
8. Данакин Н., Шутенко А. Конкурентоспособность выпускников как показатель эффективности работы современного вуза // Современные проблемы науки и образования. 2014. № 6. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?.id=15869>
9. Отключение межличностных навыков <https://www.nationalsoftskills.org/the-soft-skills-disconnect/>
10. The surprising thing Google learned about its employees — and what it means for today’s students <https://www.washington.post.com/news/answer-sheet/wp/2017/12/20/the-surprising-thing.-google-learned-about-its-employees-and-what-it-means-for-todays-students/>
11. Кудрявцева Е. Менеджмент компетенций в системе государственной гражданской службы // Управленческое консультирование. – 2013. – № 6(54). – С. 22–31.
12. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы ұлттық баяндама. – 2022 жыл. <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet/documents/details/307381?lang=kk>
13. «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 13 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016299>
14. The Organization for Economic Co-operation and Development /Human Resources Management: Country Profiles / <https://www.oecd.org/gov/pem/hrpractices.htm>
15. «Жеке, квазимемлекеттік және мемлекеттік секторлардың қазақстандық ұйымдарындағы қазіргі заманғы HR рөлі мен мәртебесін зерделеу» зерттеуі https://www.astanacivilservicehub.org/uploads/research_pdf/research%20project/6_Kaz.pdf
16. «Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 125 Қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000125>
17. Pan Suk Kim. Innovating training and development in government: The case of South Korea. ANU press с. 125-141. – URL: <http://pressfiles.anu.edu.au/downloads/press/n2144/pdf/ch06.pdf>
18. Коучинг (англ. coaching) — метод консалтинга и тренинга, в процессе которого человек, называющийся «коуч», помогает обучающемуся достичь некой жизненной или профессиональной цели. В отличие от менторства, коучинг сфокусирован на достижении чётко определённых целей вместо общего развития. – URL:

<https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D1%83%D1%87%D0%B8%D0%BD%D0%B3>

19. The Report of the OECD. Future of Education and Skills 2030, 2021. – С. 4-5. 46 Сайт Национального института государственного управления РИ: https://lan.go.id/?page_id=1499

20. Сайт Национального института государственного управления РИ: https://lan.go.id/?page_id=1499

Науаров А.К., *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты*

Мемлекеттік қызметшіні ынталандыру жүйесінің өзекті мәселелері

Аңдатпа: Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін нарықтық экономика кезінде мемлекеттік аппараттың персоналдарын ынталандыру жүйесін жетілдіру – бұл кезек күттірмейтін мәселе.

Жұмыс беруші үздік ұйымдардың, жеке компаниялардағы персоналды басқару қызметінің қызметкерлерді ынталандыру жүйесін әрдайым жетілдіріп отыруы арқылы қызметшілердің жұмыс тиімділігін арттыратынын дәлелдеуде. Ал мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің (мемлекеттік қызметшілердің) ынталандыру жүйесінің жетілмеуі жұмыс тиімділігінің төмендеуіне әсер етеді. Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғау нысанының жетілдірілмеуі мемлекеттік органның стратегиялық міндеттеріне жетуіне, мемлекеттік реформалардың тиісті деңгейде орындалмауына, мемлекеттік қызметтегі тұрақсыздыққа алып келеді, тіпті мемлекет дамуының негізгі кедергілерінің бірі екені айқын.

Мемлекеттік қызмет саласын жетілдіру мақсатында шет елдік тәжірибелерді енгізбес бұрын мемлекеттің ішкі жүйесіне сәйкес мемлекеттік қызметтегі қазақстандық (өзіндік) тәжірибе жасайтын уақыт келді.

Мақалада мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қолдау арқылы ынталандыру жүйесін жетілдіру тетіктері қарастырылады. Сондай-ақ, автор мемлекеттік қызмет туралы заңның мемлекеттік қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктері тарауының әлеуметтік қолдау туралы баптарын жетілдіріп, мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік пакеттерді белгілеу арқылы мемлекеттік қызметшілердің қызметіндегі ұрпақтар сабақтастығының, қызметтік тұрақтылықтың, мемлекеттік қызметте тиімді және ұзақ мерзімде қызмет етудің алғышарттарын қарастырады. Автор мемлекеттік қызмет туралы заңның тиісті тарауына арнаулы мемлекеттік органдары туралы және осыған ұқсас заңдармен салыстырмалы түрде біріздендіруді ұсынады.

Мақала авторымен заңға өзгеріс енгізу арқылы мемлекеттік қызметшінің әлеуметтік жағдайын арттырып мемлекеттік аппараттың кадрлық әлеуетін жетілдіруге нақты әсер ететін мүмкіндіктер қарастырылған.

Түйін сөздер: Мемлекеттік қызмет, әлеуметтік қолдау, ынталандыру жүйесін жетілдіру, заң.

Әлемнің дамыған елдеріндегі мемлекеттік қызметтің ішкі жүйесін зерделеу барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін ынталандыру жүйесіне, әсіресе, әлеуметтік қолдау тетіктеріне бірқатар өзгеріс керек екені анық байқалды.

2019 жылы мамыр айында Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы мен Назарбаев Университеті Мемлекеттік жоғары саясат мектебінің қолдауымен «Астана экономикалық форумы» өткен болатын.

Форумның «Марапат және құрмет: ХХІ ғасырда мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру» атты панельдік сессиясында, Астана Мемлекеттік қызмет хабының Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменов «Адамзаттың ортақ өзекті мәселелерін шешуде мемлекеттік басқару сапасы ерекше рөл атқарады. Ол тек мемлекеттік қызметшілердің білімі және білігімен ғана емес, ынта-жігерімен де анықталады» десе, панельдік сессияның басты спикерінің бірі америкалық зерттеуші, мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру теориясының негізін қалаушылардың бірі, АҚШ-тың Индиана Блумингтон Университетінің профессоры Джеймс Л. Перри «Ынталандыру жүйесін даярлау кезінде осы саладағы ғылыми зерттеулер нәтижесін ескерген жөн. Ондағы шешуші факторлар – институттар, мотивация және адами ресурстар үйлесімділігі» [1] деп атап көрсетті.

Ғылыми мақаланың мақсаты – Қазақстанның мемлекеттік қызмет саласындағы ынталандыру жүйесінің өзекті мәселерін айқындау. Өзекті мәселеге басты негіз бұл – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңы. Қолданыстағы заңнаманың ынталандыру тетіктері белгіленген баптарына талдау жүргізіліп, сәйкесінше мемлекеттік қызметшілердің заңнамада белгіленген әлеуметтік кепілдіктеріне қатысты өзекті мәселелер бар екендігі анықталды.

Қызметке ынталы адамдар мемлекеттік органның негізгі активі болғандықтан, біз мемлекеттік қызметкерлердің ынталы болуына не итермелейтінін және олардың күнделікті жұмысына не кедергі келтіретінін түсінуіміз керек [2].

Жалпы қызметкерді ынталандыру ұғымына тоқталар болсақ, ынталандыру (уәждеме) латынша *movēre* – ояту, ұмтылдыру.

Осы ретте, мемлекеттік қызметшіні ынталандыру жүйесін жетілдіру бойынша ҚР Президентінің Жарлығымен кешенді тұжырымдама қабылданған болатын [3].

Тұжырымдамада төмендегідей баяндалады, Мемлекеттік органдардың жұмысы еңбектің тиімсіз ұйымдастырылуымен және мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғаудың нақты жүйесінің болмауымен сипатталады. Бұл білікті кадрлардың, оның ішінде шетелдік білімі бар мамандардың жеке секторға кетуіне, сондай-ақ мемлекеттік қызметті жұмысқа орналасуға қызықтырмайтын орын ретінде қабылдауға әкеп соғады. Кадрлық әлеуеттің төмендеуі мемлекеттік органдардың (әсіресе өңірлік деңгейде) кадрлық құрамын кәсібилендіруді толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді [3].

Тұжырымдамада баяндалғандай, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғау жүйесінің нақты болмауы, осыған байланысты қызметкерлердің жеке секторға ауысып кетуі күні бүгінге дейін өзекті мәселе екендігін айғақтап отыр.

Осы орайда нақты мәселеге көз жеткізу үшін біз қолданыстағы мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға жүгінеміз [4]. 2015 жылы қабылданған заңға күні бүгінге дейін 35 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Алайда, мемлекеттік қызметшіні ынталандыратын әлеуметтік қорғау туралы тараулар мен баптары тиісті деңгейде жетілдірілмеген.

Аталған заңның 9-тарауы Мемлекеттік қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктері [4] деп аталғанымен, мемлекеттік қызметшінің отбасы мүшелеріне қатысты норма енгізілмеген.

Заңның 56-бабында мемлекеттік қызметшіні әлеуметтік қорғау шаралары қарастырылған. Осы баптың 1-тармағы, мемлекеттік қызметшілер «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалатын тәртіппен тұрғын үймен қамтамасыз етіледі делінген, дегенмен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің 2023 жылы жарияланған Ұлттық баяндамасындағы мәліметіне сүйенер болсақ, мемлекеттік қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету де өзекті мәселе болып табылады. Сауалнамаға сәйкес, қызметкерлердің шамамен 40%-ында жеке тұрғын үй жоқ [5]. Бұдан сауалнама нәтижесіне сәйкес тиісті қолдау шаралары жүзеге асырылмай жатқанын аңғаруға болады.

2-тармақта «Тұрғынжай жағдайларын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғынжай құрылысы үшін жер учаскелері беріледі. Жер учаскелерін берудің шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады» деп көрсетілген [4].

Қазақстанда жеке және заңды тұлғаларға жер беру туралы Қазақстан Республикасының «Жер кодексі» бар [6]. Кодекстің 41-бабы «Қызметтік жер телімі» деп аталады, осы баптың 2-тармағы «Қызметтік жер теліміне құқығы бар қызметкерлер санаттарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді» делінген. Қызметтік жер үлесіне құқығы бар қызметкерлер санатының тізбесін бекіту туралы қаулыда мемлекеттік қызметші санаты жоқ [7], сол себепті 2-тармақтың шарттары заңнамада айқындалмағанын атап өтуге болады.

3-тармақта «Мемлекеттік қызметшілер және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері медициналық қызмет көрсетуді тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде белгіленген тәртіпте пайдаланады» деп белгіленгенмен, жалпы мемлекеттік қызметшілер «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске сәйкес медициналық қызмет алады [8]. Кодекстің 142-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері мен азаматтарының жекелеген санаттарына медициналық көмек көрсету Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы бекіткен тізбеге сәйкес жүзеге асырылады [8], делінген. Осы орайда, орталық органдардағы мемлекеттік қызметшілерге қарағанда өңірлердің мемлекеттік қызметшілеріне артықшылықтар немесе жеңілдіктер белгіленбегенін нақты айтуға болады. Себебі бекітілген тізбеге жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызметшілері енгізілмеген.

Қазақстанның мемлекеттік қызмет туралы заңы барша мемлекеттік қызметкерлерге ортақ болғанымен кейбір әлеуметтік қолдау баптары жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызметкерлеріне қолданылмауы әрине қызметкерлерге кері мотивация береді.

Тек осы медициналық қамтамасыз етілуі емес, жалпы кері мотивация салдары мемлекеттік қызметшіні жемқорлық тәуекелдеріне де алып келуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2021 жылғы Ұлттық баяндамасындағы деректерге көз жүгіртсек [9]. Жемқорлық әрекетке барғаны үшін 892 адам бас бостандығынан айырылған, соның ішінде: ішкі істер органдарының – 207, денсаулық сақтау министрлігінің – 16, қаржы министрлігінің – 34, ауыл шаруашылығы министрлігінің – 19, жергілікті атқарушы орган және бөлімшелерінің – 150, әкім лауазымындағы – 5, ұлттық қауіпсіздік органдарының – 10, экономикалық тергеу қызметінің – 4, прокуратураның – 3 қызметшілері, судьялар қатарынан 3 адам бар [9].

Жалпы мемлекеттік қызмет туралы заңның жеке тұлғаға, яғни мемлекеттік қызметшіге ғана бағытталғанын оның отбасына қатысты тұстарын жетілдіру қажеттігі жоғарыда аталды.

Ал сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында заңнаманы жетілдіру бойынша төмендегі мысалдар негіз болмақ.

Мемлекеттік қызмет туралы заңның 41-бабы, Мемлекеттік қызметшілерді ротациялауға қатысты 1-тармағы «Мемлекеттік қызметті өткеру кезінде кәсіби әлеуеттің неғұрлым тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметшілерді ротациялау жүзеге асырылады» [4]. Аталған бапта тек қана ротациялық төлемдер жүзеге асырылатындығы ғана аталған, ал қызмет бабымен басқа елді мекенге жұмыс орнын өзгерткен немесе меритократия қағидатына сәйкес мансабын жоғарылатқан, ауданнан облыс орталығына немесе облыстан орталық атқарушы органға бос әкімшілік лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметшінің отбасылы болуы, балаларының болуы, олардың балабақшамен кезектен тыс қамтамасыз етілуі ескерілмеген.

Мемлекеттік қызметшінің лауазымға тағайындалған өңірінде балаларын кезектен тыс балабақшамен қамтамасыз етілуі – бұл әлеуметтік қолдау және осыған байланысты егер де балабақшада орын болмаған жағдайдағы жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға сеп.

Әрбір мемлекеттік қызметкер – бұл мекеменінің қозғаушы, алға жетелеуші күші деп қарар болсақ, біз оның жұмыс барысында тұрмыстық мәселесі жоқ, алаңсыз отыруын да заңмен реттеп қойғанымыз жөн деп есептейміз.

Себебі, «Мемлекеттік аппаратта жұмыс істеудің тартымдылығы әлеуметтік пакетті қайта қарау есебінен де артады» [10].

Мемлекеттік қызметтің жүйесіндегі мемлекеттік қызметші – бұл тек қана белгілі лауазымды атқарып қана қоятын персонал ғана емес, мемлекеттік саясатты қалыптастырушы лауазымды тұлға ретінде оның эмоциялық интеллектіне тікелей жауапты отбасы мүшелері де бар «толық кешен» деген көзқарас қалыптастыруымыз керек. Себебі әлеуметтік мәселесі шешімін таппаған мемлекеттік қызметші жемқорлық тәуекелдерін туғызуы мүмкін. Еңбекақысы аз мемлекеттік қызметтің қоғам үшін пайдасынан зияны көп. Бұл мәселеге жете назар аудармау кері кетуге, біліктілік пен бастамашылдықтан айырылуға, сондай-ақ ең сорақысы, жемқорлыққа әкеп соқтырады [11], деп атап өтті Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев.

Президент Жолдауын әрі тарқатар болсақ, әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген мемлекеттік қызметкердің өз міндеттерін орындауға ынтасы болмайды. Жұмысқа деген ынта болмаса қызмет барысында берілген тапсырмалар, қол жетуі тиіс салалық индикаторлар, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы, қала берді мемлекеттік саясаттың іске асуы әлсірейді деуге негіз бар.

Мемлекеттік қызметкерді ынталандырудың тиімді жүйесі – жұмыстағы жоғары көрсеткіштер үшін тікелей ынталандыруларды құрушы, кадрларды мемлекеттік қызметте ұстап қалуды қамтамасыз етуші фактор және жемқорлықтың алдын алуға арналған қосымша шара болады [3].

Жоғарыда атап өткендей, мемлекеттік қызметші мансаптық жоғарылауы кезінде өзге аймаққа ауысқан кезде отбасы мүшелерінің, әсіресе, балаларының балабақшамен кезексіз қамтамасыз етілуі заңмен бекітілгені жөн. Бұндай практика Қазақстан Республикасының бірқатар құзырлы органдарында бар;

- Құқық қорғау органы қызметкерлерінің, оның ішінде қызмет өткеру уақытында қаза тапқан, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткендердің балаларына жергілікті атқарушы органдар тұрғылықты жері бойынша балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелерден кезектен тыс орындар береді [12].

- Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, оның ішінде қызмет өткеру кезеңінде қаза болған, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен қызметкерлерінің балаларына жергілікті атқарушы органдар тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі ұйымдардан кезектен тыс орын береді [13].

- Қызметкерлердің, оның ішінде қызмет өткеру кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен қызметкерлердің балаларына жергілікті атқарушы органдар тұрғылықты жері бойынша мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде кезектен тыс орын береді, оған ақы төлеу мемлекеттік мектеп жасына дейінгі мекемелер үшін белгіленген мөлшерде алынады [14].

Заңнамада бекітілген норманы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңының әлеуметтік кепілдіктері тарауына енгізу қажет деп есептейміз. Қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы біз мемлекеттік қызметшілерді ынталандырудың жүйесін жетілдіре аламыз.

Қорытынды: Дамыған қоғамда адами капитал құнды, адами ресурс таптырмастай асыл, ал қызметкердің талабы биік болмақ. Мемлекеттік қызметте ұрпақтар сабақтастығын

жалғастыра отырып, қызметкерлерді әлеуметтік қолдау нормаларына өзгерістер енгізу арқылы біз кадрлардың жеке секторға ауысуының алдын аламыз.

Кез келген жұмыс беруші, азаматтарды жұмысқа қабылдау кезінде ең бірінші әлеуметтік қолдау жүйесіне тоқтала отырып назарын аудартады. Осылайша, әрмен қарай заңнаманы басшылыққа алып қызметкердің ынтасын арттыруға бағытталған тетіктеріне тоқталады. Мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға өзгерістер енгізілсе, мемлекеттік аппаратта жеке секторлардан ауысуға ниетті менеджерлерді, жастарды көруге болады.

Расында жаңа буын өкілдері жұмыс таңдау барысында ең бірінші әлеуметтік қолдау жүйесіне мән береді. Себебі жеке секторларда қолдаудың бұл түрі жолға қойылған. Аталған жағдаяттарды ескере келе, мемлекеттік қызметшінің қызметтік міндетін атқаруына қойылған талаптар мен өзіне қабылдаған заңды шектеулердің тәртібі жоғары болса қызметкер соғұрлым әлеуметтік тұрғыдан да қорғалуы шарт. Жалпы, мемлекеттік қызметте ынталандыруды жетілдіру экономикалық қана емес, әлеуметтік және психологиялық факторларды да ескеретін интегралды тәсілді талап етеді. Сайып келгенде мемлекеттік қызмет туралы заңның әлеуметтік қолдау туралы баптарын жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекеттік қызметкерлерді ынталандыру мәселелері талқыланды // мамыр 2019 жыл. <https://ult.kz/post/memleketтик-kyzmetkerlerdi-yntalandyru-maseleleri-talkylandy>
2. «Public Service Motivation in Public Administration» Wouter Vandenabeele, Carina Schott, Oxford University Press, // желтоқсан 2020 жыл. <https://oxfordre.com/politics/display/10.1093/acrefore/9780190228637.001.0001/acrefore-9780190228637-e-1401.jsessionid=BD255F5EB9BABADCC0D52BB4B408CA11>
3. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 119 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000119#z5>
4. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлттық баяндамасы // сәуір 2023 жыл. <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet/documents/details/454043?lang=kk>
5. «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442>
6. Қызметтік жер үлесіне құқығы бар қызметкерлер санатының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 908 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030000908>
7. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360>
Аңдатпа. Жаһандану – мемлекеттердің экономикасы, мәдениеті мен саясаты өзара тәуелді және интеграцияланған процесс. Жаһандану процесі жаңа мәдени тәжірибелер мен таңдауларға әкелді. Мәдени айырмашылықтарды түсіну, қабылдау әралуандылықты басқаруға, көзқарас қақтығыстарын азайтуға септігін тигізеді. Әралуандылық - ұйымда, қауымдастықта, мәдениетте немесе табиғатта әртүрлі формалар мен түрлердің болуын сипаттайтын кең ұғым. Ол нәсіл, этникалық, жыныс, жас, дін, мәдениет, тіл, тәжірибе, білім, қабілет және адамдар тобында немесе қоршаған ортада әртүрлілікке ықпал ететін басқа факторлардағы айырмашылықтарды білдіреді. Әралуандылықты тану және құрметтеу бірегей идеялар мен шешімдерді жеткізе алатын креативті ортаны қалыптастыратыны анық. Қазіргі таңда әралуандылық идеологиясы даму және нығаю процесінде. Алайда, әлемде әралуандылық туралы нақты есеп жүргізілмейді, себебі көптеген елдер бұл бағытта статистикалық мәліметтерді жинамайды және жарияламайды. Осыған байланысты халықаралық ұйымдардағы әралуандылық процесінің осал және тиімді жақтарын анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан 55 респондент – Қазақстан Республикасының азаматтары, олардың 44,2%-ы білім алуда, 28,8%-ы жұмыс істейді, 5,8%-ы тағылымдамадан өтуде және 21,2%-ы басқа себептермен шетелде тұрады. Қорытындысында ұйымдар әртүрлі көзқараспен келген адамдарға қалай екі жақтан сенімділікті қалыптастыруы керек? Мәдени араласу қай кезде ең тартымды? Адамдар ішкі және сыртқы қауіптерді қалай жеңіп, оның орнына «мәдени хамелеондарға» айналады? Сонымен бірге өз бірегейлігін қалай сақтап қалады деген сұрақтардың жауабын іздеу болды. Нәтижесінде әралуандылық адамдардың «тірек тасы» деген тұжырымға келдік.

Түйін сөздер: әралуандылық, жаһандану, мәдениет, құндылықтар, әлеует.

Кіріспе

Жаһандану идеясы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болды. Алайда, «жаһандану» термині соңғы онжылдықтарда ғана кеңінен қолданыла бастады.

Жаһандану процесін алғаш зерттеген ғалымдардың қатарында Теодор Левиттің «Жаһандану келе жатыр» атты мақаласында халықаралық интеграцияның жеделдетілуі мемлекеттік шекаралар рөлінің төмендеуіне және оның өсуіне әкелетінін болжаған болатын (*Harvard Business Review, 1983*).

Ең танымал жаһандану теоретиктері Антонио Негри мен Майкл Хардттің «Имерия» кітабы кезінде қоғамда резонанс тудырды. Бұл еңбекте біріншіден, капиталистік әлемді өзгерткен жаһанданудың тиімді және қайтымсыз екені айтылады. Екіншіден, экономикалық қатынастардың саяси бақылауға тәуелділігі азайып, ұлттық мемлекеттің құлдырауы байқалады. Шындығында, бұл екі тезис неолибералдық насихаттың үйреншікті тұстары болып табылады («*EMPIRE*» *Michael Hardt & Antonio Negri, 2000*).

Халықаралық экономика және жаһандану саласындағы зерттеулерімен танымал ғалым, әйгілі американдық экономист, экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты (2001) Джозеф Стиглиц жаһандану елдердің ішінде де, олардың арасында да теңсіздіктің артуына әкелетінін, сонымен қатар ол қоршаған ортаға теріс әсер етіп, әсіресе дамушы елдерде еңбекті қанауды ынталандыруы мүмкін екенін алға тартады.

Дегенмен, Дж. Стиглиц жалпы жаһанданудан бас тартуға шақырмайды, керісінше оның кейбір аспектілерін қайта қарауды және өзгертуді ұсынады.

Әралуандылық жаһандану процесімен қатар жүретін құбылыс. Әралуандылық мәдени, әлеуметтік, экономикалық, биологиялық, физикалық және басқа да сипаттамаларға

қатысты. Мысалы, биология контекстінде түрлердің алуандылығы, генетикалық айырмашылықтарды және экожүйелерді білдіреді. Мәдени антропология контекстінде әралуандылық тілдердің, әдет-ғұрыптардың, дәстүрлердің және діндердің әртүрлілігін білдіруі. Осы туралы зерттеуші антрополог Рут Бенедикт (1887-1948) әртүрлі мәдениеттердің адам өміріне қандай өзгеріс әкелетіні және бұл тәсілдер адамдардың көзқарастары мен мінез-құлқына қалай әсер ететіні туралы ойлаудың құнды негізін салып кетті.

Р. Рузвельт Томас (1944–2013) әралуандылықты басқару теориясының пионері болып табылады. Ол өзінің «Нәсіл мен гендерден тыс» атты еңбегінде қызметкерлердің гетерогенді ұжымдарын классикалық ерекшелік белгілеріне: нәсіл мен жынысқа сүйенбей зерттейді. Ол былай деп жазады: «Әралуандылық көптеген қасиеттерді қамтиды. Сіз тек нәсіл мен жыныспен шектеле алмайсыз. Сондай-ақ жас, жеке және корпоративтік құндылықтар, білім, деңгейі мен тұлғалық қасиеттері сияқты белгілер бар». Р.Томас ажырататын белгілерді екі категорияға бөледі: айқын белгілер (мысалы, жас немесе нәсіл) және оңай байқалмайтын белгілер: білім, өмір салты, өмірлік құндылықтар және т.б. Р.Томастың концепциясы бойынша әртүрлілік тек айырмашылықты ғана емес, ұқсастықты да қамтиды. Оның негізгі идеясы барлық қызметкерлердің әлеуетін анықтау және пайдалану болып табылады.

Неміс зерттеушісі Марве Финкенің («Әралуандылықты басқару. Компаниялардағы қызметкерлердің әртүрлілігін ынталандыру және пайдалану (практикалық қызметкерлер және ұйымдастырушылық зерттеулер)», 2006) еңбегінде әралуандылыққа қатысты қызметкерлердің бірнеше ұстанымдарын атап көрсетеді:

1) әралуандылықты ұйымға және оның тұрақтылығына қауіп ретінде қарастыратын «белсенді және пассивті қарсыластар». Олардың ұлтшылдық сезімі басым, ұлттық, діни және басқа да көзқарасы бөлек адамдарға өшпенділік сезімін ұстайды;

2) әралуандылыққа қатысты енжар позицияны көрсететін «үнсіз көпшілік» ол басқалардың өмір тынысына қызығушылық танытпайды және немқұрайлы қарайды;

3) «жалынды жақтаушылар» әралуандылық әлемін терең түсінеді, ұйымның дамуы үшін оның артықшылықтарын көреді, олар әлеуметтік белсенділігін көрсетуге дайын және басқа этнос өкілдеріне қолұшын беруге әзір. Басқалардың мәдениеті және кәсіби, жеке шығармашылық әлеуетін ашуға атсалысады.

Қазіргі уақытта әралуандылық идеологиясы көптеген қоғамдарда айтарлықтай қолдау мен мойындауға ие болуда. Ол әлемдегі әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістерді көрсететін құндылыққа айналуда. Көптеген елдер мен ұйымдар білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, адам құқықтары, мәдениет және т.б. сияқты өмірдің әртүрлі аспектілеріндегі әралуандылықты мойындайтын және қолдайтын саясаттар мен бағдарламаларды әзірледі. Дегенмен, барлық жетістіктерге қарамастан, әралуандылық идеологиясы әлі жалпыға бірдей стандарт емес және бұл идеологияны толық жүзеге асыру үшін көптеген кедергілерді жеңу қажет. Негізгі қиындықтардың бірі – адамдар мен топтардың жеке басына байланысты кемсітушілік пен теңсіздікті бастан кешіру. Кейбір елдер әралуандылықты ынталандыру шараларын қолдамайды және қолданбайды, ал бір ұйымдар мен тұлғалар басқа мәдениеттер мен көзқарастарға төзбеушілік танытуда.

Гонконг Ғылым және технология университеті, менеджмент кафедрасының доценті Джей Чоның зерттеуінде (*Jaee Cho, Carmit T. Tadmor and Michael W. Morris, 2018*) топ аралық қақтығыстар мен кемсітушіліктің үш түрлі идеологиясына назар аударады: нәсілдік төзбеушілік (color blindness), мультикультурализм және поликультурализм.

Әралуандылық идеологиясының тұлға аралық және топ аралық қатынастарға әсері дәйекті түрде зерттелген. Алғаш рет әралуандылық идеологиясы мәдениеттердің ішкі тұлғалық тоғысуына, әсіресе бөтен идеяларды мәдени мәселелерді шешуге біріктіру саласында әсер ететінін көрсетеді. Бұрынғы зерттеулер тек адамдардың әралуандылықты қалай басқаруға болатыны туралы мәдени бейімділіктерінің тұлғааралық әсеріне бағытталғанымен, олар адамдардың бөтен мәдениеттерге деген көзқарасын өзгерте отырып, ішкі тұлғалық әрекеттерге де маңызды әсер етуін дәлелдеді.

Оңтүстік Африкалық зерттеуші ғалым Оуэн Нкосинати Сотсангане (*What Impact Globalization has on Cultural Diversity? 11 бөм, 2002*) сөзсіз, мәдениет әртүрлі, бірақ тең дейді. Осы тұрғыдан алғанда бұл мақалада мәдени қозғалыс мәселесі жан-жақты қарастырылған. Қазіргі қоғамдардың өзі көп мәдениетті. Сондай-ақ қоғамдар ғана емес, адамдар да көпмәдениетті. Жаһандану концепциясы, мәдениеттердің әралуан екенін көрсетеді. Жаһандану – бұл біріктіру ұғымы дегенді алдыға тартады. Мақаладағы жаһандану бөлінуді емес, керісінше әртүрлі мәдениеттердің алмасуы және өзара әрекеттесуге әкелетін адамзат үшін оң тәжірибе делінген.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Мәдени әралуандылық туралы жалпыға бірдей декларациясында мәдени әралуандылық адамзат үшін құндылық және оны сақтау, қорғау және насихаттау қажет. Декларация мәдени әралуандылықты құрметтеуге, аз халықтардың құқықтарын қорғауға, әртүрлі мәдениеттер туралы хабардарлықты арттыруға және мәдениетаралық диалогты ілгерілетуге шақырады. Бұл декларация әлемде мәдени әралуандылықты және оны қорғауды қолдайтын маңызды құжат болып табылады. Декларацияның 5-бабында мәдени құқықтар мәдени әртүрлілік үшін қолайлы орта қалыптастыруы туралы айтылған. Осы орайда халықаралық ұйымдардағы әралуандылық саясаты ұйымдардың өз қызметтерінде әртүрлілікті құрметтеуге және қолдауға бағытталған бағдарламалар мен стратегияларды жүргізуде.

Әралуандылықты басқару көптеген халықаралық компаниялар мен ұйымдар жұмысының маңызды аспектісі. Әртүрлі елдер мен мәдениеттердің әралуандылықты басқаруға әсер ететін өзіндік сипаттамалары бар және әрбір компания өзінің халықаралық операцияларында әралуандылықты басқарудың әртүрлі тәсілдерін қолдана алады. Сонымен бірге әралуандылықты басқару бағдарламаларын әзірлейді, мысалы, мәдениетаралық коммуникацияда оқыту, әралуандылық және инклюзия саясаты, әртүрлі мәдениеттердің қызметкерлерін тарту және ұстау бағдарламалары және басқа әдістер қарастырылған.

Мысалы, Microsoft корпорациясы әралуандылықты басқарудың жаһандық бағдарламасында әртүрлілік пен инклюзияның маңыздылығына баса назар аударады және әртүрлі мәдениеттер мен әлеуметтік топтардағы қызметкерлерін ортақ мақсат үшін идеялары мен тәжірибелерімен бөлісуге шақырады. Сондай-ақ компания өз қызметкерлерін мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйретеді және мәдени алмасуды ілгерілету үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырады.

Тағы бір мысал Procter & Gamble компаниясы халықаралық стратегиясында әралуандылыққа үлкен назар аударады. Компания «Әралуандылықтағы бірлік» бағдарламасын әзірледі. Ол мәдениетаралық коммуникацияларды орнатуға, әртүрлі мәдениет өкілдері болып саналатын қызметкерлерді тартуға және ұстауға, ұжымда жағымды атмосфера орнатуға бағытталған бағдарлама (*EQUALITY & INCLUSION*) болып табылады.

Қазақстанда 100-ден астам этностық топтардың өкілдері тұрады. Мемлекет мәдени әралуандылықтың маңыздылығын мойындайды, дәстүрлер мен мәдениеттерді сақтауға және дамытуға бағытталған бағдарламаларды қолдайды.

Сонымен қатар, 2021–2022 оқу жылында Қазақстанның жоғары оқу орындарында әлемнің 100-ден астам елінен 30 мыңға жуық шетелдік студент білім алып жатқаны туралы дерек Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайтында жарияланған болатын. Олардың ішінде ең көп студенттер Орталық Азиядан, Қытайдан, Түркиядан, Ираннан және Үндістаннан келгендер.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің биылғы жылдың ақпан айында берген деректеріне сүйенсек, қазір елімізде шетелдік жұмыс күшін пайдаланатын 1645 жұмыс беруші бар. Еңбек мигранттарының негізгі шыққан елдері Қытай – 3411 адам, Үндістан – 1693 адам, Түркия – 1615 адам, Ұлыбритания – 1104 адам, Өзбекстан – 391 адам.

Қазақстан – халқы, мәдениеті, географиясы, экономикасы мен саясаты жағынан әралуан ел. Территориясы Еуразияның орталығында орналасқан және Қытай, Ресей,

Қырғызстан, Өзбекстан және Түркіменстанмен шекараласады. Бұл Қазақстанға белсенді халықаралық іс-шаралар жүргізуге және әлемнің басқа елдерімен және аймақтарымен экономикалық, мәдени байланыстарды дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстан сонымен қатар БҰҰ, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕАЭО, ОПЕК және т.б. сияқты халықаралық ұйымдардың өкілі.

Қазақстанда орыстар, украиндер, өзбектер, татарлар және т.б. этностар тұрады. Сонымен қатар елде әртүрлі діндер мен мәдениеттер қатар дамып, өнуде, соның ішінде ислам, православие, католицизм, протестантизм, буддизм және т.б. Бұл тағамда, музыкада, өнерде және өмірдің басқа да аспектілерінен көрінетін Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрінде әралуандылықты тудырады.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы, мұнай-газ, тау-кен өнеркәсібі, орман шаруашылығы, көлік, телекоммуникация және басқа да салалардан елеулі үлес қосып отырған әртараптандырылған экономика болып табылады. Бұл Қазақстанды даму мен инвестициялау үшін түрлі мүмкіндіктері бар экономикалық жағынан әралуан ел. Тұтастай алғанда, Қазақстанның сыртқы жағынан да, ішкі жағынан да әртүрлілігі даму мен өсу үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Дегенмен, әралуандылықты басқару саясаты елде толығымен қалыптасты деп айтуға ерте. Қарапайым мысал, отандық жоғары оқу орындары мен шетелдік азаматтар жұмыс атқаратын мекемелердің стратегиясында құндылықтар тізбегінде мәдени әралуандылық туралы жағдай ескерілмеген.

Методология

Ұйымдарда инклюзияға және әралуандылықты басқаруға жеткілікті көңіл бөлмесе, дискриминация қаупі болуы мүмкін. Егер жұмысшылар арасындағы айырмашылықтар құрметтелмесе, бұл кемсітушілік пен жанжалға әбден әкеледі.

Халықаралық ұйымдардағы мәдени әралуандылықты басқару бойынша ахуалды жан-жақты зерттеу мақсатында мақалада сандық зерттеу әдісі қолданылды. Ғалымдар сандық зерттеу әдісін кәсіпорындардың ұйымдық мәдениетін зерттеудің ең кең тараған әдісі деп санайды (*Е. В. Зарубина, 2019*). Сұрақ қою – дұрыс пайдаланылған жағдайда шығыны аз және тиімді әдіс.

Осылайша, зерттеудің негізгі нәтижелері социологиялық сауалнаманың көмегімен алынды. Сауалнама 2023 жылғы 20 ақпан және 17 наурыз аралығында Google онлайн формасы арқылы жүргізілді.

Сауалнамаға Қазақстан, АҚШ, Ұлыбритания, Финляндия, Франция, Германия, Оңтүстік Корея, БАЭ, Жапония, Әзербайжан, Канада, Австралия, Қытай, Египет, Ресей, Индонезия елдерінде өмір сүріп жатқан респонденттер қатысты. Жалпы респонденттер саны – 55.

Респонденттердің 56,4%-ы 18-35 жасқа дейінгілер, 30,9%-ы 36-45 жасқа дейін, 12,7%-ы 46-65-жасқа дейін болатын болды. Гендерлік бинарлық көрсеткіш 47,4% ер және 45,5% әйел адамдар, 7,2% басқа деп көрсетті.

Шетелде болудағы мақсат не деген сауалға: 44,2%-ы білім алуда, 28,8%-ы жұмыс істейді, 5,8%-ы тағылымдамадан өтуде және 21,2%-ы басқа себептер деп жауап берді.

«Әралуандылық, теңдік және инклюзия өздері тұратын қоғамның немесе ұйымның басты құндылығы ма?» сауалына респонденттердің 74,5%-ы «иә», 10,9%-ы «жоқ» деп көрсетті және ол туралы білмеймін дегенді 14,6%-ы белгіледі.

Ұйымның әралуандылық, теңдік және инклюзия бойынша негізгі мақсаты: Мәдени бірігу – 12,7%, Әртүрлі мәдениеттермен өзара әрекеттесу – 20%, Талантты тарту және сақтау – 16,4%, Өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау – 34,5%, Әлеуметтік әділеттілікті қолдау және әрекет ету – 16,4%.

«Сіздің ұйымыңыз әралуандылық туралы мақсаттарын веб-сайт, әлеуметтік медиа арқылы көпшілікке хабарлайды ма?» деген сауалға: 65,5% «иә», 16,4% «жоқ», 18,2% «хабарым жоқ» деп жауап берді.

Мәдени әралуандылық прогреске кедергі келтірмейді деп 85,5% жауап берсе, 14,5% келіспейтінін көрсетті.

Ұйымда мәдени әралуандылық қағидатын енгізу бойынша ең жоғары 5 шкаланы – 56,4% респондент көрсетті, 4 шкала – 18,2%, 3 шкала – 9,1%, 2 шкала – 9,1%, 1 шкала – 7,3% болды.

«Әріптестеріңізбен төл мәдениетіңізді, нанымдарыңызды және өмірлік тәжірибенізді талқылауда өзіңізді қаншалықты ыңғайлы сезінесіз?» деген сауалдың жауабы: өте ыңғайлы – 64,5% , әркім өз жұмысымен айналысады және жеке шаруаларды талқылайтын уақыт жоқ – 18,2%, немқұрайлы қарайды – 17,3% екен.

«Сіздің ұйымыңыздың мансаптық өсу саясаты шыққан тегіне қарамастан барлығына әділ деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа келесідей жауап берілді: «иә» – 65,5%, «жоқ» – 21,8%, «білмеймін» – 12,7%.

Қызметкерлер инклюзивті мәдениет ұйымдағы жоғары басымдық екеніне сену үшін басшылықтан қандай бастамаларды көруі қажет деген сауалға қолдау, икемділік, ашықтық, адамға бағытталған көзқарас, сөз бостандығы, меритократия қағидаттарын сақтау, жаңа студенттер ағымы келген кезде танысу күнін өткізу, непотизмді болдырмау, барлығын толық әлеуметтік өмірге қосу, ұйымның әрбір мүшесі өзінің даралығын және бірегейлігін сезінетіндей жағдай жасау, пікір плюрализміне ықпал ету, интеграция басымдыққа ие болуы керек, жеке тұлғаның құндылықтарын қабылдау, айырмашылықтарға төзімділік, ынтымақтастық таныту, ұжымда салауатты атмосфера, әрбір қызметкерге құрмет, әркім әртүрлі және өзінше ерекше, бірақ бәрі бір қауымдастыққа жатады деген жауаптар жазылды.

Ортаңызда нәсілдік соқырлықты, кемсітушілікті бастан өткердіңіз бе немесе куәгері болдыңыз ба дегенге «жоқ» деп 74,5% жауап берсе, дегенмен 25,5% респондентке ондай жағдай кездескен екен.

«Сіз қудалау немесе кемсіту жағдайларын қайда хабарлау керектігін білесіз бе?» деген сауалға 60% «иә», 40% «жоқ» деп жауап берді.

Сауалнама халықаралық ұйымдарда әралуандылықты басқарудағы бірқатар мәселелерді: қызметкерлер тарапынан хабардарлық, өз құқықтарын қорғау, сондай-ақ басшылық тарапынан тиімді әралуандылықты басқару саясатын жүргізуге әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері жаһандану процесінде әралуан мәдениеттен шыққан және бірге жұмыс істей алатын адамдар саны артып келе жатқанын көрсетеді. Ұйымда мәдени әралуандылық қағидатын енгізу бойынша ең жоғары 5 шкаланы 56,4% респондент белгіледі яғни мәдени айырмашылықтарды түсіну және қабылдау ұйымдардың басты басымдылықтары екенін көрсетеді.

Соңғы бірнеше жылда жаһандық көші-қон көбейді. Осы орайда, Вашингтонда орналасқан PEW RESEARCH CENTER зерттеу жүргізіп, орталық әралуандылық жөнінде 27 елдегі 30 133 адамға сауалнама өткізді. Қатысушылар өз елінің соңғы 20 жылда қаншалықты (орташа 69%) әралуан болғанын айтты.

Мемлекет атауы	Неғұрлым әралуан	Өзгеріс жоқ	Әралуандылық деңгейі төмен
Канада	85%	9%	5%
АҚШ	77%	13%	8%
Германия	84%	8%	6%
Ұлы Британия	82%	9%	6%
Франция	75%	21%	4%
Ресей	60%	24%	10%
Оңтүстік Корея	84%	10%	5%
Индонезия	80%	12%	4%
Жапония	52%	34%	7%
Австралия	83%	9%	6%

1-кесте 1. Дүниежүзіндегі халықтардың өз елдеріндегі әралуандылыққа көзқарасы (Pew Research center)

Біздің зерттеуіміздегі респонденттердің жауаптарына сүйенсек, бірдей сипаттары бар адамдардан тұратын топтарға қарағанда, Р. Томастың концепциясына сәйкес өмір салты, өмірлік құндылықтары әртүрлі адамдардан жиналған ұжым анағұрлым креативті, жаңашыл және тиімді шешімдер жасай алатынын байқаймыз. Сонымен бірге мәдени әралуандылық прогреске кедергі келтірмейді деп 85,5% жауап берді. Бұл жерде көзқарастардың тоғысқанын көреміз.

Ұйым әртүрлі нәсілдегі, жыныстағы, жас және мәдени ортадағы жұмысшыларды жалдаса, бірақ содан кейін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етпесе, бұл адамдардың ұжымда өзін сенімсіз сезінуіне және жеткілікті құрметке ие болмауына әкеледі. Бұл қызметкерлер арасындағы қайшылықтарға, жұмыс өнімділігінің төмендеуіне және қызметкерлердің жиі ауысуына әкеледі. Бұл арада мансаптық өсу саясаты әділ деп респонденттердің 65,5%-ы жауап берсе, дегенмен 12,7%-ы бұл мәселе жөнінен бейхабар.

Әралуандылықты басқару үшін ұйымға тиімді саясат пен бағдарламалар ауадай қажет. Бұған қоса мәдени әралуандылық бойынша тренингтер өткізу, қызметкерлер арасында диалог пен байланыс орнатуға мүмкіндіктер жасау бүгінгі заман талабы. Сондай-ақ ұжымдағы әралуандылық жағдайына аудит жүргізу және инклюзия бойынша комиссиялар құру өз нәтижесін берері анық.

Әралуандылық, теңдік және инклюзивтілік – бұл қоғамның негізгі құндылықтары деп респонденттердің 74,5%-ы көрсетті. Әділдік қоғамдағы ресурстарды, мүмкіндіктер мен артықшылықтарды бөлудегі теңдік идеясы. Инклюзия әр адамның жеке басына қарамастан, мүмкіндіктер мен ресурстарға тең қолжетімді қоғам құруды білдіреді. Сондай-ақ әр адамның қабілетінің, қажеттіліктері мен тәжірибесінің айырмашылығын ескеретін кедергісіз орта құруды білдіреді.

Халықаралық ұйымдардың әралуандылық, теңдік және инклюзия бойынша басым жағы мамандардың жеке және кәсіби жағынан қалыптасуы және өсуі деп көрсеткен 34,5%, ал талантты тарту және сақтау – 16,4%. Бұл жерде халықаралық ұйымдар талантты мамандарды тартуды басты шарт қылмайды, өз қабырғасында тәрбиелеу, өсіруді алға тартады.

Көптеген халықаралық ұйымдар әралуандылық пен теңдікке деген көзқарастарын стратегиялық құжаттарында белгілейді. Респонденттердің 65,5%-ы стратегияны оқығанын білдірсе, 18,2% респондент бұл туралы хабардар емес болып шықты.

Талқылау

Қалай дегенмен, барлық атқарып жатқан істер адам үшін, ал адам өз ортасында қажетті екенін сезінбесе қандай нәтиже күтуге болады? Адам өзін қажет сезінгенде, әлеуетін жақсырақ жүзеге асырып, мақсаттарына қол жеткізеді.

Алайда, бұл қағида бәріне ортақ емес. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының саны – 119 (*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің сайты*). Жоғары оқу орындарының стратегиясында «әралуандылық» туралы ескерілмеген. Тек Назарбаев Университетінің 2018–2030 жылдарға арналған стратегиясында құндылықтар тізбегінде «Мәдени әралуандылық – білімнің, ғылымның және қоғамдастықтың барлық аспектілеріндегі интеграция» деп көрсетілген. Шетелдік азаматтармен жұмыс атқаратын халықаралық компанияларда әралуандылық тақырыбы мүлдем кездеспейді деп айтсақ болады.

Әралуандылықты басқару мәселелерін шешуде белсенді жұмыс атқаратын шетелдік оқу орындарының алдыңғы қатары:

Гарвард университетінің әралуандылыққа деген ұмтылысы бейтаныс идеялармен, перспективалармен, мәдениеттермен және адамдармен өзара әрекеттесу, мағыналы өсу үшін

жағдай жасауға негізделген. «Біз бір-бірімізге қолдау көрсету жолдарын іздеп, қамқорлық пен ынтымақтастыққа толы қоғамдастықты құру үшін жұмыс істеуіміз керек» деген ұстанымда.

Лос-Анджелестегі Калифорния университеті (UCLA) Америка Құрама Штаттарындағы әралуан мәдени, этникалық және әлеуметтік топтардағы студенттерді қоса алған және инклюзивті ортаны қалыптастырған оқу орны. Университет тәлімгерлік, мәдени әралуандылық бойынша курстар, зерттеулер және инклюзивті ортаны құруға бағытталған бағдарламалардың кең ауқымын ұсынады.

Оксфорд университеті әлемдегі ең беделді университеттердің бірі болып табылады, сонымен қатар студенттер мен оқытушылар үшін инклюзивті және жан-жақты ортаны қалыптастырған.

Торонто университеті Канададағы ең ірі университет болып табылады және студенттер үшін жан-жақты және инклюзивті орта құруға белсенді жұмыс атқаруда. Студенттерге университет өміріне тез бейімделуге көмектесетін стипендиялар сияқты бастамашылық бағдарламалардың кең ауқымын ұсынады.

Қорытындылар

Жаһанданған әлемде әралуандылықты басқару қиын болуы мүмкін, бірақ көмектесетін бірнеше жол бар:

1. Мәдени айырмашылықтарды түсіну: Жаһандану кезінде әралуан мәдениеттерден шыққан және бірге жұмыс атқара алатын адамдар саны артып келеді. Мамандарға мәдениетаралық оқыту курстарын өткізу. Ол ұжым ішіндегі климатты жақсартуға және жанжалды азайтуға көмектеседі.

2. Сенім атмосферасын құру: Адамдар өз пікірлері мен идеяларын еркін білдіру үшін сенімділік атмосферасын құру маңызды. Бұл өзара сыйластықты арттырып, жұмысшылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартта түседі.

3. Таланттарды тарту: Әралуан мәдениеттер мен әлеуметтік топтардағы жұмысшыларды тарту бизнес үшін пайдалы, олар ортаға жаңа дем әкеледі.

4. Тренингтерді ұйымдастыру: Қызметкерлерді мәдениетаралық қарым-қатынасқа және тәжірибе алмасуға үйрету әралуандылықты басқаруды жақсартуға көмектеседі. Тренингтер қарым-қатынас, өзара әрекеттесу және жанжалдарды шешу тақырыбында болуы мүмкін.

5. Теңдік пен инклюзивтілікті ынталандыру: Компаниялар барлық қызметкерлерге тең мүмкіндіктер беруі керек және олардың әлеуетін толық ашу үшін барлық топтарды қосуға ұмтылуы қажет.

6. Мемлекет инклюзивтілікті қолдау, мәдени әралуандылықты құрметтеу және кемсітушілікке қарсы белсенді саясат жүргізуі қажет. Мәдениет, тіл және діндегі айырмашылықтарды құрметтеуге шақыратын гуманизм туралы заң қабылдау заман талабы.

Әдебиеттер тізімі

1. Levitt Theodore (1983) *The Globalization of Markets* [<https://hbr.org/1983/05/the-globalization-of-markets>]

2. Hardt Michael & Negri Antonio «EMPIRE» (2004), p.19-35 [<http://library.khpg.org/files/docs/1456813502.pdf>]

3. Stiglitz Joseph E. «GLOBALIZATION AND ITS DISCONTENTS» (2002), p. 3-23 [<http://digamo.free.fr/stig2002.pdf>]

4. A Changing World: Global Views on Diversity, Gender Equality, Family Life and the Importance of Religion [https://www.pewresearch.org/global/wp-content/uploads/sites/2/2019/04/pew-research-center_global-views-of-cultural-change_2019-04-22.pdf]

5. Валлерстайн И. «Миро-системный анализ» [<https://nrozov.nsu.ru/rpha/papers/geoecon/waller.htm>]

6. Jae Cho (2018) The Power of 'Diversity Ideologies' in Globalization [<https://globalnetwork.io/perspectives/2018/09/power-diversity-ideologies-globalization>]
7. Осколоков П.Б. (2021) «Очерки по этнополитологии»
8. Алдашов Б.А., Журавлев Т.В. (2015) «Межнациональные и межконфессиональные отношения в полиэтническом казахстанском обществе; История и современность»
9. Roser Max, Cameron Appel and Hannah Ritchie (2019) Human Height [<https://ourworldindata.org/human-height>]
10. Universal Declaration on Cultural Diversity [<https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/universal-declaration-cultural-diversity#:~:text=Freedom%20of%20expression%2C%20media%20pluralism,the%20guarantees%20of%20cultural%20diversity.%20%20%20%20EQUALITY%20&%20INCLUSION>]

Өрен Е., *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты*

Билік пен азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимыл

Аңдатпа. Бұл мақалада сіз бүгінгі күннің өзекті мәселесімен: мемлекеттік органдар мен қоғамның өзара әрекеттесуі, сондай-ақ осы екі институт арасындағы қарым-қатынас үлгілерімен және осы қатынастарды қалыптастыру үлгілерімен таныса аласыз. Бұл тақырыптың өзектілігі даусыз, өйткені қоғам мен мемлекеттің өзара әрекеттесу мәселелері қоғам құрылымы мен оның құрылысы мәселесі болып табылады.

Түйін сөздер: қоғам, азаматтық қоғам, мемлекеттік билік, мемлекет, азамат, әлеуметтік топ.

Бүгінде қоғамдық-саяси кеңістіктің күрделілігі орын алған кезде тұрақты және өзгермейтін мемлекет мәселесі түбегейлі болып отыр. Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы негізінен үкімет пен қоғамның өзара әрекеттесу сипатымен анықталады.

Қоғамның әртүрлі топтарының мүдделерін білдіретін саяси процестің субъектілері санының ұдайы өсуіне, сондай-ақ ел алдында тұрған сыртқы және ішкі мәселелердің сәйкес келмеуіне байланысты мемлекеттік және қоғамдық институттар арасындағы өзара қарым-қатынастар өз деңгейіне дейін көтерілуде. Саяси тәжірибеде де, ғылыми ортада да мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимылды оңтайландырудың теориялық негіздері мен принциптерін зерттеу үнемі өсіп келеді.

Қоғамның қажеттіліктерін бірқатар жағдайларда мемлекеттік органдар түсінбейді. Сондықтан қоғам мүддесін де, мемлекет мүддесін де үйлестіруді арттыру қажет деп айтқан жөн.

Қазақстан ғылымында қазіргі әлемдегі мемлекет пен қоғамдық өзара әрекеттестіктің модельдері мен механизмдерін ғылыми зерттеу мәселелері өзекті болып табылады.

Мемлекеттік органдар мен қоғам мүдделерінің өзара әрекеттесу процесінде үнемі кең ауқымды мәселелер туындайды. Бұл екі құбылыстың өзара байланысында әлеуметтік жүйенің белгілі бір түрін құрайды.

Зерттеушілер үкімет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесуін жүйелеуді жетілдіру бойынша жұмысты әлдеқашан бастады.

Кейбір зерттеушілер мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қарым-қатынас модельдерін топтастыру үш мәдени-тарихи дәстүрден – итальяндық, англо-американдық және немістік дәстүрден туындайды деп тұжырымдайды. Бұл дәстүрлер азаматтық қоғамды

ұйымдастырудың табиғатын түсінудің үш негізгі тұжырымдамалық тәсілдерінің негізі болды:

- жеке топ;
- корпоративтік топ;
- жеке.

Осыған сүйене отырып, үш азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастардың үлгілері:

1. Мемлекетті негізгі саяси институт болып табылатын және реттеуші реттеу арқылы барлық басқа салаларға бағынатын әлеуметтік құрылымның нәтижесі ретінде қарастыратын социал-демократиялық;

2. Корпоративист, үш негізгі корпоративтік топтың болуын қамтамасыз етеді: кәсіподақтар, экономикалық топтар, мемлекет;

3. Либералдық модель мемлекеттің негізгі мақсаты қоғамның табиғи құқықтарын сақтау және қорғау екенін, мемлекет пен адам арасындағы қарым-қатынас шарттық негізде реттелуі керектігін айтады.

Мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынастардың деңгейін егжей-тегжейлі зерттеу мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыру модельдерін анықтауға мүмкіндік беретін ынтымақтастық, елемеу және қарама-қайшылыққа негізделген типологияның назарын аударады:

- қолдау моделі мемлекеттік органдардың үкіметтік емес ұйымдарды институционализациялауын айтады;

- серіктестік моделі әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік диалог арқылы мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылын орнату қажеттілігіне негізделген;

- сәулетші моделі азаматтық қоғам элементтеріне мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысуға, мемлекеттік институттардың құрылымдық элементтерін жасауға, мемлекеттік билік институттарын реформалауға, маңызды әлеуметтік мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді;

- мемлекет нақты жағдайларда мемлекеттік емес азаматтық құрылымдардың автономиясын қамтамасыз ететін патернализм моделі;

- елемеу моделі мемлекеттің азаматтық қоғаммен ынтымақтастығының жоқтығында, дегенмен оған қолайсыздық туғызбайды;

- күрес моделі мемлекеттің мемлекеттік емес институттардан тікелей қауіпті көруіне негізделген;

- мойынсұнбау үлгісі митингтерде, тағзымдарда, қақтығыстарда көрінетін билік пен қоғам арасындағы күресті қамтиды.

Қазақстандағы билік пен қоғамның өзара әрекеттестігінің моделі бүгінгі күні сыртқы қысымнан қорғау мен азаматтық қатысу институттарының саяси қызметін арттырудың ішкі қажеттілігін қалыптастыру арасындағы белгілі бір тепе-теңдікті іздеуде.

Азаматтар өздерінің әлеуметтік ұмтылыстарымен адамдардың әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шешуге, сондай-ақ қоғамның мүдделерін қорғауға қатысуының жаңа нысандарын жасайды.

Мемлекет, өз кезегінде, азаматтық қоғам институттарының қалыптасуына әрдайым көмегін тигізіп отырады. Заңнамалық тетіктер жасайды, олардың құқықтық жағынан қорғалуын қамтамасыз етеді. Азаматтардың құқы мен бостандығын қамтамасыз етеді. Өзара сындарлы іс-қимыл толайым табысқа жеткізеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «азаматтық қоғамды дамыту үшін үкіметтік емес ұйымдардың беделін арттыру қажет» деп отырғаны да бекер емес. Сондықтан да Президент тапсырмасына орай, Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы әзірленді. Ал ол тұжырымдамада не айтылған?

2025 жылға дейін қабылданған азаматтық қоғамды дамытудың тұжырымдамасы алты бөлімнен тұрады. Айта кету керек, аталған Тұжырымдама Мемлекет басшысының

сайлауалды бағдарламасы, Қазақстан халқына Жолдауы, Президенттің Жарлықтары мен ұсыныстары негізінде дайындалған.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Тұжырымдамада көрсетілгендей, азаматтық қоғамды дамыту үшін мемлекет сол қоғамда өмір сүріп отырған азаматтарына қолайлы климаттық ахуал жасайды. Халықпен арада өзара тиімді іс-қимыл қалыптастырады. Елдегі тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Мемлекеттің іргетасының мықты болып, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын күшейтуге күш салады. Тұрақтылық, бейбітшілік, өзара тең құқылы әріптестік бар жерде елде этносаралық татулық пен келісім орнайды. Тұрақтылық Қазақстанның баға жетпес құндылығы екендігі сөзсіз. Жалпы билік пен азаматтық қоғам қашан да бір-бірін толықтырып отырады.

Расы керек, қоғамда жеке адамның үні мен мұңы билікке қашан да естіле бермеуі мүмкін. Мұндай жағдайда жеке тұлға не істеуі керек? Кез келген адам өзінің шешілмеген түйткілді мәселесін жергілікті билікке жеткізеді. Егер мәселесі шешілмей жатса, қоғамдық саяси ұйымдар, кәсіподақтар және тағы басқа үкіметтік емес ұйымдар арқылы жеткізеді. Мысалы, кейбір партияларда халықты қабылдайтын арнайы қоғамдық бөлімдер бар. Олар халықтың талабын жергілікті билік пен тиісті орындарға жеткізеді. Халық сайлаған депутаттар үкіметке депутаттық сауалнама жібереді. Сол арқылы түйткілді мәселенің шешімін табуға көмектеседі. Міне, проблеманы шешудің осындай әртүрлі жолы бар.

Қазір аудан, облыс әкімдері халықпен жиі кездеседі. Әлеуметтік желіде әкімдердің жеке парақшасы ашылған. Онда халық шешілмеген мәселеге нақты жауап алады. Әкімдер халықтың алдында әрдайым есеп беріп отырады. Халықты қабылдаудың арнайы кестесі бар. Азаматтық қоғам мен билік арасындағы ашықтық бар.

Алайда, елімізде азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудың шарттары баяу жүзеге асырылуда. Азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық білімін дамытудың өңірлік саясаты барлық облыстық билік пен жергілікті атқарушы органдардың ғана емес, сонымен қатар жеке құқық қоғамдарының, жұртшылықтың қатысуымен тиімді ұйымдастырылып, кең ауқымда жүзеге асырылуы тиіс.

Азаматтық қоғамның заңы мен құрылымының бірдей болуы өте маңызды. Бірақ азаматтық қоғамды «сәл ертерек құру керек» деп тұжырымдауға негіз бар, өйткені құқықтық үкімет құру мәселесін билік емес, азаматтық қоғам күн тәртібіне қойып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Мамут Л.С. Гражданское общество и государство: проблема соотношения / Л.С. Мамут // *Общественные науки и современность*. — 2002. — № 5. — С. 31–36.
2. Матузов И. М. Теория государства и права / И. М. Матузов. — М.: Прогресс, 2000. — 285 с.
3. Черниловский З. М. Гражданское общество: опыт исследования / З. М. Черниловский // *Государство и право*. — 1992. — № 6. — С. 129–135.

Рамазан М., *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты*

Қазақстан Республикасында әлеуметтік әріптестікті жетілдіру

Аңдатпа. Трипартизм немесе әлеуметтік әріптестік – бұл қоғамның негізгі мүшелерін білдіретін Үкіметтің, жұмыс берушілердің және еңбек ұйымдарының мүдделерін үйлестірудің маңызды құралы.

Бұл үшжақты ынтымақтастық тең құқықты келіссөздер қағидатына және әлеуметтік қақтығыстардың алдын алуға және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудің қоғамдық

тетігінің негізін қалыптастыруға бағытталған үкімет өкілдері, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасында үйлесімділікке қол жеткізуге негізделген қатынастарды реттеудің әлеуметтік-саяси тетігі болып табылады.

Келіссөздердің басым бағыттары ретінде халықты жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу, азаматтарға әлеуметтік кепілдіктер және халықтың неғұрлым осал топтарын әлеуметтік қорғау мәселелері белгіленді.

Республикада үшжақты ынтымақтастық нысанында еңбек қатынастарын реттеудің көп деңгейлі жүйесінің іргетасы қаланды: мемлекет, сала, өңірлер және кәсіпорындар.

Әлеуметтік әріптестік жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, әлеуметтік және еңбек өмірін институттандыруды, әлеуметтік топтардың мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл институтын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік институтты уақтылы жаңғырту мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының демократиялық тетіктерінің табыстылығына, азаматтық қоғам құруға әсер етеді. Осы мақалада Қазақстандағы әлеуметтік әріптестікті дамытудың негізгі тәсілдері қарастырылған.

Осыған байланысты зерттеу әлеуметтік-еңбек саласының ықтимал теріс салдарын барынша азайтатын әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қалыптастыру есебінен әлеуметтік әріптестікті жаңғыртуға бағытталатын болады.

Түйін сөздер: әлеуметтік әріптестік, үкімет, кәсіподақ, жұмыс берушілер.

Мақсаты

Қазақстанда әлеуметтік әріптестікті дамытудың негізгі мақсаты әлеуметтік әріптестіктің барлық деңгейлеріндегі мемлекет, кәсіподақ өкілдері мен жұмыс берушілер арасындағы тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, Халықаралық еңбек ұйымының халықаралық стандарттарына сәйкестігі болып табылады.

Сонымен қатар, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының дамыған елдерінің табысты тәжірибесі негізінде әлеуметтік әріптестік жүйесін жаңғыртудың шұғыл қажеттілігі туындады.

Әдебиетке шолу

Өтпелі экономикасы бар елдерде әлеуметтік диалогты нығайту және қолдау өте маңызды. Трипартизм немесе әлеуметтік әріптестік – бұл қоғамның негізгі мүшелерін білдіретін Үкіметтің, жұмыс берушілердің және еңбек ұйымдарының мүдделерін үйлестірудің маңызды құралы.

Бұл үшжақты ынтымақтастық тең құқықты келіссөздер қағидатына және әлеуметтік қатығыстардың алдын алуға және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудің қоғамдық тетігінің негізін қалыптастыруға бағытталған үкімет өкілдері, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасында үйлесімділікке қол жеткізуге негізделген қатынастарды реттеудің әлеуметтік-саяси тетігі болып табылады.

Қазақстанда әлеуметтік әріптестік жүйесінің өркениетті дамуы 1994 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестік туралы» қаулысы негізінде басталды.

Осы қаулымен Үкімет, жұмыскерлердің республикалық кәсіподақтары және жұмыс берушілердің республикалық одақтары арасында жыл сайын Бас келісім жасасу, сондай-ақ министрліктер, кәсіподақтардың салалық бірлестіктері мен тиісті саланың жұмыс берушілері арасында Салалық келісімдер және жергілікті атқарушы органдар, жұмыскерлер кәсіподақтары мен жұмыс берушілер арасында өңірлік келісімдер жасасу айқындалды.

Келіссөздердің басым бағыттары ретінде халықты жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу, азаматтарға әлеуметтік кепілдіктер және халықтың неғұрлым осал топтарын әлеуметтік қорғау мәселелері белгіленді.

Республикада үшжақты ынтымақтастық нысанында еңбек қатынастарын реттеудің көп деңгейлі жүйесінің іргетасы қаланды: мемлекет, сала, өңірлер және кәсіпорындар. Авторлары Д. Тейджман және К. Кертис әлеуметтік серіктестікті реттеу үшін нормативтік құқықтық актілердің маңыздылығын атап өтеді.

«Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы» Заң мен еңбек кодекстерінің енгізілуімен әлеуметтік диалог еңбек қатынастарына қатысушылар: Үкімет, жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасындағы консультациялар мен келіссөздердің ресми тетігіне айналды. Niamh Hardiman өз зерттеуінде, әлеуметтік серіктестік икемді консультациялар мен екіжақты және үшжақты келіссөздер жүйесін дамытқанын көрсетеді.

Қазақстан әлеуметтік әріптестік туралы заң қабылдаған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасындағы алғашқы мемлекеттердің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта республикалық, өңірлік және салалық деңгейлерде (әлеуметтік әріптестік жүйесінің схемасын қараңыз) Қазақстанда әлеуметтік әріптестік органдары жұмыс істейді (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 147-бабы).

Әлеуметтік әріптестік тараптары үшжақты ынтымақтастықтың барлық деңгейлерінде әлеуметтік диалогты дамыту бойынша үлкен жұмысты жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарының төрағалығымен әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссия жұмыс істейді. Республикалық үшжақты комиссия (РҮК) – жоғары консультативтік-кеңесші орган, өз қызметін мынадай нысанда жүзеге асырады:

- Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыскерлердің республикалық бірлестіктері және жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері өкілдерінің отырыстары;
- РҮК жұмыс топтарының отырыстары;
- Әлеуметтік-еңбек және онымен байланысты экономикалық қатынастардың негізгі бағыттары бойынша консультациялар, Ұжымдық келіссөздер, тараптардың ұстанымдарын келісу.

РҮК отырыстарында еңбек және әлеуметтік даму саласындағы ең өзекті мәселелер қаралады.

Республикалық деңгейдегі әлеуметтік әріптестіктің негізгі тараптары Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жұмыскерлердің республикалық бірлестіктерінің және жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктерінің өкілетті өкілдері болып табылады (Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 148-бабы).

Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің республикалық бірлестіктерінің негізгі мақсаты – еңбекшілердің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылатын Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы, Қазақстан Еңбек конфедерациясы, «Аманат» Қазақстан кәсіподақтар достастығы» республикалық кәсіподақтар бірлестігі атынан өкілдік етеді.

Жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері: Қазақстан Республикасы жұмыс берушілерінің (кәсіпкерлерінің) Ұлттық Конфедерациясы, «Тау-кен өндіру және тау-кен металлургия кәсіпорындарының Республикалық Қауымдастығы» ЗТБ және «KAZENERGY» Мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының Қазақстандық Қауымдастығы» ЗТБ ұсынады.

Жұмыс берушілер мен қызметкерлер бірлестіктері қызметінің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- мемлекеттік органдарда, қоғамдық және өзге де ұйымдарда, оның ішінде шетелдік ұйымдарда өкілдік етуді жүзеге асыру;
- өз бірлестіктерінің мүшелеріне құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық сипаттағы практикалық және консультациялық көмек көрсету;
- жыл сайын республикалық деңгейде әлеуметтік әріптестер бас келісім жасасу бойынша консультациялар мен келіссөздер жүргізу.

Көрсетілген құжатқа сәйкес Үкімет, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар әлеуметтік және еңбек қатынастарын республикалық деңгейде реттеудің негізгі қағидаттары бойынша келісілген ұстанымдар мен міндеттемелерді айқындайды.

2021 жылғы 12 наурызда Әлеуметтік әріптестік тараптары Қазақстан Республикасының Үкіметі, қызметкерлердің республикалық бірлестіктері және жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы 2021–2023 жылдарға арналған Бас келісімге қол қойды. Бас келісімге ең өзекті мәселелер енгізіледі: жаңа жұмыс орындарын құру, жұмыссыздық деңгейін төмендету, еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, кедейлік деңгейін төмендету, ішкі нарықты қорғау.

Келісімді әзірлеуге әлеуметтік әріптестер – Кәсіподақтар федерациясы, Қазақстан Еңбек конфедерациясы, «Аманат» Қазақстан Кәсіподақтар достастығы, Қазақстан Республикасының Жұмыс берушілердің (Кәсіпкерлердің) Ұлттық Конфедерациясы, «Тау-кен өндіру және тау-кен металлургия кәсіпорындарының Республикалық Қауымдастығы» ЗТБ және «KAZENERGY» Мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының Қазақстандық Қауымдастығы» ЗТБ қатысты.

Барлық тараптардың әлеуметтік әріптестікті дамытуға тікелей мүдделілігін ескере отырып, әлеуметтік әріптестікті жетілдіру жөніндегі жоспарлы саясат Халықаралық еңбек ұйымының конвенцияларын ратификациялау арқылы жүзеге асырылатынын атап өту қажет.

ХЕҰ деректеріне сәйкес, бүгінгі күні Қазақстан ХЕҰ-ның 21 конвенциясын ратификациялады, олардың талаптары ұлттық заңнамаға имплементацияланған.

Үкіметтің атқарып жатқан ауқымды жұмыстарына қарамастан, елде әлеуметтік серіктестікке жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Әлеуметтік әріптестік жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, әлеуметтік және еңбек өмірін институттандыруды, әлеуметтік топтардың мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл институтын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік институтты уақытылы жаңғырту мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының демократиялық тетіктерінің табыстылығына, азаматтық қоғам құруға әсер етеді.

Осыған байланысты зерттеу әлеуметтік-еңбек саласының ықтимал теріс салдарын барынша азайтатын әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қалыптастыру есебінен әлеуметтік әріптестікті жаңғыртуға бағытталатын болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V кодексі ҚРЗ // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL:<https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414>

2. «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 27 маусымдағы № 211-C V ҚРЗ // «Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000211>

3. Д. Тейджман және К. Кертис «Бірлестік бостандығы Пайдаланушы нұсқаулығы: Халықаралық еңбек ұйымының нормалары, принциптері мен процедуралары» (ағылшын тілінен аударма); Халықаралық еңбек ұйымы Женева, 2017. - 99 б.

4. Халықаралық еңбек ұйымының бірігу бостандығы туралы Заңы: нормалар мен рәсімдер; Халықаралық еңбек ұйымы Женева, 1995 ж. – 130 б.

5. Бірлестік бостандығы және Ұжымдық келіссөздер: №87 және 98 конвенциялар бойынша баяндамаларға жалпы шолу; Халықаралық еңбек ұйымы Женева, 2007 ж. - 43 б.

6. Бірлестік бостандығы: ХЕҰ Әкімшілік кеңесінің Бостандық комитетінің шешімдері мен принциптерінің дайджесті, 2013-88 б.

7. И. М. Модель, б. с. ғылыми мақала "Ресейдегі әлеуметтік серіктестік» моделі

8. Пол Тиг пен Джимми Донахи "неліктен ирландиялық әлеуметтік серіктестік аман қалды», *British Journal of Industrial Relations*, наурыз 2009, 0007-1080, 55-78 бб.

9. Мар Мерфи «Әлеуметтік серіктестік – бұл «Қаладағы жалғыз ойын», *Oxford university Press and Community Development Journal*, 2002, Б. 11

10. Ниям Хардиман университетінің колледжі Дублинде «Саясат және әлеуметтік серіктестік: икемді желілік басқару», *Экономикалық және әлеуметтік шолу*, қыс, 2006, 343-374 ББ

Ұлықпанов А.Е. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты

Бюджеттің төртінші деңгейі – ауылдық округ әкімдері жұмысының тиімділігін арттыру құралы

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттік басқару жүйесінің базалық және маңызды негізі болып табылатын жергілікті өзін-өзі басқару органдары жұмысын тиімді қалыптастыру арқылы ауылдық аумақтардың қаржылық-экономикалық дербестігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған. Қазіргі уақытта жергілікті өзін-өзі басқаруда бюджеттің төртінші деңгейі ауылдық округ әкімдері қызметінің тиімділігін арттырудың ықпалды құралы болып табылады. Бұл ретте, жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижесінде төртінші деңгейдегі бюджеттің әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік бермейтін мәселелер анықталды. Бұл мәселелерді төртінші деңгейдегі бюджетті қалыптастыру және басқару тәсілдерін өзгерту арқылы шешуге болады. Салықтардың жаңа көздерін іздеу бойынша сапалы жұмыс жүргізу жергілікті қауымдастық жоспарлаған жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: бюджеттің төртінші деңгейі, ауылдық округ бюджеті, жергілікті өзін-өзі басқару, кірістер, трансферттер, субвенциялар, салық түсімдері, салықтық емес түсімдер, шығыстар, мүлік, коммуналдық меншік.

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының барлық қағидаттары бюджеттің төртінші деңгейіне де қолданылады. Сонымен қатар, бюджетті басқару қағидаттары мен тетіктері жергілікті деңгейде азаматтарды бюджеттік процестерге кеңінен тартумен толықтырылады.

Бюджетті басқарудың негізгі қағидаттарын негізге ала отырып, ауылдық округ әкімдерінің функционалдық міндеттерімен, сондай-ақ осы бюджеттік қағидаттарды іске асыру құралдарымен танысамыз.

Ауылдық округтердің, кенттердің, ауылдардың әкімдері – тиісті аумақты басқаратын мемлекеттік қызметшілердің сайланбалы қызметі. Олар мемлекеттік саясатты жергілікті жерлерде жүзеге асыруға жауапты лауазымды тұлғалар.

Мақаланың тақырыбын қарастыра отырып, ауылдық округтер, ауылдар, кенттер әкімдерінің бюджетті басқаруға және қоғаммен өзара іс-қимылына байланысты қызметінің сол аспектілерін бюджетті талқылау және бекіту бөлігінде қарастырамыз.

Ауылдық округтер әкімдерінің өкілеттіктері мен функциялары әртүрлі құжаттарда көрсетілген – бұл «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда, Бюджет кодексінде және үлгілік лауазымдық нұсқаулықта.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына сәйкес, ауылдық округ, қала, ауыл әкімінің құзыретіне аумақты басқару мен дамытудың 40-тан астам саласы жатады. Оның ішінде аз бөлігі бюджетті басқару саласына, атап айтқанда кіріс бөлігін қалыптастыруға жатады:

- салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға үлес қосады;

- аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің автомобиль жолдарын салуды, реконструкциялауды, жөндеуді және күтіп ұстауды қамтамасыз етеді;

- шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдеседі;

- басқаруға берілген аудандық коммуналдық мүлікті жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға (жалға) береді;

- берілетін коммуналдық қызметтің басым бағыттарын және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемін айқындайды;

- берілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

- берілген аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға басшылықты жүзеге асырады;

- жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітілген, басқаруға берілген аудандық коммуналдық қазыналық кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін келіседі;

- басқаруға берілген коммуналдық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) баға белгілейді [1].

Осылайша, ауылдық округтердің әкімдері бюджет кірісін бірнеше жолмен құра алатынын көреміз:

- Салық салу базасын кеңейту, шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу, шаруа және фермер қожалықтарын құруды ұйымдастыру, салықтар мен төлемдерді жинау. Бұл жанама құралдар деп аталады.

- Салықтар мен төлемдерді жинауға жәрдемдесу. Өкінішке орай, заңнамада бұл құзыретті жүзеге асыру құралдары қарастырылмаған. Аудан әкімдерінде салық берешегі туралы хабарлама беру, мүлік пен есепшотқа тыйым салу, тыйым салынған мүлікті сату мүмкіндігі жоқ. Бұл құрал мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне жатады.

- Коммуналдық меншікті басқару. Оларға аудандық деңгейден берілген коммуналдық мекемелер мен кәсіпорындардың коммуналдық мүлікті жалға беру қызметінен түскен кірістер жатады. Ауылдық елді мекендер аумағында коммуналдық меншік объектілерінің көп еместігін және олардың аудан орталығында немесе қалалық елді мекендерде орналасқан объектілерден функционалдық жағынан төмен екендігін ескере отырып, бұл кіріс бабы ауылдық округ бюджетінің негізгі бөлігі болып табылмайды.

Сонымен қатар, төртінші деңгейлі бюджет енгізілгеннен бері коммуналдық меншік пен кәсіпорындардың бір бөлігін ауылдық округ деңгейіне жүйелі түрде беру жұмыстары жүргізілуде. Оларға қоғамдық нысандар, жолдар, көшелер мен демалыс орындары, мемлекеттік кәсіпорындар, соның ішінде балабақшалар мен мәдениет үйлері және т.б. жатады.

Коммуналдық кәсіпорындардың қызметінен түсетін кірістер оларды ұстауға жұмсалған шығыстар сомасынан асып кеткен жағдайда, бұл бюджеттің кіріс көздерінің біріне айналуы мүмкін.

Айта кету керек, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін қалыптастыру мүлікті түгендеумен, бағалаумен, құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеумен және т.б. байланысты ұзақ процесс. Осыған орай, ауданның коммуналдық меншігін балансқа қабылдау барысы оның экономикалық рентабельділігі мен дербестігін алдын ала бағалаудан кейін жүзеге асырылады. Көп жағдайда көптеген кәсіпорындардың залалдылығы оны ауылдық округ балансына қабылдаудың және меншіктің қалыптасу қарқынының төмендігінің факторына айналады.

Бұл ретте, ауылдық елді мекенді дамыту және оларды қаржылық қолдау қажеттілігі бойынша ауылдық округ әкімінің міндеттері жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің

мүмкіндіктерінен айтарлықтай асып түседі.

Төртінші деңгейдегі бюджеттерді кейінгі талдау ауылдық округ әкімі аппаратын ұстау бойынша ағымдағы операцияларға барлық дерлік қаражаттың жұмсалатынын көрсетті.

Ауылдық округ аумағындағы әкім қамтамасыз етуге міндетті негізгі шығыстарға мыналар жатады:

- жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу, салу және қайта жаңарту;
- жалғызбастыларға, қарттарға және мүгедектерге қызмет көрсету;
- қоғамдық жұмыстарды, жастар тәжірибесін, әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- жергілікті инфрақұрылымды дамыту;
- халықтың әлеуметтік осал топтарына тұрғын үй бөлу;
- мектепке дейінгі тәрбие және мәдениет ұйымдарының қызметін, оқушыларды мектепке жеткізуді қамтамасыз етеді;
- панасыздарды жерлеуді ұйымдастыру;
- қоғамдық орындарды күтіп ұстау, елді мекенді абаттандыру және көгалдандыру.

Осылайша, Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту туралы негізгі Заңы ауылдық округ әкімінің бюджетті қалыптастыру және атқару бөлігінде айтарлықтай кең құзыреттері мен функцияларын көздейді, дегенмен, оларды жүзеге асыру бойынша құралдарымен қолдау көрсетілмейді.

Бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуы бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа, елді мекенді абаттандыруға, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға, мектептегі білім мен мәдениетке жергілікті бюджеттен жеткілікті қаржыландыру қарастырылған.

Енді ауылдық округ әкімінің қолында бар жергілікті қоғамдастықтың бюджетін басқару құралдары мен тетіктеріне тікелей тоқталсақ.

Бюджеттік жоспарлау және бюджеттік өтінімді жасау кезеңінде әкім шығыстар бөлігінің негізгі бағыттарын, нысаналы индикаторларды және бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың тікелей нәтижелерін айқындайды.

Ауылдық округ әкімдері бюджетті жоспарлау және атқару кезінде тікелей нәтижелерге қол жеткізудің нысаналы индикаторлары нақты жазылған ресми құжаттарға негізделуі керек.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 38-1-бабында ауылдық округ әкімі аппаратының жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын әзірлеуі көзделген [2].

Бұл құжат мемлекеттік жоспарлау құжаттарының жүйесіне енбеген, әзірлеуге қойылатын талаптар, көрсетілген көрсеткіштерді сақтамағаны үшін жауапкершілік қарастырылмаған. Аталған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің қолда бар қаражатына байланысты емес, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде облыстық және аудандық бюджеттерден ұсынылған қаражатты бөлуге негізделген.

Табыс көздерін қалыптастыру сатысында Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 52-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, әкімнің толық және дербес құзыретіне кіретін бірден-бір құрал әкімшілік құқық бұзушылық үшін аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерімен айыппұл салу болып табылады [3].

Бюджетті жедел басқаруда ауылдық округ әкімі аудан әкімінің немесе оның орынбасарының келісімі бойынша бюджеттің міндеттемелері мен төлемдері жоспарына өзгерістер енгізуге құқылы.

Осылайша, заңнамалық негізде бекітілген жағдайлар ауылдық округ әкімдерінің жұмыс тиімділігінің төмендігінің факторы болып табылады.

Бюджеттік қаражаттың жеткілікті көлемі түріндегі қаржылық қолдаумен қамтамасыз

етілмеген міндеттемелердің кең тізбесі жалпы алғанда жергілікті деңгейдегі мемлекеттік саясаттың сапасы мен тиімділігіне, және оның ішінде ауылдық округтер әкімдерінің қызметіне кері әсерін тигізеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ауылдық округ әкімінің құзыретіне жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша 40-тан астам функциялар кіреді, бірақ оларды жүзеге асыру үшін төртінші деңгейдегі бюджет қаражаты жеткіліксіз.

Төртінші деңгейдегі бюджет қаражатының көлемі ауылдық округ әкіміне жүктелген функцияларды толық және тиімді жүзеге асыру үшін қажетті мөлшерден ондаған, кейде жүздеген есе төмен. Бұл фактіні халықаралық сарапшылар да атап өтеді. «Қазақстандағы реформалар: табыстар, міндеттер және перспективалар» құжатында берілген Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) ұсынымдарынан үзінді келтіреміз.

Құжат авторлары жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігінің төмен болуының басты себебі орталықсыздандырудың әлсіздігі және жергілікті билік органдарының салық саясатына ықпал ету құралдарының жоқтығы деп санайды.

Мысалы, құжатта «...жергілікті өзін-өзі басқару органдары кірістерінің едәуір бөлігін орталық мемлекеттік органдардан жалпы және мақсатты трансферттер түрінде алады, ал салық салу Салық кодексімен реттелетіндіктен, олардың кіріс мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға ықпал ету мүмкіндіктері шектеулі (ЭЫДҰ, 2017). Шығындарға қатысты кіріс көздерін реттеу үшін жеткілікті мүмкіндіктері мен икемділігі болмағандықтан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік қызметтерді қаржыландырудың бюджеттік трансферттерге және тік бағдарламаларға тәуелді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық жағын, оның ішінде салықты басқару мүмкіндігін шектей отырып, орталық үкімет осылайша жергілікті жауапкершілікті әлсіретуі мүмкін. Сонымен қатар, жергілікті билік органдары жергілікті жерлерді қозғайтын бюджеттік мәселелер бойынша шешім қабылдау процестеріне дерлік әсер етпейді, өйткені мұндай шешімдер республикалық деңгейде қабылданады...» [4].

Ауылдық округтер әкімдерінің бюджетті басқарудағы өкілеттіктері мен функцияларын қарастыра келе, әкімдердің жұмысының тиімділігіне әсер ететін негізгі және сыни факторлар: жеткіліксіз қаржыландыру, жоғары тұрған бюджетке жоғары тәуелділік, төртінші деңгейдегі бюджеттің дербестігі мен кіріс бөлігін арттыру құралдарының жоқтығы болып табылатынын атап өтеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңы, 35-бап. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148>
2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңы, 38-1 бап. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148>
3. «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Кодексі, 52-1 бап. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095>
4. ОЭСР. Секретариат по международным отношениям. Подразделение по работе со странами Евразии. «Реформы в Казахстане: успехи, задачи и перспективы». -217 стр. <https://www.oecd.org/eurasia/countries/Eurasia-Reforming-Kazakhstan-Progress-Challenges-Opport.pdf>

СУБСИДАРНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СУБЪЕКТОВ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СОЦИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ

Балғабәев Ж.Д., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты

Қазақстан Республикасындағы олимпиадалық спорт түрлерін басқаруды жетілдірудегі негізгі механизмдер

Аңдатпа. Мақалада еліміздің олимпиадалық спорт түрлерін басқаруды жетілдіруде цифрландырудың алатын орны ерекше екені зерттеу барысында айқындалады. Еліміздің сонау тәуелсіздік жылдарынан бері осы саладағы ең үлкен ауқымды өзгеріске мән беріп, өтпегені туралы айтылады. Жаңашылдықтардың барысында спортшылардың спорт тарихы, жаттықтырушылардың еңбек тәжірибесі, спорттық атақтар мен разрядтарды, біліктілік санаттарын беру, бірыңғай спорттық күнтізбеге сәйкес спорттық іс-шаралардың өтуі сынды ерекшеліктер болып отыр. Негізгі мәселе спортшыларымыздың негізгі халықаралық аренада төмен нәтиже көрсетуіне байланысты, мақалада осыларды шешудің алғышарттары көрсетіледі. Ғылыми жұмысты нақтылау үшін, шетелдік ақпараттарды салыстырмалы түрде қолданып жасалды. Осы бағытта дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық актілерді жетілдірудің нақты ұсыныстары, жергілікті атқарушы органдардың спорт басқармаларын орталық органмен басқаруда бір орталықтан басқару нұсқасы ұсынылатын болады.

«Спорт – әр адамның өзін-өзі жетілдіруінің мүмкін көзі» (Пьер де Кубертен) [1].


Спорт адам өмірінің ажырамас бір бөлігі ретінде қоғамда алатын орны орасан зор. Халық пен қоғам алдындағы мемлекеттің жауапкершіліктерінің бірі ол дені сау ұлт қалыптастыра отырып, адамдардың спорттық қозғалысын арттыру болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Денсаулық кепілі – дене шынықтыру, халықтың және балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуы қажет екенін тағы да қайталап айтамын, облыс әкімдері спорт инфрақұрылымын біртіндеп салуды қамтамасыз етуге тиіс» деп атап көрсетті [2]. Жалпы еліміздің қазіргі спорт саласындағы даму бағыты бұқаралық спортты оның ішінде балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға аса мән беріліп отыр.

Қазақстан Республикасы жүзден астам этнос тұратын әлемдегі ірі көпұлтты мемлекеттердің бірі, олардың әрқайсысының бірегей айрықша материалдық және рухани мәдениеті бар, оның ажырамас құрамдасы тамыры тереңде жатқан дәстүрлері бар бұқаралық халықтық спорт түрлері болып табылады. Осылайша мемлекеттік ұлттық саясатқа көпұлтты қоғамның заманауи қажеттіліктері мен мүдделеріне сай келетін жаңа тұжырымдамалық тәсілдер қажет болып отырған, өріс алған жаһандану жағдайында спортты ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтатын ерекше мәні бар маңызды факторлардың бірі ретінде қарауға болады.

Қазіргі заманғы әлемде спорт пен саламатты өмір салты экономикалық дамумен бірге, азаматтардың өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіштері қатарынан орын алады және халықтың әлеуметтік жұмыспен қамтылуының маңызды аспектісі ретінде қарастырылады әрі солай болып табылады.

Жалпы елімізде 170 спорт түрінен астам спорттық аккредиттелген федерациялар спорт түрлерінен дамытылуда, 2022 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 7,5 млн. жуық адам бұқаралық спортпен шұғылдануда, ол жалпы ел халқының 38,5%-ын құрайды.



ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ресми сайты [3].

Құқық адам әділдігі мен бостандықтары идеяларына сүйенетін, көп жағдайда заңнамада көрініс табатын және қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік ережелер жиынтығы [4]. Құқық мемлекетпен бірге қоғамның объективтік даму процесінің даму нәтижесінде пайда болады. Алғашқы қоғамдағы әлеуметтік нормалар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни өсиеттер, мемлекеттік жүйеде бірте-бірте екінші қатардағы және негізгі әлеуметтік нормаға айналуға айналуда. Спорттық құқықтың қалыптасуы егемендігімізді алғалы бері күрделі бірнеше өзгерістер мен толықтыруларға ұшырап келеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын орындау мақсатында, сондай-ақ спорт саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, құқықтық олқылықтарды, қайшылықтарды жою, оңтайландыру үшін Қазақстан Республикасындағы спорт және дене шынықтыру саласы бойынша «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне спорт және дене шынықтыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленді. Жалпы зерттеу бағытымың негізгі мақсаттарының бірі осы саланы басқаруға қатысты салалық заңға және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгерістер бойынша ұсыныстар енгізу болып табылады.

Заң жобасы дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы жергілікті атқарушы органдарға спорт секциялары мен балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыстарды орналастыру талаптарының сақталуын бақылау құзыретін беруді көздейді.

Сондай-ақ, қаражатты кәсіпқой спорттан бұқаралық және жастарға қайта бағыттау мақсатында Заң жобасында Қазақстан Республикасының Үкіметі деңгейінде кәсіпқой спорт клубтарын ұстау лимиттерін бекіту ұсынылады.

Сонымен қатар, Заң жобасында спорттың басым түрлерінің республикалық және өңірлік тізбелеріне сәйкес келмеген жағдайда жергілікті атқарушы органдарға жауапкершілік жүктеу;

- спортшылар мен жаттықтырушыларды материалдық және материалдық емес көтермелеу тәсілдерін түзету;
- ұлттық допингке қарсы жүйені ұйымдық деңгейде де, тиісті дәрілік заттармен қамтамасыз ету деңгейінде де жетілдіру;
- спорттық медицинаның қолданыстағы жүйесін жаңғырту;
- спорт нысандарын жекешелендіруге тыйым салуды енгізу;

- кәсіптік клубтардың қызметіне қатысты мәселелерді шешу, сондай-ақ кәсіби спортты дамытуға қатысты мәселелерді шешу;

- дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнаманың тұжырымдамалық аппаратын жетілдіру (дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысатын мүгедек спортшымен бірге жүретін спортшы, халықаралық төреші, спорт агенті, рейтингтік спорт).

Сонымен қатар, ұлттық құрамаларды Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада және басқа да халықаралық жарыстарға дайындаудың тиімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы заңнамадан Ұлттық олимпиада комитетімен Ұлттық паралимпиада комитетінің мемлекеттік тапсырмаларды алу құқығын алып тастау ұсынылады.

Бұл ретте, дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қатысуына мүмкіндік беру мақсатында мемлекеттік тапсырмалар тізбесін кеңейту жоспарлануда.

Әлемнің бірқатар дамыған елдерінде «Электрондық үкімет» заманауи қоғам мен ашық үкіметті қалыптастырудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. «Электрондық үкімет» азаматтарға мемлекеттік қызметшілермен тікелей өзара іс-қимыл жасамай-ақ әлеуметтік, қоғамдық маңызы бар мәселелерге жедел әрі тез жауап алуға мүмкіндік беретін мемлекеттік қызметтерді көрсетудегі барлық мүмкін болатын әкімшілік кедергілерді жояды, сондай-ақ, ресми ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдетеді [5].

1991 жылғы 16 желтоқсаннан бері тәуелсіз Қазақстанның тарихында спорт саласы бойынша мүлде цифрландыру жұмыстары жүргізілмегені анықталды. Осы бағытта «Дене шынықтыру және спорт саласындағы цифрландырылған «Е-спорт» платформасын іске қосудағы жаңашылдықтарды қолға алып, спорт саласының бағытында 70-80% бизнес процестерді оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Цифрландыру мүлде болмағандықтан, яғни барлық саланы зерттеп тиімді тұстарын тездетіп цифрландыруға өткізу жоспарлануда. Ең алғашқы болып, спортшының жеке картасы, жаттықтырушылардың еңбек өтілі, олардың рейтингі қалыптастырылады, олардың спорттық эпикировкалары барлығы электронды түрде қалыптастырылады, одан кейін спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесін қалыптастыру және осы арқылы халықаралық спорттық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесімен қаржылық күнтізбені цифрландыру көзделуде. Жарыс нәтижелеріне сәйкес қалыптасқан хаттама электронды түрде түзіледі, одан әрі спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарына сәйкес спортшылармен жаттықтырушыларға квалификациялық біліктіліктер беріледі. Кейіннен осы спорт саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің барлығын интеграциялау арқылы толық цифрландыруға қол жеткізу көзделеді.

Қазіргі таңда халықаралық деңгейде алып қарастыратын болсақ, спорттық цифрландыру бойынша алпауыт елдердің алғашқы қатарында Швейцария, Жапония, Дания, Эстония елдерінде көптеген спорттық шаралар цифрландырылған. Мысалы, Жапония елінде халықтың стадиондарға келу-кетуі, билет алуы, спорттық шараларға қатысты ұлттық моделі тағы басқа салалары бойынша барлығы цифрландырылған. Ең негізгі фишкасы ол халыққа жасалған тиімді билет алу жолдары. Спорт әлемінде төрт жылда бір рет өткізілетін үлкен дода Олимпиада ойындарын Жапония мемлекеті 3 рет Олимпиада ойындарын (1916, 1964, 2020) өткізген тәжірибесі мол мемлекет. Олимпиада ойындарын өткізу өте үлкен еңбекті, ресурсты және қаржыны талап етеді [6].

Келесі айтқым келген мемлекет – ол Эстония елі. Біріккен Ұлттар Ұйымының (E-Government Development Index) сайты жүргізген ақпаратқа сәйкес, 2022 жылдың қортындысы бойынша алғашқы орындарда Дания, Оңтүстік Корея мемлекеттері болса, үшінші орында Эстония мемлекеті тіркелген [7]. Эстония балтық елдерінің қатарында ең бірінші болып цифрландыруды қолға алған мемлекеттердің бірі. Тәуелсіз 30 жылдан астам уақытта жеткен деңгейлері өте жоғары. Ел Үкіметі жасаған халыққа қолжетімді, әрі ашық ақпараттар орталығы ешқандай қиындықтар туғызбайды. Спорт саласындағы ең негізгі ерекшелігі – барлық спорт түрлері бойынша мемлекеттік көрсетілетін мемлекеттік

қызметтердің барлығы электрондық үкімет порталымен байланыстырылған және қолжетімді деңгейде [8].

Ендігі кезекте спорт саласындағы жаңашылдықтарға тоқталар болсақ, онда толықтай «Бұқаралық спортты дамытудың кешенді жоспарында «E-SPORT» ұлттық спорт платформасын енгізу қарастырылған. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі алдына қойған мақсаттардың бірі, яғни ауқымды жобалардың ірісі ол спорт саласын мүмкіндігінше цифрландыру міндеті қойылған. Карантин кезінде бұл мәселелер өзінің өте маңызды екенін көрсетті.

Жалпы ақпарат ретінде тоқталатын болсам, Цифрлық платформа үш модульді қамтиды. Бірінші модуль – спорттық іс-шараларды басқару, яғни спорт күнтізбесі толығымен цифрланады.

Екінші модуль – спортшылардың, төрешілердің, жаттықтырушылар паспортын енгізу және барлық мемлекеттік қызметтерді электронды форматта көрсету. Байқаудың барлық хаттамалары да электронды түрде беріледі. Түрлі жарыстардың нәтижелері бойынша жүйе барлық атақтарды дербес тағайындайды.

Үшінші маңызды модуль – бұл нысандарда орналасқан барлық учаскелер туралы халықты ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, барлық спорт нысандарын цифрландыру. Жүйе тұрғындарды толғандыратын барлық сұрақтарға жауап береді. Платформа спорттық іс-шаралар, спортшылар мен спорт нысандары туралы толық ақпарат алатын бірыңғай порталға айналады.

Осы жоғарыда аталған үш модульдің толықтай жүзеге асуы бұл ел тарихында болмаған спорт бағытында цифрландырудың маңызды қадамы болып табылары айдан анық. Халықтың сұранысына лайықты етіп жасауға арналған ұлттық платформа болашақта «E-gov» порталымен интеграция жасалып, спорттық секцияларға балаларды жазу өте қолайлылық туғызады [9]. Рейтингке сәйкес үздік жаттықтырушыларды таңдау, олардың жұмыс нәтижелерін көру, қандай үздік шәкірттерді тәрбиелеп жаттықтырғаны туралы тағы да басқа дербес ақпараттардың барлығын қарауға және әрбір ата-ана өзіндік талдау жасауына болады.

Жоғарыда аталған бағыттағы жасалатын жұмыстардың барлығы Қазақстан халқына қолжетімді әрі қолайлы үлесін қосады.

Еліміздің спортшыларының 2020 жылғы Токио Жазғы Олимпиада ойындарындағы медальдар саны бойынша көрсеткіші қоғамдық резонанс туғызған болатын.

1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық спорт ареналарында өнер көрсете бастады.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ спортшыларының жеңістері:

- Жазғы Олимпиада ойындарында 16 алтын, 21 күміс, 36 қола, жалпы 73 медаль;
- Қысқы Олимпиада ойындарында 1 алтын, 3 күміс, 4 қола, жалпы 8 медаль;
- Жасөспірімдер арасындағы жазғы Олимпиада ойындарында 7 алтын, 4 күміс, 17 қола, жалпы 28 медаль;
- жасөспірімдер арасындағы қысқы Олимпиада ойындарында 1 күміс, 4 қола, жалпы 5 медаль.

Бұл олимпиадаға әлемнің 206 елінің өкілдері қатысып, спорттың 45 түрінен 339 медаль жиынтығы ойнатылды.

Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасының құрама командасы сапында спорттың 28 түрінен 97 спортшы қатысып, 98 лицензия жеңіп алынды.

Токио Олимпиадасында өнер көрсету қорытындысы бойынша спорттың 5 түрінен 8 қола медаль.

Токио Паралимпиада ойындарынан 7 спорт түрінен 26 спортшы қатысты, нәтижесінде 1 алтын медаль, 3 күміс. Сондай-ақ бір 4-орын, бес спортшы 5-орын және екі спортшы 6-орынға ие болды [10], [11].

Алдағы Парижде өтетін 2024 жылғы Жазғы Олимпиада және Паралимпиада ойындарына қатысу бойынша дайындық жасаудың кестесі бекітіліп, жұмыстар жасалуда.

Ең алғашқы деңгейде спорттық резервтің жай-күйін жасақтап, барлық қажетті шараларды жүзеге асыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Pierre, baron de Coubertin. La Gymnastique utilitaire. Paris: Alcan. 1905.
2. ҚР Президентінің ресми сайты. <https://www.akorda.kz/ru>
3. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ресми сайты. <https://www.gov.kz/>
4. Хропанюк В. Н. Теория государства и права. М.: Интерстиль, 1998.
5. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000088#z42>
6. История Олимпийских игр. <https://olympics.com/ru/olympic-games>
7. Рейтинг стран по уровню развития электронного правительства. <https://nonews.co/directory/lists/countries/e-government>
8. Олимпийский комитет Эстонии – eesti olümpiakoondist toetavad. <https://www.eok.ee/>
9. Электрондық үкімет порталы. <https://egov.kz/cms/kk>
10. ҚР Ұлттық олимпиада комитетінің ресми сайты. <https://olympic.kz/ru>
11. ҚР Ұлттық Паралимпиада комитетінің ресми сайты. <https://paralympic.kz/ru/>

Боранбайқызы А., *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты*

«Ашық үкімет»: халыққа әлеуметтік қызметтер ұсыну саласындағы әлеуметтік тиімділік

Аңдатпа. Басқарудың жаңа парадигмасы аясында мақалада әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік көмек көрсетудің интеграцияланған моделін енгізу мәселелері, қиын өмірлік жағдайға тап болған Қазақстан азаматтарына бастапқы кезеңде ерте араласуға және оның алдын алуға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік профилактика шараларын қабылдауға азаматтық қоғамның қатысуы бойынша ұжымдық іс-қимыл тетіктері қаралады.

Мұқтаж азаматтар мен отбасыларды жеке және кешенді қорғау қағидаттарын іске асыру тұрғысынан халықты әлеуметтік қорғау қызметін үйлестіру және басқарудың заманауи тәжірибесі зерделенді. Мақалада азаматтардың қажеттіліктерін түсінудің негізгі тәсілдері сипатталған, әлеуметтік қызметтердің мұқтаж адамдарға қолжетімділігі мен ашықтығы, ауыл мен қала тұрғындарының мемлекеттік қызметтер алу кезіндегі кеңістіктік теңсіздігі, көрсетілетін қызметтердің сапасы мәселелері зерттеледі.

Түйін сөздер: ашық үкімет, әлеуметтік қызметтер, ұжымдық іс-қимыл.

Кіріспе

Әлеуметтік қызмет көрсету – бұл өздігінен еңсере алмайтын өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну қызметі.

Қазақстан Республикасының жаңадан қабылданған Әлеуметтік кодексінде адамды арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж деп тану негіздері айқындалған. Бұндай жағдайдан шығару, туындаған әлеуметтік мәселелерді еңсеру және өзге адамдармен тең жағдайда қоғам өміріне араласу мүмкіндігін беру мақсатында азаматтарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

Әлеуметтік қорғау саласында бұндай қызметтерді жыл сайын 120 мыңнан астам адам (егде жастағы адамдар, мүгедектігі бар адамдар, адам саудасы және тұрмыстық зорлық-

зомбылық құрбандары, баспанасыздар) алады (ҚР мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар, 2019).

Мүгедектігі бар адамдарды техникалық қосалқы құралдармен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында 2020 жылдан бастан «Әлеуметтік қызметтер порталы» ақпараттық жүйесі (aleumet.egov.kz) енгізілді. Мүгедектігі бар адамдар оңалту құралдары мен қызметтерін, сондай-ақ өнім жеткізушілерді өздері таңдайды.

Портал әлеуметтік-еңбек саласындағы бірыңғай ақпараттық платформаның бөлігі бола отырып, адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарды таңдауға, кезекке тұру кезінде ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызып отыр. Өйткені мүгедектігі бар адамдар мен қарт азаматтар электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы Порталда өз бетімен тіркеледі. Бұл қызмет сапасын арттыруға оң әсер ететіні сөзсіз.

Дегенмен, аталған қызметтердің көбі қалаларда көрсетілетінін мойындау керек. Мүгедектігі бар адамдардың 45%-ы ауылдардағы әлеуметтік жұмыскерлердің көмекші қызметтерін ғана алып отыр.

Бұған қоса, қызметтердің көп бөлігін ірі мемлекеттік орталықтар көрсетеді, олардың кейбірінде тұратын адам саны 300-ге дейін жетеді. Бұл орталықтар қызметінің сапасына әсер етпей қоймайды.

Білім беру, денсаулық сақтау салаларында да арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілетінін айта кету керек. Мысалы, бір отбасыда мүгедектігі бар, кәмелеттік жасқа болмаған балалар бар делік, ата-аналары бейәлеуметтік өмір салтын ұстанады және тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бар. Ондай жағдайда отбасы қажеттілігіне қарай мектеп, емхана, әлеуметтік қорғау мекемелері мен ұйымдары тарапынан көмек алуға құқылы болады. Осылайша отбасының әр мүшесімен жеке қызмет айналысады.

Бұл орайда, әр саланың өз қағидалары, стандарттары, талаптары мен шарттары бар. Адам көмек алу үшін бірнеше инстанцияға жүгінеді.

Кейде адамдардың құқықтық сауатының жеткіліксіздігі, психологиялық проблемалары және жергілікті мекемелердегі қағазбастылық отбасыны көп ұйымға баруға мәжбүрлейді, сәйкесінше ол қиын жағдайдан өздігімен шыға алмайды. Мәселені ушықтыратыны – бұл талаптар мен қағидалардың біріздендірілмеуі және процестердің кей бөлігінің қайталануы. Осы орайда соңғы қызмет алушы зардап шегеді, ал ведомстволар әдеттегі әдістерімен қызмет ете отырып, ақауларды байқамайды.

Бұған қоса, қазіргі уақытта мұқтаж азаматтарға «бір терезе» қағидатымен арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну тетіктері жоқ.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында қолданыстағы ұлттық заңнама және әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл жөніндегі халықаралық тәжірибе қарастырылды. Сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік сала мамандары арасында Google-форма көмегімен әлеуметтік сауалнама жүргізілді.

Нәтижелер (жіктеме)

Арнаулы әлеуметтік қызметтердің мұқтаж азаматтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету, әсіресе ауыл тұрғындарын қамту, ол үшін «электрондық үкімет» мүмкіндіктерін пайдалану қажеттігі туралы Президент Жарлықтарында, Үкіметтің бірқатар қаулыларында алғышарт болып қабылданғанын төмендегі 1-кестеден көруге болады.

1-кесте. Арнаулы әлеуметтік қызметтердің интеграцияланған моделін енгізудің құқықтық алғышарттары

Құжат атауы, бекіту нысаны, қабылданған күні, нөмірі	Арнаулы әлеуметтік қызметтердің интеграцияланған моделін енгізу туралы норма мәтіні
Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық	«2025 жылға қарай Қазақстандағы түбегейлі өзгерістер: ...

<p>даму жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы)</p>	<p>әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің мәлімдеме нысанынан – өмірлік қиын жағдайдағы адамдарды қызметтермен қамту кеңейту үшін анықтаушы нысанға; ... Қызметтер көрсетуде өтім беру тәсілінен проактивті тәсілге көшу арқылы атаулылықты күшейтуге қол жеткізілетін болады. Мемлекеттік органдар ақпараттық жүйелер арқылы аз қамтылған азаматтарды айқындай отырып, ауылдық жерлерге баса назар аудару арқылы халықтың мұқтаж санаттарын дербес анықтайтын болады».</p>
<p>Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы)</p>	<p>«Әлеуметтік қолайсыздық профилактикасына бағытталған әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік көмек көрсетудің интеграцияланған моделі құрылады. Оның шеңберінде білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелерінің, басқа да салалардың әлеуметтік қызметкерлерінің қызметін үйлестіру тетігі әзірленетін болады, бұл отбасының қажеттіліктерін жан-жақты айқындауға және мұқтаж азаматтарға «бір терезе» арқылы әлеуметтік қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді. Өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасыларға проактивті кешенді қолдау шараларын көрсету мақсатында отбасының цифрлық картасын әзірлеу мәселесі пысықталатын болады».</p>
<p>Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 396 қаулысы)</p>	<p>«2025 жылға қарай әлеуметтік қолайсыздықтың алдын алуға бағытталған әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік көмек көрсетудің интеграцияланған моделі құрылатын болады. Жаңа модель шеңберінде мұқтаж азаматтар мен олардың отбасыларына жеке және кешенді қамқорлық қағидаты іске асырылатын болады. Ол үшін білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелерінің және басқа да салалардың әлеуметтік қызметкерлерінің жұмысын үйлестіру тетігі әзірленетін болады, бұл мұқтаж азаматтарға әлеуметтік қызметтерді «бір терезе» арқылы көрсетуге мүмкіндік береді».</p>
<p>Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы)</p>	<p>«Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту әлеуметтік қызметтердің тиімді өзара іс-қимылы және әлеуметтік қызметтер көрсетудің интеграцияланған моделін енгізу есебінен жүзеге асырылады».</p>

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі негізінде құрастырылды

Кестеде көрсетілгендей, елімізде 2025 жылға дейін арнаулы әлеуметтік қызметтердің интеграцияланған моделін құрып, мұқтаж адам өтініш беруін күтпейтін проактивті тәсілді енгізу қажет.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік көмек көрсетудің интеграцияланған моделін енгізу бойынша пилоттық жобаның бірінші кезеңін жүзеге асырды. Жоба адамды (отбасыны) өмірлік қиын жағдай туындаған сәттен бастап одан шыққанға дейін әлеуметтік сүйемелдеуді, интеграциялауды және қиын өмірлік жағдай профилактикасын көздейді.

Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласында ведомствоаралық өзара іс-қимылдың халықаралық тәжірибесіне келетін болсақ, мақалада (Абишева, 2020) Ұлыбритания, Канада, Финляндия, Германияны зерттеген.

1. Канада тәжірибесі

Денсаулық сақтау министрлігі мен Білім министрлігі әлеуметтік қызметтерге мұқтаж 18 жасқа дейінгі балалар мен олардың отбасыларына бірлесіп жетекшілік етеді. Сондай-ақ 18 жасқа дейінгі адамдар үшін әлеуметтік қызметтер көрсетуді қаржыландыру Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан да, Білім министрлігі тарапынан да жүзеге асырылатынын атап өту маңызды.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген 18 жастан асқан адамдарға қамқорлық жасау құзыреті Канаданың адами ресурстар және әлеуметтік даму министрлігіне берілген. Оңалту бағдарламаларын әзірлеу бойынша шешім қабылдау және әлеуметтік қызмет түрлері, көлемі бойынша мониторинг жұмысының көп бөлігін бағалау жөніндегі әлеуметтік қызметкерге жүктелген.

Канада провинциялары денсаулық, білім және әлеуметтік сала бағдарламаларын орындауға жауапты. Мысалы, ата-аналары тастап кеткен балалар немесе отбасында тиісті көңіл бөлінбейтін балалар Балалардың әл-ауқаты туралы заңға сәйкес мемлекеттік көмек алады.

Ведомствоаралық жүйе отбасы әлеуметтік қызметтерді анықтау үшін арнайы құрылған Отбасылық қызметтер департаментіне жүгінетін етіп құрылған. Департамент Денсаулық сақтау министрлігінде жұмыс істейді, бірақ ол тәуелсіз орган. Қызметтердің түрлерін, көлемін және санатын осы департаменттің әлеуметтік қызметкерлері баланың жеке қажеттіліктері негізінде анықтайды. Аталған департамент білім және денсаулық сақтау министрліктері арқылы екі көзден қаржыландырылады және 18 жасқа дейінгі балаларға жетекшілік етеді. Отбасылық қызметтер департаменті кең өкілеттіктерге ие және орталықтың келісімінсіз өз құзыреті шеңберінде шешім қабылдауға құқылы. Бұл бенефициарлардың проблемаларына тек жеке қарауға және қызмет алушылардың мүдделерін барынша ескеруге мүмкіндік береді. Адам қызмет көрсету субъектісін өзі таңдайтынын және ақша адам таңдаған ұйымға төленетінін айта кету керек. Әрі қарай арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаждар Адами ресурстар және әлеуметтік даму министрлігінің жетекшілігіне өтеді және барлық қажетті қызметтерді осы министрліктен алады.

2. Финляндия тәжірибесі

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл профилактикалық әлеуметтік қызмет көрсету кезеңінде жүзеге асырылады. Профилактикалық әлеуметтік қызмет көрсетуде әлеуметтік қамсыздандыру мен денсаулық сақтауды басқа ресми ұйымдармен үйлестіру негізгі рөлді алады: білім беру, жерді пайдалану, құрылыс, тұрғын үй құрылысы, жұмыспен қамту, мәдениет, демалыс, көлік және басқа ведомстволар. Ең бастысы – проблемаларды анықтау және оларды ерте кезеңде шешу.

3. Ұлыбритания тәжірибесі

Заңнамалық деңгейде ведомстволар арасындағы байланыс бойынша жекелеген нормативтер жоқ. Осыған қарамастан, Балалар, мектептер және отбасы департаменті жұмыста пайдалану үшін ведомствоаралық (ұйымаралық) қызметтерді ұсынудың келесі үш моделін әзірлеген:

1) ведомствоаралық панель – әр түрлі ұйымдардың жақсы жиынтығымен ұсынылған, тәжірибелі мамандар ұйымдардың қызметкерлері болып табылады. Панель немесе желі ведомствоаралық іс-қимылдың септігі тиюі мүмкін, қосымша қажеттіліктері бар балалардың мәселелерін талқылау үшін ай сайын жиналады. Панель мүшелері ситуациялық жұмысты өздері орындай алады немесе басқаларға тапсырыс бере алады;

2) ведомствоаралық команда – әр түрлі саладан, ұйымдардан персоналды жұмысқа тарта отырып, командада топтық бірегейлік үшін бірігеді. Тәжірибелі мамандар басшылық пен тренингті жүзеге асыру үшін өз ұйымдарымен байланыста бола алады;

3) интеграцияланған қызмет – қоғамдастыққа қызмет көрсету хабы ретінде жұмыс істейді. Әдетте жеке қызметтер жиынтығын бір жерде ұсынады, сонымен бірге жұмыс істеудің көзқарасы мен принциптері ортақ, ұжымдық кәсіби тренинг стратегияларын жиі қолданады.

4. Германия тәжірибесі

Германияда ерте араласу қызметтерінің кең желісі бар, олар ұзақ уақыт параллель және өзара келісілмей жұмыс істеген әлеуметтік-педиатриялық және педагогикалық тәсілдерді интеграциялауға қадам жасады және ортақ жүйеге біріктірілді. Аудандық ерте араласу қызметтері есту мен көруді дәл бағалау және жәрдемақы тағайындау үшін тиісті денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарына, әлеуметтік қызмет көрсету үшін Мүгедектер мен мүгедек балаларды әлеуметтік оңалту орталықтарына, қажет болған жағдайда жекелеген мамандардың кеңестеріне жібереді. Бұл ретте консультацияға баланың ата-анасы ғана емес, аудандық ерте араласу қызметінің мамандары да қатысты. Перзентханалар мен ерте араласу қызметтері арасындағы өзара іс-қимыл пысықталды.

Мысалы, Даун синдромы бар бала туған жағдайда ата-аналарға ерте араласу қызметі туралы ақпарат беріледі және олардың келісімімен перзентханаға ерте араласу қызметінің түрлі мамандары келеді. Шала туылған және салмағы өте аз нәрестелер үшін қарқынды терапия бөлімшесінде профилактикалық ерте араласу бағдарламасы әзірленеді.


5. Ресей тәжірибесі

Бүгінгі таңда Ресейде әлеуметтік қызмет көрсету мен әлеуметтік сүйемелдеуді ұйымдастыру жұмыстары Ведомствоаралық өзара іс-қимыл регламенті негізінде жүзеге асырылады (РФ Федералды заңы, 2013). Ведомстволық бағынысты аумақта халыққа әлеуметтік қызмет көрсету мәселелерін басқару функцияларын халықты әлеуметтік қорғау органдары жүзеге асырады. Олар өз қызметін денсаулық сақтау, халыққа білім беру, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, құқық қорғау органдарымен, жастар және жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік қызметтермен және басқа да басқару органдарымен, сондай-ақ қоғамдық, діни, қайырымдылық ұйымдармен және қорлармен өзара іс-қимыл жасай отырып құрады. Әлеуметтік қызмет әлеуметтік жұмыс құралы ретінде өз қызметін екі бағытта ұйымдастырады: әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек. Әлеуметтік қызметтер жүйесіне мыналар кіреді: мемлекеттік, муниципалдық және мемлекеттік емес қызметтер.

«Әлеуметтік саладағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл» ұғымының мәні өзара іс-қимыл жасайтын тараптардың аумақтық-басқарушылық ерекшеліктерін және халықтың мүдделерін ескеру негізінде мекемелердің келісілген қызметінде жатыр (Протасова, 2004).

Әлеуметтік сауалнама нәтижелері


Арнаулы әлеуметтік қызметтердің интеграцияланған моделін енгізу бойынша әлеуметтік сауалнамаға Батыс Қазақстан облысының 630 әлеуметтік сала маманы қатысты, оның ішінде 50,3%-ы мемлекеттік қызметшілер, 44,3%-ы азаматтық қызметшілер, 5,4%-ы – үкіметтік емес ұйымдардың қызметкерлері (1-сурет).



1-сурет. Сауалнамаға қатысушылардың мәртебесі


Респонденттердің 65%-ы ауылдық жерде тұрады. Бұл ретте, сұрақтарға жауап бергендердің басым бөлігі әлеуметтік қорғау саласында (83%) жұмыс істейді, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау жүйесінің, құқық қорғау органдарының қызметкерлері де қатысқан.

«Өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдармен (отбасылармен) жұмыста ведомстваралық өзара іс-қимыл қажет пе?» деген сауалға 67,8%-ы оң жауап берсе, 22,1%-ы жауап беруге қиналған (2-сурет).




2-сурет. «Өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдармен (отбасылармен) жұмыста ведомстваралық өзара іс-қимыл қажет пе?»

Бұл ретте, сауалнамаға қатысқан адамдардың көпшілігі (44%) мәселелерді шешу кезінде өзге саланың мамандарына өте сирек, яғни жылына 1 немесе одан көп рет жүгінетінін мәлімдеді, 28,1%-ы жарты жылда 1 рет, 15,6%-ы жиі (айына 1 рет), ал бар-жоғы 12,4%-ы тұрақты түрде хабарласады екен (3-сурет). Бұл қиын жағдайға тап болған адамның (отбасының) проблемасын шешуде әртүрлі мекемелердің арасындағы өзара байланыстың төмен екенін көрсетеді.



3-сурет. Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылармен жұмыс барысында өзге ұйымдарға көмек үшін жүгіну жиілігі, адам

Осы орайда, респонденттердің 52,7%-ы өзара іс-қимыл барысында ауызша түрде ақпарат алмасса, 28,3%-ы ақпараттық жүйелерден алады, 16,7%-ы ресми сұрау-жауап хаттар арқылы өзара байланыс орнатады (4-сурет).



4-сурет. Басқа сала мамандарымен өзара іс-қимыл әдісі

Сонымен қатар сауалнамаға қатысқандардың 8,4%-ы Батыс Қазақстан облысында интеграцияланған модельді енгізу бойынша пилоттық жоба аясында ведомствоаралық комиссияның немесе ведомствоаралық команданың мүшесі болғанын жеткізді. Ал «Пилоттық жоба аясында сіздің ведомствоаралық комиссия/ведомствоаралық топ мүшелері мұқтаж адамдарға (отбасыларға) көрсеткен көмектің тиімділігі тұрғысынан өзара іс-қимыл деңгейін қалай бағалайсыз?» деген сұраққа респонденттердің 9,1%-ы «жоғары» деп баға берсе, 24,3%-ы «орташа», 4,5%-ы «төмен» деген пікір қалдырды, 25,6%-ы жауап беруге қиналды.

«Өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдармен (отбасылармен) жұмыста кейс-менеджмент («іске жетекшілік ету») әдісін қолдану қажет деп есептейсіз бе?» деген сауалға 15,9%-ы бұл кейс-әдіс тиімділігін көрсетті десе, 22,2%-ы «қажет, бірақ барлық жағдайда емес» деді, 31,7%-ы жауап беруге қиналып, 8,1%-ы бұл әдіске қарсылықтарын білдірді. Ал 21,6%-ы кейс-менеджменттен бейхабар болып шықты.

Әлеуметтік сауалнама барысында арнаулы әлеуметтік қызметтердің интеграцияланған моделін енгізу бойынша бірқатар ұсыныстар берілді:

- әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау органдарының, полицияның бірлескен жұмысы арқылы бастапқы мәселелерді шешу, одан әрі негізгі сұрақты шешу жолын табу;

- адамдарға әрқашан мейірімді көзқараспен көмектесе отырып, барлық сұрақтарына сауатты жауап беру;

- ведомствоаралық комиссия жұмысының сапасын арттыру;

- қажеттіліктерді айқындау процесін дұрыс жүргізу, әр адамға жеке қарау;

- отбасының жағдайын бақылауда ұстау.

Қорытынды

Жүргізілген талдауға және әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне сәйкес, Қазақстанда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің интеграцияланған моделін енгізу, яғни мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимыл тетігін қалыптастыру қажеттігі айқын көрінеді.

Интеграциялық модель негізінде адамның басты құқықтарының бірі ретінде әлеуметтік қорғау бағдарламаларына тең қолжетімділікті бекітетін құқық қорғау тәсілі жатыр, ол әлеуметтік қызмет және әлеуметтік көмек көрсету жүйелерін қайта бағдарлау қажеттігімен байланысты болып отыр. Яғни бұл модельде отбасының барлық қажеттіліктерін неғұрлым қанағаттандыратын, әрі өз жұмысын «бір терезе» қағидатымен ведомствоаралық өзара іс-қимыл аясында үйлестіретін және тез әрекет ететін қызметтер тарапынан жеке қолдау алуға шоғырланған болуы тиіс.

Осы орайда қызметтер мен көмекті интеграциялық түрде ұсыну алға қойған міндеттерді шешу мақсаты емес, керісінше құралы (тетігі) екеніне назар аударған жөн.

Интеграциялық модельді енгізу арқылы процеске қатысушылардың барлығы – мамандар да, мұқтаж адамдар да пайда ала алады.

Ұсынымдар

Мұқтаж азаматтарға «бір терезе» арқылы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету кезінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, ішкі істер және басқа да сала қызметкерлерінің ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетігін әзірлеу қажет. Ол үшін:

1) «Электрондық үкімет» порталының құрамдас бөліктері «Әлеуметтік қызметтер порталы» мен «Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйелеріндегі деректерді пайдалана отырып, арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдарды анықтау және олардың келісімі болған жағдайда проактивті форматта әлеуметтік қызметтер көрсету;

2) Интеграцияланған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартының жобасын әзірлеу және тиісті министрліктердің (енбек және халықты әлеуметтік қорғау, оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім, денсаулық сақтау, ішкі істер) бірлескен бұйрығымен бекіту;

3) аталған жобаны бірнеше өңірде пилоттан өткізу ұсынылады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтердің интеграцияланған моделін енгізу осы қызметтерге мұқтаж адамдарды қиын жағдайдан шығарып, қоғамның тең мүшесіне айналдыруға мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер тізімі

1. Абишева К.К. (2020). Модели межорганизационного взаимодействия в сфере социальных услуг: в контексте управления социальными рисками (международный опыт). Modern science. Научно-информационный издательский центр «Институт стратегических исследований» (Москва), 1-1, 377-386.
https://www.elibrary.ru/download/elibrary_41870365_44167153.pdf

2. Дуйсенова Т. (2023, 26 апреля). Пять новаций Социального кодекса. Казахстанская правда. <https://kazpravda.kz/n/pyat-novatsiy-sotsialnogo-kodeksa/>

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. (2023, 4 сәуір). Қазақстанда мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын арттыру туралы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/531508?lang=kk>

4. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі (2022, 5 шілде). *ҚР ЕХӘҚМ: мүгедектігі бар адамдардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған шаралар туралы*. <https://ortcom.kz/kk/novosti/1657001928>

5. «Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын және Әлеуметтік жаңғыртудың 2016 жылға дейінгі кезеңге арналған жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 396 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000396>.

6. «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000326>.

7. «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384>.

8. «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224>.

9. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>.

10. Об основах социального обслуживания граждан в Российской Федерации. Федеральный Закон Российской Федерации. Электронный фонд нормативно-технической и нормативно-правовой информации Консорциума «Кодекс» <https://docs.cntd.ru/document/499067367>. дата обращения: 25.04.2023

11. Протасова Т.Н. (2004). Межведомственное взаимодействие учреждений социальной сферы в решении проблем сиротства на территории [Диссертация на соискание степени ученой степени кандидата социологических наук, Кемеровский государственный университет], <https://www.dissercat.com/content/mezhvedomstvennoe-vzaimodeistvie-uchrezhdenii-sotsialnoi-sfery-v-reshenii-problem-sirotstva->

Жумағалиева А., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты

Қазақстан Республикасындағы туризмді дамыту үрдістері

Аңдатпа: Баяндамада Қазақстан Республикасында туризм саласын дамыту жөнінде стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға трансформациясы көрсетілген. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен бекітілген, «2021–2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту» бойынша ұлттық жобасының 3-ші бағыты: «Жаңа тауашаларды қалыптастыру», оның ішінде ЖІӨ-дегі туризм көлімінің 8,4 трлн. теңгеге дейін өсуі жоспарына жету үшін негізгі 2 міндет қойылған болатын. Оның 1-ші міндеті «Туризмді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау» бойынша 5 көрсеткіштің 3-еуі (2,3,5 көрсеткіштер) және 2-ші міндет «Туристік саланы дамытуға қазіргі заманғы технологияларды енгізу» бойынша 2-ші көрсеткіші «Гидтер мен экскурсоводтардың қызметін цифрландырумен қамтуды ұлғайту» бағытында алға қойған жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілмеу себептері айтылған. Жүргізілген талдау нәтижелері негізінде туризм саласы лайықты даму деңгейіне жете алмай отырған көруге болады. Сонымен қатар Үкімет басшылары туризмді дамытудың түрлі жоспарын жасағанымен, олардың бағыттары жоспарға сай орындалмай отырғандығы анықталды.


Түйін сөздер: туризм, ұлттық жоба, инвестиция.

Әлемнің көптеген дамушы мемлекеттері үшін туризм экономиканы дамытудың басты міндеті және табыс табудың тұрақты көзі болып табылады.

Қазақстандық туризмнің қалыптасуы 1991 жылы ел тәуелсіздік алған сәттен басталды. Қазіргі уақытта Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік туристік ұйымының (UNWTO) тең құқылы мүшесі болды. Қазақстан Республикасын табиғаты керемет қалалар мен қорықтарға толы. Мемлекетеміз жер аумағы бойынша әлем елдерінің арасынан 9-орынды алады. Жалпы, Қазақстан аумағында 12 ұлттық табиғи парк және 10 қорық бар.

Бірақ Қазақстанда туризм экономиканың шикізат секторына шоғырлануына байланысты табысы төмен сала ретінде қалып отыр.

1-кесте. Қазақстан Республикасындағы 2018-2022 жылдар аралығындағы салалар бойынша жалпы ЖІӨ құрылымы



Дереккөз: автор дереккөз негізінде құрастырған [1]

Жоғарыда берілген кестеде еліміздегі соңғы 5 жылдағы (2018–2022 жж.) әр саланың жалпы ішкі өнімнің құрылымының (бұдан әрі – ЖІӨ) қанша пайызын құрайтындығы көрсетілген. Бұл жерде өнеркәсіп саласы (2018 жылы – 56,4%, 2019 жылы – 55%, 2020 жылы – 54,2%, 2021 жылы – 59,2%, 2022 жылы – 58,6%) ЖІӨ 50%-дан астамын алып отыр. Одан кейін сауда саласы (2018 жылы – 16,8%, 2019 жылы – 17%, 2020 жылы – 17,2%, 2021–2022 жылдар – 16,8%) – шамамен 17%-ды, көлік саласы (2018 жылы – 8,2%, 2019 жылы – 8%, 2020–2021 жылдар – 8,6%, 2022 жылы – 6,1%) – шамамен 8%-ды, құрылыс саласы (2018 жылы – 5,3%, 2019 жылы – 5,5%, 2020 жылы – 6,1%, 2021 жылы – 5,7%, 2022 жылы – 5,3%) – шамамен 5,5%-ды, ауыл шаруашылық саласы (2018-2019 жылдар – 4,4%, 2020 жылы – 5,4%, 2021 жылы – 5,1%, 2022 жылы – 5,2%) – шамамен 5%-ды, білім беру саласы (2018-2019 жылдар – 2,7%, 2020 жылы – 3,6%, 2021 жылы – 3,9%, 2022 жылы – 3,8%) – шамамен 3,5%-ды, денсаулық сақтау саласы (2018 жылы – 1,9%, 2019 жылы – 1,9%, 2020 жылы – 2,6%, 2021 жылы – 2,9%, 2022 жылы – 2,8%) – шамамен 2,5%-ды құрап отыр. Ал туризм саласы басқа салаларға қарағанда ең төменгі көрсеткішті көрсетіп отыр, яғни 2018 – 1,9%, 2019 жылы – 1,8%, 2020 жылы – 1,9%, 2021 жылы – 1,9% және 2022 жылы – 1,7%. Жалпы

елімізде туризм саласын дамыту жөнінде стратегиялық және бағдарламалық құжаттар бар. Төмендегі кестеде Қазақстан Республикасында туризм саласындағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға трансформациясы көрсетілген.

2-кесте. Туризм саласындағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың трансформациясы



3-БАҒЫТ Жаңа тауашаларды қалыптастыру №1 міндет. Туризмді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау

№	Атауы	2021		2022		2023		2024		2025	
		План	Факт	План	Факт	План	Факт	План	Факт	План	Факт
1.	1 көрсеткіш Ішкі туристер санының артуы (млн. адам)	5,3	6,9	6	6,5	6,6	-	7,3	-	8,0	-
2.	2 көрсеткіш Келуші туристер санының ұлғаюуы (млн. адам)	0,4	0,3	1	0,6	1,4	-	2,0	-	3,0	-
3.	3 көрсеткіш «Сапарлар» жүйесі бойынша көрсетілетін қызметтер экспортының ұлғаюуы (млн. долл.)	600	535,3	1000	1280,6	1600	-	2500	-	3000	-
4.	4 көрсеткіш Бөлме қоры санының ұлғаюуы (төсек-орын)	187 673	182 820	191 835	204 247	196109	-	200499	-	205 000	-
5.	5 көрсеткіш Салаға инвестициялар көлемін 6,9 трлн. теңгеге дейін өсіру (млрд.тг.)	912	564	1 091	513,4	1 332	-	1 627	-	1 991	-

№2 міндет «Туристік саланы дамытуға қазіргі заманғы технологияларды енгізу»

№		2021		2022		2023		2024		2025	
		План	Факт	План	Факт	План	Факт	План	Факт	План	Факт
1.	1-көрсеткіш. «Орналасыру орындарын «eQопақ» ақпараттық жүйесімен қамтуды ұлғайту», %	17	18,5	25	28	50	-	70	-	95	-
2.	2-көрсеткіш. «Гидтер мен экскурсоводтардың қызметін цифрландыру мен қамтуды ұлғайту», %	10	8,5	25	22	50	-	70	-	95	-
3.	3-көрсеткіш. «Туристік қызметтерді іске асыру үшін цифрлық модульде (Marketplace) туристік нарық субъектілерін қамтуды ұлғайту», %	30	32	45	45	60	-	75	-	90	-

Дереккөз: автор дереккөз негізінде құрастырған [2]

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығы «2021–2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту бойынша ұлттық жобасының» (бұдан әрі – *Ұлттық жоба*) 3-ші бағыты: «Жаңа тауашаларды қалыптастыру», оның ішінде ЖІӨ-дегі туризм көлемінің 8,4 трлн. теңгеге дейін өсуі жоспарына жету үшін негізгі 2 міндет қойылған болатын. Оның 1-міндеті «Туризмді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау» бойынша 5 көрсеткіштің 3-еуі (2,3,5 көрсеткіштер) алға қойған жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілмеген.

Сонымен қатар, алға қойылған мақсатқа жету үшін әр міндеттерге көрсеткіштер қоса қойылған болатын.

Ұлттық жобадағы қол жеткізілмеген 1-ші міндеттегі 2-ші көрсеткіш «Келуші туристер санының ұлғаюы» бағыты бойынша 2020 жылы әлемде кароновирус инфекциясының таралуы туризм саласының бірқалыпты дамуына өз әсерін тигізгендіктен, 2021 жылы алға қойылған жоспарлы көрсеткішке қол жетпеді. Оның себебі 74 елдің (*Үндістан, Қытай, Иран және т.б.*) азаматтары үшін визасыз режимі қалпына келтірілмеген болатын. 2022 жылдың қорытындысы бойынша статистикалық деректер 2023 жылдың сәуір айының соңында жарияланатын болғандықтан, жалпы жоспарлы көрсеткіштерге толығымен қол жеткізілмеді деп айта алмаймыз.

2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша шетелдік туристер саны 3 есеге артып, шамамен 610 мың адамды құрады.

Бұл көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша келесідей жұмыстар атқарылуда.

Қазіргі уақытта қазақстандықтар әлемнің 29 еліне 110 авиамаршрут бойынша тікелей рейстермен ұша алады. Мәселен, 2022 жылы NEOS әуекомпаниясының Алматы – Милан, Алматы – Ираклион («*Эйр Астана*»), Алматы – Нха Транг (*Vietjet Air*), Түркістан – Кувейт

(*Jazeera Airways*), Алматы – Анкара және Астана – Анкара (*AnadoluJet*) және Алматы – Анкара (*Pegasus Airlines*) Алматыдан Сургутқа, Тюменьге және Новосибирге, Астанадан Санкт-Петербуррге жаңа бағыттары ашылды.

Сондай-ақ, Алматыдан Ашхабадқа «Түрікменхаваеллары» әуекомпаниясымен рейстер қалпына келтірілді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2022 жылға арналған Даму жоспары шеңберінде 27 елмен өзара визалық талаптардан босату жөніндегі келісімдердің жобаларын келісу бойынша жұмыстар жүргізуде.

Бүгінгі таңда 8 елмен келісімдерге қол қойылды: Андорра, Мальдив, Албания, Боливия, Венесуэла, Доминикан республикалары, Никарагуа және Парагвай.

12 елмен (*Австрия, Бангладеш, Бахрейн, Белиз, Гондурас, Гренада, Намибия, Сан-Марино, Сауд Арабиясы, Сент-Китс және Невис, Суринам, Перу*) келісімдер мемлекетішілік келісімнен өтті және ол келісімдер екінші тараптардың қарауында, ал 6 ел бойынша Бруней, Ливан, Монако, Фиджи, Швеция және Оңтүстік Африка келісімдері мемлекетішілік келісу рәсімінен өтеді.

Ұлттық жобадағы қол жеткізілмеген 3-ші көрсеткіш «Сапарлар» жіктемесі бойынша көрсетілетін қызметтер экспортының ұлғаюы» бағыты бойынша 2021 жылдың қорытындысына сәйкес жоспарлы көрсеткішке қол жеткізілмеуі себептерінің бірі – ковидтік шектеулердің алынбауы. 2022 жылдың 9 айдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің статистикалық есебіне сәйкес, «Сапарлар» жіктемесі бойынша қызметтер экспорты 1 290,9 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылдан 2,4 есе көп.

Туризммен байланысты қызметтер (сапарлар) есепті кезеңде базалық кезеңмен салыстырғанда өсті. Келу туристік ағынының өсуінің себептерінің бірі ковидтік шектеулерді алып тастау болды. Бұл өсімге 2022 жылдың көктем-жаз айлары негізгі үлес қосты. Бұл ретте есепті кезеңде Ресей және өзбек азаматтарының үлесіне келу туризмінен түсетін түсімдер көлемінің тиісінше 45,5% және 22,7% тиесілі. Алайда, саяхат қызметтерінің экспорты пандемияға дейінгі көлемнен әлі де алыс: 2022 жылдың 9 айы 2019 жылдың 9 айымен салыстырғанда 33,0%-ға аз болды (*1 926,4 млн. АҚШ доллары*). Жеке мақсаттар бойынша сапарлардың үлесі 63%-ды, ал іскерлік сапарлар 37%-ды құрайды. Қол жеткізілмеген 5-ші көрсеткіш «Салаға инвестициялар көлемін 6,9 трлн. теңгеге дейін өсіру» бойынша негізгі капиталға инвестициялар көлемінің жоспарлы көрсеткіші 1,091 трлн. теңге болатын.

Есепті жылғы қыркүйекте негізгі капиталға инвестициялар тарту бойынша 2022 жылға арналған жоспарлы көрсеткіш 1 трлн. теңгеден 708 млрд. теңгеге дейін төмендетілді. Өңірлер бөлінісінде жаңа декомпозиция жүргізілді.

2022 жылдың қаңтар-қазан айларында туризм саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі 513,4 млрд. теңгені құрады, көрсеткіш 47%-ға орындалды.

Жылдық жоспарды 708 млрд. теңге деп есептегенде, орындалу 72,5 %-ды құрады.

Жоспардың орындалмау себебі 2022 жылға пайдалануға беру жоспарланған инвестициялық жобалардың (30-дан астам жоба) қаржылық қиындықтарға байланысты тоқталуымен немесе кеш мерзімге ауыстырылуымен байланысты.

Қазіргі уақытта инвестициялық жобалар пулында 2030 жылға дейін іске асыру мерзімдерімен 2,8 трлн. теңге сомаға 202 инвестициялық жоба тұрақты бақылауда тұр. Ал 2-ші міндет «Туристік саланы дамытуға қазіргі заманғы технологияларды енгізу» бойынша 3 көрсеткіш алынған, оның 2-ші көрсеткіші «Гидтер мен экскурсоводтардың қызметін цифрландырумен қамтуды ұлғайту» бағытында алға қойған жоспарлы көрсеткішке қол жеткізілмеген. Гидтер мен экскурсоводтардың бірыңғай тізілімінде осы қызмет бойынша қызмет көрсететін 172 жеке және заңды тұлға тіркелген. Оның ішінде 100 гидтің және гидтер мен экскурсоводтар қызметтерін көрсететін компаниялардың қызметі цифрландырылды, бұл Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін гидтер мен экскурсоводтардың жалпы санының 58%-ын құрайды.

Елде білікті гидтердің жетіспеушілігі байқалады. Оларды дайындау және сертификаттау жүйесі жаңартуды қажет етеді. Осы мақсатта гидтердің бірыңғай тізілімін цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. Гидтердің жеке QR-кодтары белсенді емес гидтерді анықтауға және тізілімнен шығаруға мүмкіндік береді. Жүргізілген талдау нәтижелерін қорытындылай келе Қазақстанда туризм саласы лайықты даму деңгейіне жете алмай отыр. Елімізде туризм саласын дамытудың түрлі жоспарын жасағанымен, олардың бағыттары жоспарға сай орындалмай отырғандығы анықталып отыр.

Жалпы туризмнің салалары көп болып саналады. Қазақстанда туризмнің барлық түрін дамытуға жағдай толығымен қамтамасыз етілмеген десек болады.

Жоғарыда көрсетілген талдау негізінде мынадай ұсыныстар беріледі:

Біріншіден, туризмді дамыту біздің мәдениетімізбен өте тығыз байланысты. Жалпы еліміздегі отандастарымызға қарапайым «туризм» деген ұғымды жеткізу.

«Туризм» тек шет елге барып саяхат жасап келу емес, ол жұмыс күндерден кейінгі апталық демалыстарда жай киноға, театрға бару, яғни адам өзінің бос уақытын тиімді өткізу. Осы қарапайым ұғымды түсіндіру арқылы еліміздегі өте төмен қызмет көрсету саласын жетілдіру.

Екіншіден, туризм саласына қатысты инфраструктураға қаражаттың жеткілікті мөлшерде бөлінбеуі, еліміздегі туристік орындардың біразының жағдайы аса керемет емес.

Ұлттық жобаның қол жеткізілмеген 1-ші міндеттегі 2-ші көрсеткіш «Келуші туристер санының ұлғаюы» бағыты бойынша Қазақстан аумағындағы шалғай орналасқан туристік нысандарда инфраструктураның жоқтымен қоса елге келуші туристерді тіркейтін блок-посттардың болмауы өзекті мәселе. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректерінде тек қана маңызы бар қалалар мен облыс аумағындағы орналастыру орындарына (қонақ үйге) келген туристер санын есептеумен шектелген. Бұл блок-посттар елімізге келетін туристер санының орналастыру орындарынан (қонақ үйлер) бөлек туристік нысандарға келген шет ел азаматтарын көптігін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, соңғы жылдары шет елден келген туристердің туристік нысандарда жолдан жаңылысып кетуі көптеп байқалуда.

Осыған байланысты блок-посттар орнатылған жағдайда әр туристік нысанның жанында жол сілтемелер QRT қосымшасы арқылы орнатылу керек. Сол QRT қосымшасы туристерге жол көрсететін сілтеме ретінде қажет болса, бізге шет елден келген туристердің қай жерде жаңылысқандығын, яғни бұл елдің шет ел туристері үшін қауіпсіздігін білдіреді.

Ал үшіншіден, Ұлттық жобандағы қол жеткізілмеген 2-ші міндет «Туристік саланы дамытуға қазіргі заманғы технологияларды енгізу» бойынша 3 көрсеткіш алынған, оның 2-ші көрсеткіші «Гидтер мен экскурсоводтардың қызметін цифрландырумен қамтуды ұлғайту» бағыты бойынша елімізге келуші саяхатшыларға туристік орындарды таныстыратын гид-экскурсовод мамандардың жетіспеушілігі еліміздің азаматтары көбінесе шет елге шығып демалғанды дұрыс деп есептейді.

Туристік нысандардағы оның ішінде қасиетті жерлердегі қарапайым имамдардың өздері сол туристік нысанның тарихы бойынша ақпаратты бұрмалап айтуы кездеседі. Бұл жерде гид пен экскурсовод ретінде қарапайым имамдардың ақпаратты туристерге дұрыс жеткізбеуі мәселесін қарастыру қажет.

Сондай-ақ, әр облыс аумағында туристік нысандар жанынан шағын визит орталықтардың болуы, сол облыс аумағындағы туризмге қатысты мамандарды дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету керек.

Мұның өзі елімізде туризмнің аса дамымауына үлкен себеп болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректеpi: <https://old.stat.gov.kz/official/industry/22/statistic/6>;

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің деректері: <https://www.gov.kz/memleket/entities/tourism/documents/1?lang=ru>.

Кенесбаева Г.Г., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты

Қазақстан Республикасында зейнетке шығу жөніндегі құқықтық негіздерді жетілдіру

Аңдатпа. Мақалада еліміздегі зейнетке шығу құқықтары, зейнетке шығушы тараптың және зейнетақы тағайындаушы тараптың негізгі құқықтары көрсетілген. Сонымен қатар, қазіргі кездегі зейнетке шығу жөніндегі ахуал талданған. Зейнетақы, зейнетке шығу жөніндегі құқықтар жыл сайын өзгерісті қажет етіп отырған, әлі күнге дейін өзекті құбылыстың бірі. Сол мәселені шешу мақсатында құқықтық негіздерді жетілдіру мақсат етіп қойылды және мақалада оның алғышарттары көрсетілді. Ғылыми тұжырымдарды дәйектеу үшін шетелдік мәліметтер мен тәжірибе салыстырмалы түрде қарастырылды. Сондай-ақ, зейнетке шығу жөнінде орын алған әр жыл сайынғы өзгерістер көрсетілді. Жаңа ұсыныстар мен зейнетке шығу туралы құқықтық негізді жетілдірудің жолдары ұсынылады.

Құқық – адам бостандықтары мен әділдік идеяларына сүйенетін, көп жағдайда заңнамада көрініс табатын және қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативті ережелер жиынтығы [1, 213]. Құқық мемлекетпен бірге қоғамның объективтік даму процесінің даму нәтижесінде дүниеге келді. Алғашқы қоғамдағы әлеуметтік нормалар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни өсиеттер, мемлекеттік жүйеде бірте-бірте екінші қатардағы және негізгі әлеуметтік нормаға айналды. Қазақ жерінде құқық институты, оның мәні, құрылымы, қоғам өміріндегі барлық салаларын реттеуі және басқаруы ұзақ уақыт бойы қалыптасып келді. Жалпы алғанда, құқықтың басты екі қасиетін атап көрсетуге болады:

1. Нормативтілігі. Себебі құқық жалпы сипаттағы мінез-құлық ережелерінің жиынтығы.

2. Мемлекетпен өзара тығыз байланыста болуы, себебі құқық нормалары мемлекетпен қабылданады және мәжбүрлі сипатқа ие [2, 188]. Жоғарыдағы анықтамаға сүйеніп, ҚР зейнетке шығу жөніндегі құқықтық негіздерін, оны жетілдіру жолдарын және тиімді немесе тиімсіз тұстарын талдап, іске асыру маңызды.

Зейнетақымен халықты қамтамасыз ету – еңбекке «жарамдығы жоқ» адамдарды әлеуметтік қамсыздандырудың ең негізгі бөлігі. «Еңбекке жарамайтын» азаматтарға заңмен бекітілген, қандай да бір жасқа жеткенше беріліп отыратын ай сайынғы ақшалай сома.

Еңбек өтіліне немесе басқа да қоғамға пайдалы қызметке байланысты тағайындалатын зейнетақыларға еңбек еткен жылдары үшін зейнетақы шығарылады. Зейнетақына төлеу мен тағайындаудың да өзіндік тәртібі бар. Мәселен, зейнетақының төлемдерін тағайындауға өтініш беруден басталады. Өтініш берушінің құқығы да осы кезден бастау алады. Ол үшін арнайы арыз бен еңбек өтілін және табысын растайтын құжаттарға қоса, азаматтың тұратын жері бойынша зейнетақыны тағайындайтын орындарға жіберіледі. Зейнеткерлік төлемдерді тағайындаушы зейнетақы мәселесі бойынша түсіндірмелерді беруге, азаматтарға қажетті құжаттарды рәсімдеуге көмектесуге міндетті.

Белгілі бір жастағы еліміздің барлық азаматтарын мемлекеттің зейнетақымен қамтамасыз етуі туралы мәселелер қызықтырады: зейнетке қалай шығуға, тиесілі зейнетақы төлемдерінің мөлшерін қалай санауға болады және тұтастай алғанда зейнеткерлікке шыққан азаматтар үшін қандай мемлекеттік қолдау жүзеге асырылуда?

Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматына ауырған, мүгедек болған жағдайда, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негізде ең төменгі жалақы мен зейнетақыға, жасы бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік беріледі. Республикада зейнетақымен қамтамасыз ету «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес жүзеге асырылады. Осы заңдар арқылы ҚР азаматтары, шетелдік және ҚР аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

Енді әлемдік тәжірибеге шолу жасап көрейік. Соңғы жылдары әлемдік қоғамдастықтың бірқатар елдерінде жүзеге асырылып жатқан зейнетақы жүйелерін реформалау әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық пен халықтың жаһандық қартаю процесінің жылдамдауынан туындап отыр.

ӘЙДҰ елдерінің көпшілігінде жүргізіліп жатқан зейнетақы реформалары:

1) ең төменгі кепілдіктерді қамтамасыз ете отырып, таратушы және жинақтаушы схемаларын үйлестіретін көпдеңгейлі зейнетақы жүйелерін енгізуді/сақтауды;

2) еңбек қатынастарын заңдастыруға және көлеңкелі жұмыспен қамтуды қысқартуға бағытталған зейнетақы бағдарламаларын қаржыландыруды сақтандыру тетіктерін күшейтуді;

3) зейнеткерлік жасты 65-67 жасқа дейін көтеруді және зейнетақы бағдарламаларын қаржыландыру ауыртпалығын азайту, белсенді еңбек ету мерзімін ұзарту әрі халықтың қартаюы жағдайында еңбек ресурстарының санын тұрақтандыру мақсатында зейнетке мерзімінен бұрын шығу шарттарын қатаңдату;

4) еңбек еткен бүкіл өмірінде зейнетақы резервтерін қалыптастыруға қатысуынан зейнетақы мөлшерінің тәуелділігін күшейтуді (Италия, Швеция, Польша, Ресей Федерациясы);

5) зейнетақы қорларының қаржылық қызметін бақылауды және қадағалауды күшейтуді (мысалы, Германияда қаржы тәуекелдерін тәуелсіз қадағалауды және басқаруды күшейту туралы заң қабылданды). Таратушы және жинақтаушы зейнетақы жүйесінің өз кемшіліктері мен артықшылықтары бар екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр.

Ағымдағы қаржыландыруға негізделген таратушы зейнетақы жүйесінің артықшылығы зейнетақы мөлшерінің қаржы нарықтары жұмыс істеуінің және зейнетақы қорлары қызметінің нәтижелеріне тәуелсіздігіне келіп саяды. Мұндай тәсілмен қаржыландырылатын зейнетақылар жалақысы жоғары емес адамдар үшін неғұрлым сенімді қорғауды және алмастырудың неғұрлым жоғары мөлшерлемесін қамтамасыз етеді.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі тұрғындарды алатын зейнетақы төлемдері мөлшерінің енгізілген жарналарға және оларды инвестициялық басқару нәтижесіне тәуелділігін белгілей отырып, жеке жинақтарын жинақтауға және өзінің қарттығын қамтамасыз етуіне ынталандырады.

Тұтастай алғанда, әлемдік тәжірибені талдау жұмыс істеудің таратушы, сол сияқты жинақтаушы қағидаттарын үйлестіретін көпдеңгейлі модельдер зейнетақымен қамсыздандырудың неғұрлым тиімді әрі қаржылық орнықты жүйелері болып табылатынын көрсетеді.

Аралас жүйелерді әртараптандыру, сондай-ақ кемшіліктерін түзету және артықшылықтарын пайдалану есебінен олардың әрқайсысына тән тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Екі мың жиырма бірінші жылғы ақпаратқа сүйенсек, ерлердің зейнетке шығу жасы – 63 жасты, әйелдер үшін – 60 жасты құрайды. «ҚР зейнетақымен қамтамасыз ету» Заңының 11-бабына сәйкес, әйелдер үшін зейнеткерлік жас 2027 жылға дейін 10 жыл ішінде жыл сайын 6 айға көтеріледі.

Әйелдердің зейнеткерлік жасының кезең-кезеңмен көтерілуі:

- 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда;

- 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа толғанда;
- 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанда;
- 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда;
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанда;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 63 жасқа толғанда.

Бұдан ерте жаста шығу келесі адамдар үшін қарастырылған:

1) төтенше және радиация қаупі ең жоғарғы аймақтарында 1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейін (5 жылдан кем емес) тұрған, Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар жүргізудің салдарынан зардап шеккен азаматтар;

- ерлер – 50 жасқа толғанда;
- әйелдер – 45 жасқа толғанда.

2) 5 және одан көп бала туған (асырап алған) және оларды 8 жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алу құқығы көзделген.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушы әйелдер үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде зейнетақы аннуитетін алған жағдайда 52 жаста жинақтаушы зейнетақы жүйесінен зейнетақы төлемдерін тағайындау құқығы сақталды.

Алға қойған құқықтық мәселелерді шешу үшін зейнетақыларды төлеу, оларды орнату ерекшеліктеріне байланысты шешімдерді мынадай кезеңдеге бөлуге болады:

- Қор концепциясын жасап шығару. Яғни, бұл кезде зейнетақы қорындағы мынадай анықтаулар анықталу керек: қаржыландыру көздері, салымшылар тобы, қорға қатысуға құқық беретін белгілер тізімі.

- Салымдар мен төлемдерді тіркеу ғана емес, сонымен қатар қорды актуарлы бағалау мен қор тепе-теңдігінің дәрежесіне факторлардың әсерін өлшеуге қажетті жалпылаушы көрсеткіштер алуға мүмкіндік беретін қор қамсыздануын құру.

Зейнетке шығу жүйесіндегі кемшіліктерді шешу еліміздің өмір сүру деңгейіне де әсер етеді. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бүгінде зейнетке шығу жүйесіне жаңа тәсіл керек. Себебі, ол тек зейнеткерлерге ғана емес, болашақта зейнетке шығатындарға да, жұмыс берушілерге де, жұмыссыздарға да, қатысты. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі зейнетақы жүйесін жетілдіру бағыттарын әзірлеу, оларды іске асыру тетігін, іс-әрекеттерді реформалау, жаңа тәсілдерге бақылау жүргізілу керек.

Ал инвестициялық стратегиялар мен инвестициялауға арналған тиімді құралдарды құрастыру мен таңдау үшін ХБ өкілдері, ҚР Үкіметі, қаржылық нарық қатысушылары мен тәуелсіз сарапшылар жұмыс жасауы қажет.

Қорыта айтқанда, арнайы органдар бірлесе отырып, зейнетке шығу жүйесіне қатысты жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланса, сонда ғана мына мәселелермен күресуге болады:

- Тұрғындарды ЖЗҚ қызметтерімен қамтуды кеңейту;
- Зейнетақымен қамсыздандырудың ең төменгі кепілдіктері жүйесін өзгерту;
- Зейнетақы жасын біріздендіру,
- Еңбек жағдайлары ерекше жұмыстарда істейтін азаматтарды зейнетақымен қамсыздандырудың міндетті кәсіптік жүйесінен ерікті жүйеге өту.

Әдебиеттер тізімі

1. Теория государства и права. Под редакцией В. К. Бабаева. Москва: Юрист, 2007
2. Хропанюк В. Н. Теория государства и права. М.: Интерстиль, 1998.
3. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы

4. Омирбаев С. М. Финансы, Астана, 2002.
5. Қазақстанның қаржы нарығы. Алматы, Экономика, 2007.

Утегенов А. магистрант Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан

Проблемы приватизации жилья, предоставляемое государством детям-сиротам?

Аннотация. Рассматривается проблема приватизации жилья детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей в Республики Казахстан как фактор социальной устойчивости общества. Приводятся статистические показатели обеспеченности детей-сирот жильем. Определены технологии решения проблем по приватизации жилья детьми-сиротами. Рассматривается опыт международный опыт в приватизации жилья категорией детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. Анализируется Правила приватизации жилья, категорией детей-сирот.

Ключевые слова: дети-сироты, жилищные проблемы детей-сирот, приватизация жилья категорией детей-сирот.

Введение

В Казахстане проблема охраны и защиты прав детей является одной из острейших, привлекая к себе внимание самой широкой общественности. Построение социального правового государства предполагает признание приоритета общечеловеческих ценностей и, прежде всего: жизни, здоровья, свободы, достоинства, чести, прав и интересов личности. В ходе социально-экономических преобразований, проводимых в Казахстане, дети оказались самой незащищенной социально-демографической группой населения. Особое внимание необходимо уделить обеспечению жилищных прав детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, поскольку наличие жилища всегда было и до настоящего времени остается одним из важнейших определяющих элементов социального статуса индивида. Образовалось такое понятие как «социальное сиротство», понятие социальное сиротство определяется как социальное явление, обусловленное наличием в обществе детей, родители которых умерли, а также детей оставшихся без попечения родителей вследствие лишения их родительских прав (6). Один их главных этапов – это проблема в получении жилья. Любой ребенок-сирота с наступлением совершеннолетия сталкивается с проблемой жилья. К сожалению, в современном казахстанском обществе данная проблема является актуальной для всего населения. После того, как сироты меняют привычный образ жизни, окружение, распорядок, они сталкиваются с проблемой в получении жилой площади. Жильё должно предоставляться без очереди с совершеннолетия детей, но в современном Казахстане жилых помещений на всех не хватает, что является и остается острой социальной проблемой. На 1 марта 2023 года в очереди на получении жилья по категории дети-сироты и дети оставшиеся без попечения родителей составляют 61922 детей-сирот, что составляет 10% от всех нуждающихся в жилье (632730 человек). При этом, проблемы возникают, даже после выдачи, и одна из них приватизация выданного жилья.(2)

Правовые нормы, регламентирующие данную сферу отношений содержатся в ЗРК «О жилищных отношениях» определяет общие принципы, содержание и меры социальной поддержки детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. ЗРК «О жилищных отношениях» систематизирует все дополнительные гарантии для этих детей, которые они могут получить, в сфере защиты жилищных прав детей-сирот.

Дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, имеют первоочередное право на получение жилья из коммунального жилищного фонда или жилища, арендованного местным исполнительным органом в частном жилищном фонде.

В соответствии с ЗРК «О жилищных отношениях» на детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, выделяется не менее двадцати процентов от общего количества жилищ, арендованных местным исполнительным органом в коммунальном жилищном фонде или частном жилищном фонде.

В Казахстане на 1 марта 2023 года было предоставлено 8347 квартир и домов из них:

- местным исполнительным органом предоставлено – 2272 квартир;
- - арендное жилье без право выкупа – 642 квартир;
- ПЖС «Нұрлы Жер» (без права приватизации) – 1255 квартир;
- Арендное жилье с правом выкупа - 144 квартир;
- АО «Отбасы банк» - 29 квартир;
- АО «КИК» - 93 квартир;
- Коммунальное жилье – 3801 квартир;
- Иные – 78 квартир;
- МИО (с правом выкупа) – 1 квартира;
- МИО (без права выкупа) – 32 квартир. (2)

При этом из общего количественного выданного жилья – 8347 квартир, 45% (2617 квартир) подлежат приватизации, что сказывается отрицательно на социально-экономической ситуации, что в свою очередь порождает иждивенческие настроения среди данной категории.

В научной статье рассмотрим возможность приватизации жилья детьми-сиротами, правила приватизации жилья, ситуация при приватизации жилья в дальнем и ближнем зарубежье, сравним подходы государственного управления для решения текущей ситуации, возможные пути решения.

На 1 марта 2023 года согласно Правилам приватизации жилья – право безвозмездной приватизации могут воспользоваться – ветераны ВОВ (и приравненные к ним граждане), семьи воспитывающие детей инвалидов, инвалиды I и II группы, граждане пострадавшие в результате ядерных испытаний в Семипалатинской области, жители пострадавшие в результате бедствия в Приаралье, военнослужащие, сотрудники правоохранительной службы имеющие выслугу лет не менее 20 лет, получившие увечья или пострадавшие во время несения службы (3), при этом из списка выпадает наиболее уязвимая категория граждан – дети – сироты. На детей сирот не распространяется право безвозмездной приватизации выданного им жилья.

Для примера: Рассчитаем расчет приватизации 1 комнатной квартиры, стоимостью 5 млн тенге. Согласно методу при приватизации рассчитаем ежемесячный платеж, первоначальный платеж составит 30%, максимальный период выплат - 10 лет.

Расчет: $P_{\text{ежем}} = S_{\text{ост}} \cdot 30\% / 120$

$P_{\text{ежем}}$ – платежка ежемесячная;

$S_{\text{ост}}$ – остаточная стоимость жилья;

30% - первоначальный взнос согласно методике;

120 – количество месяцев.

При приватизации остаточная стоимость разделяется равными долями на 120 месяцев. При оплате первоначального взноса 30% согласно Правил, а это 1 500 тысяч тенге, что уже является не подъемной суммой для данной категории, при этом в течении 10 лет, необходимо оплачивать ежемесячно равными долями 29 166,7 тенге. При этом возможность для погашения при льготном условии не представляется возможным для большинства детей – сирот, не имеющих квалификацию и высоко оплачиваемую работу, что в перспективе может повлечь расторжение договора приватизации. Также зачастую как уже выше сказано, большинство квартир, строящихся по государственным программа не подлежат приватизации, и обрести собственное жилье становится не возможным для детей – сирот.

Опыт зарубежных стран по предоставлению и приватизации жилья детям-сиротам и сравнение с действующими государственными механизмами в Казахстане.

В России с начала 2013 г. в силу вступили новые дополнения к Федеральному закону №15, в соответствии с которым жилье будет предоставляться сиротам по срочным договорам найма, а после 5-ти лет использования – по договору социального найма. К тому же, новый закон исключает возможность приобретения квартир, комнат общежития или других жилых помещений в собственность (4). Данная норма призвана оградить сирот от действий квартирных мошенников. Ведь известны неединичные случаи преступных действий по отношению к бывшим воспитанникам интернатов и детских домов. В соответствии с нормами законопроекта, запрещено вселять сирот в те квартиры, в которых проживают их родители, которые были лишены родительских прав, или люди с тяжелыми формами хронических заболеваний, поэтому следует ожидать, что количество нуждающихся значительно увеличится. Большое значение для детей, оставшихся без попечения родителей, имеет и пункт, запрещающий выделять им комнаты в общежитиях или другое жилье, не соответствующее установленным санитарным и техническим нормам.(5) Отличительная особенность приватизации жилья сиротами в 2022 году – отсутствие финансовых расходов. Оставшиеся без родителей дети не оплачивают госпошлину. Расходы несет государство – для этого выделен соответствующий бюджет. Оформление документов на приватизацию жилья сиротой занимает от 3 до 4 месяцев. Сюда относится время на рассмотрение заявки в администрации, регистрационные действия по изготовлению и выдаче выписки из Единый государственный реестр недвижимости.

В Республике Беларусь детям-сиротам нуждающимся в жилье, государство предоставляет жилье вне очереди только после достижения совершеннолетия с 18 до 23 лет или по желанию после окончания высшего учебного заведения через год. Жилое помещение социального назначения выдается сроком на 5 лет, с заключением Договора на жилое помещение, по прошествии 5 лет жилое помещение социального пользования включается в состав жилых помещений коммерческого пользования по решению местного исполнительного и за временное владение и пользование жилыми помещениями коммерческого пользования взыскивается арендная плата.

Также надо учитывать, что жилые помещения социального и коммерческого пользования нельзя приватизировать, обменять, разделить, продать, предоставить по договору поднайма. То есть, исключается возможность приватизировать жилье предоставляемое из государственного или арендного фонда.

В Западной Европе предусмотрено предоставления муниципального жилья для социально-уязвимых с низкой арендной платы без права приватизации. В Германии предоставление социального жилья предоставляется социально-уязвимым слоям населения на основании базового дохода, но как в Казахстане не предоставляется жилье отдельной категорией для детей-сирот, к лицам, которые имеют право в стране подать заявление на получение социального жилья, относятся: воспитывающие в одиночку детей, студенты (чаще всего при получении государственной финансовой помощи согласно *VaföG*), учащиеся всех учебных заведений, инвалиды, пенсионеры, сеньоры (лица пенсионного возраста), получатели социальной помощи согласно *Harzt IV*, иностранцы (при наличии ПМЖ и имеющие постоянное место жительства в стране).

В нормативно-правовых актах Республики Казахстан не предусмотрен, срок необходимый для проживания в арендно-коммунальном жилье для приватизации, например, в России при предоставлении социального жилья предусмотрено заключение Договора специализированного найма квартиры сроком на 5 лет, далее по прошествии 5 лет заключается Договор социального найма и на бессрочной основе. После подписания Договора на бессрочной основе возможна подача на приватизацию льготного жилья, если жилые помещения, в которых проживают исключительно несовершеннолетние в возрасте до 14 лет, передаются им в собственность по заявлению родителей (усыновителей), опекунов с

предварительного разрешения органов опеки и попечительства либо по инициативе указанных органов. Жилые помещения, в которых проживают исключительно несовершеннолетние в возрасте от 14 до 18 лет, передаются им в собственность по их заявлению с согласия родителей (усыновителей), попечителей и органов опеки и попечительства.

При этом в Казахстане в сфере жилищных отношении не предусмотрено какое-либо ограничение по срокам для приватизации жилья, фактически происходит ситуации при которой после получения арендно-коммунального жилья дети-сироты не достигшие совершеннолетнего возраста посредством опекунов (*не требуется согласие территориальных органов опеки*), могут приватизировать жилье буквально на следующий день после получения арендно-коммунального жилья. В дальнейшем жилье может быть продано и фактически ребенок сирота не достигший совершеннолетнего возраста может остаться без жилья.

В целом, для преодоления вышеуказанных проблем и недочетов предлагаем следующие пути решения.

Пути решения:

1) Установить предельные лимиты для проживания детей-сирот не менее 5 лет, что в перспективе создаст условия для бережного отношения к выданному жилью, минимизирует расходы на текущее содержание жилого фонда.

2) Предоставление арендно-коммунального жилья по достижению совершеннолетия детьми-сиротами – эта мера обеспечит защиту законных прав сирот на жилье перед опекунами, даст возможность сироте самому распоряжаться выданным жильем;

3) Разрешить приватизацию детьми-сиротами арендно-коммунального жилья при достижении совершеннолетия – способствует искоренению мошеннических действий в отношении детей-сирот при приватизации жилья;

4) Предусмотреть возможность предоставления «жилищных грантов» до 30% от остаточной стоимости при приватизации арендно-коммунального жилья детей-сирот – эта мера поможет сиротам при оплате первоначального взноса жилья, что в дальнейшем облегчит сиротам выплаты по приватизации;

5) Проведение обучения среди детей-сирот в сфере жилищных отношении, разъяснение их прав при получении жилья, его дальнейшей приватизации – будет способствовать грамотность среди этой категории, что поможет сиротам при защите своих законных прав на жилье;

В завершении хотелось бы сказать, что в современных условиях перспективы развития детей-сирот будут зависеть от того, насколько успешно проводится работа по их защите и поддержке. Политику в отношении детей-сирот необходимо проводить таким образом, защищая гражданские права, чтобы содействовать физическому, интеллектуальному, психическому, духовному и нравственному развитию детей, воспитанию в них гражданственности, а также реализации личности ребенка в интересах общества.

Список литературы:

1. Закон РК «О жилищных отношениях»
2. Интернет ресурс <https://hf.kezekte.kz/ru/statistics/got-house-applicants/>
3. п. 7 «Правил приватизации жилищ из государственного жилищного фонда»;
4. Федеральный закон РФ «О внесении изменений отдельные законодательные акты Российской Федерации в части обеспечения жилыми помещениями детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей»;
5. Садыкова Р.М. «Современное положение детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей в условиях экономического кризиса»;
6. Социальная энциклопедия. – М., 2000. – 537 с;

7. Садыков Р.М. Защита имущественных прав детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей

Шуиншалиев А.С., *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты*

Тұрғындардың табысын арттыру бағдарламасы аясында ең төменгі күнкөріс деңгейін мөлшерін арттыру жолдары

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы халықты әлеуметтік қолдау шаралары, оның ішінде ең төменгі күнкөріс деңгейінің қолданылу аясы қарастырылды, ең төменгі күнкөріс деңгейін қалыптастыру мен дамытудың заңнамалық негізі талданды, елдегі тұрғындардың табысын арттыруға бағытталған бағдарламалық құжаттарға шолу жасалды. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері қаншалықты азаматтардың физиологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мәселесі зерделенді.

Түйін сөздер: халықтың әл-ауқатын, табысын арттыру, физиологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру, сатып алу мүмкіндіктерін арттыру, қаржылық тұрақтылық.

Көптеген елдерде күнкөріс деңгейі ең төменгі тұтыну стандарттарының бірі болып табылады. Оның шет елдердегі анықтамасы кедейлікті өлшеуге тікелей байланысты. Кедейлікке қарсы күрестің ұлттық бағдарламалары, халықтың әлеуметтік осал топтарына берілетін мемлекеттік трансферттердің мөлшері көбінесе күнкөріс минимумын (КМ) анықтауға қандай да бір тәсілдерге байланысты.

Халықаралық тәжірибеде КМ мәні мен шамасын анықтауда адамның ең төменгі қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейтін тауарлар мен қызметтердің белгілі бір минимумын белгілеуге негізделген тәсіл кеңінен қолданылды, бұл елдің дәстүрлері мен климаттық жағдайларына сәйкес тамақтану мен киімге қатысты ұлттық ерекшеліктерді көрсетеді, одан тыс жерде адамның қалыпты өмір сүру жағдайлары бұзылады.

Әлемдік тәжірибеде КМ мәні өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады және кедейлік шегін анықтау үшін қолданылады, көбінесе абсолютті кедейлік өлшемі ретінде әрекет етеді [1].

Басқаша айтқанда, «кедейлік шегі» ең төменгі күнкөріс деңгейінде өтеді, ал халықтың ақшалай кірісі немесе тұтыну деңгейін ең төменгі күнкөріс деңгейімен салыстыру мүлдем кедей халықтың үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

Күнкөріс минимумын кедейліктің абсолютті шегі, халықтың әлеуметтік осал санаттарына берілетін әлеуметтік трансферттердің шарттары мен шамасы деп танитын елдердің көпшілігінде әлеуметтік көмек алу құқығы экономикалық және қаржылық мүмкіндіктерге сүйене отырып айқындалады [2].

Сонымен, күнкөріс деңгейі ұғымын адамның қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ақша мөлшері деп түсінеміз.

Бүгінде, Қазақстан Республикасында ең төменгі күнкөріс деңгейі әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру кезінде халықтың өмір сүру деңгейін бағалау үшін, (мысалы: *базалық зейнетақы, мүгедектігіне байланысты жәрдемақылар, атаулы әлеуметтік көмек, т.б тағайындау барысында*) қолданылады.

Сондай-ақ, бұл көрсеткіш ең төменгі жалақы мөлшерін анықтау кезінде де қолданысқа ие.

Егер азамат бюджетінің жеке кіріс бөлігі ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз болса, онда мұндай азамат мемлекеттік қолдау алуға құқылы.

ТМД елдерінде қаржы қаражатының шектеулілігіне байланысты, ең мұқтаж адамдарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету критерийі ретінде ең төменгі күнкөріс деңгейімен қатар, азық-түлік себеті, кедейліктің әкімшілік шегі сияқты көрсеткіштер пайдаланылады, олар әдетте КМ-нен төмен.

Осылайша, әлемдік тәжірибеде күнкөріс деңгейі тек жеткіліктілік деңгейін анықтау үшін қолданылады, яғни әлеуметтік төлемдердің мөлшерін анықтаудың бірыңғай нормативі ретінде әрекет етпейді, басқа әлеуметтік төлемдердің мөлшері нақты мөлшерде заңнамалық түрде анықталады [3].

«Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, ең төменгі күнкөріс деңгейі әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттардың бірі болып айқындалған [4].

КМ шамасын базалық әлеуметтік индикатор ретінде пайдалануға көшу Қазақстан Республикасы тарапынан ТМД елдері арасында алғашқылардың бірі болып жүзеге асырылды.

КМ анықтау әдістемесі 2006 жылы қайта қаралды, нәтижесінде КМ құрылымында азық-түлік себетінің үлесі 70-тен 60%-ға дейін қысқарды және тиісінше, азық-түлік емес тауарлар мен қызметтердің үлесі 30-дан 40%-ға дейін ұлғайды, сондай-ақ азық-түлік себетінің азық-түлік жиынтығы екі есеге ұлғайды (20-дан 43 атауға дейін), нәтижесінде оның жан басына шаққандағы орташа энергетикалық құндылығы 1175-тен 2175 ккал-ға дейін өсті. Бұл КМ шамасының 30%-ға өсуіне әкелді.

Бұдан басқа, Қазақстанда да әлемдік тәжірибедегідей, статистикалық байқау мақсаттары үшін тұтыну тауарлары мен қызметтерінің жиынтығы 510 атаудан тұрады, олардың тізбесі Статистика комитетінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 135 бұйрығымен бекітілген [5].

Біріншіден, елдің экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қазақстандықтардың нақты тұтыну шығындарына сәйкес келетін КМ қайта қарау қажеттілігі туралы КМ шамасының құрылымы қайта қаралды [6].

Сонымен, КМ-нің азық-түлік емес бөлігінің үлесі 40%-тан 45% дейін артты. Бұл ретте, азық-түлік себеті күніне 2 175 ккал жан басына шаққандағы орташа энергетикалық құндылықты қамтамасыз етуді жалғастыруда.

Бұл КМ шамасының 2017 жылғы 24 459 теңгеден 2018 жылы 28 284 теңгеге дейін ұлғаюына алып келді және 3 млн. азаматтардың табысының сәл артуына өз әсерін тигізді.

Бұдан басқа, 2018 жылы атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК) көрсету критерийі ретінде белгіленетін кедейлік шегі КМ шамасынан 40%-дан 50%-ға дейін ұлғайтылды. Тиісінше, АӘК төлеуге арналған шығыстар 2018 жылы 28 млрд. теңгені құрады немесе 2017 жылмен салыстырғанда 35 есеге ұлғайды.

2019 жылғы сәуірден бастап кедейлік шегі КМ-нің 70% мөлшерінде белгіленді және жүргізілген реформаны ескере отырып, АӘК жүйесінде қосымша республикалық бюджеттен қосымша 205 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді.

2020 жылы елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты КМ мөлшері 10%-ға немесе 2019 жылы 29 698 теңгеден 2020 жылы 32 668 теңгеге дейін ұлғайтылды [7].

Ағымдағы жылдың 10 наурызында Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында, «2025 жылға дейін халықтың табысын арттыру» бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) қабылданды. Бағдарлама 80 іс-шарадан қалыптасып: халықтың жалақы табысын арттыру, халықты жаппай жұмысқа тарту арқылы табысын арттыру және халықтың сатып алу қабілетін сақтап қалу секілді негізгі бағыттар қамтылды [8].

Екіншіден, осы тұрғындардың табысын арттыру бағдарламасы аясында соңғы жылдары халықтың тамақ өнімдерін тұтынуында болған өзгерістерді және елдің қазіргі заманғы азық-түлік нарығының толық ерекшелігін және Қазақ тағамтану академиясының

ұсынымдарын ескере отырып, азық-түлік тауарларының тізбесін кеңейту, тәуліктік энергетикалық құндылығын тиісінше арттыра отырып, өнімдерді тұтыну нормасын ұлғайту туралы мәселені кезең-кезеңімен қарау мәселесін ұсынамын.

Әрине, бұл өз кезегінде, бюджеттен қосымша қыруар қаражат шығындауға алып келетіні белгілі. Осы шаралардан, өңірлердің дамуы мен қандайда бір инвестициялық жобалардың, әлеуметтік ғимараттардың, инфрақұрылымдардың уақытылы жүзеге асырылмау салдары туындауы әбден сөзсіз.

Сондықтан да азаматтарымыз бұны жіті түсініп, әсіресе АӘК отбасыларымыз, мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан белсенді еңбек шараларына тартылуын терең ұғыну қажет.

Әлемдік тәжірибеде КМ кедейшілік деңгейін анықтайтын құрал болғандықтан, мемлекет тарапынан қаншалықты КМ өсіргенімен кедейшілік деңгейі қала беретінін әр азаматымыз терең ұғынуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. БҰҰ, Жаһандық көзқарас адам тағдыры [Электронды ресурс] news.un.org (басылым мерзімі: 17.10.2022 жыл);
2. Дүниежүзілік банк кедейлік деңгейін қалай бағалайды [Электронды ресурс] tass.ru (басылым мерзімі: 15.01.2020 жыл);
3. Сазанов И., Кедейлік: ұлттық және халықаралық критерийлер [Электронды ресурс] cyberleninka.ru (басылым мерзімі: 2012 жыл);
4. «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2015 жылғы 19 мамырдағы № 314 -V ҚРЗ;
5. «Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасын байқау бойынша әдістемені бекіту туралы» ҚР Статистика комитетінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 135 бұйрығы;
6. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы;
7. Адамбекова А., Кульжабаева М., Ералиева Я. Күнкөріс деңгейі қазақстандықтардың нақты қажеттіліктерін көрсетпейді [Электронды ресурс] kursiv.ru (басылым мерзімі: 28.10.2020 жыл);
8. «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 қаулысы.

**АШЫҚ ҮКІМЕТ ЖӘНЕ ЖАҢА БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТІ:
ЕСТУ, ТҮСІНУ, ӘРЕКЕТ ЕТУ**
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
материалдарының жинағы
(27-28 сәуір, 2023 жыл)

Materials of the International Scientific-Practical Conference
OPEN GOVERNMENT AND THE NEW CULTURE OF ADMINISTRATION:
HEAR, UNDERSTAND, ACT
(April 27-28, 2023)

Сборник материалов международной научно-практической конференции
ОТКРЫТОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО И НОВАЯ КУЛЬТУРА УПРАВЛЕНИЯ: СЛЫШАТЬ,
ПОНИМАТЬ, ДЕЙСТВОВАТЬ
(27-28 апреля 2023 года)



Технический редактор: Нурбек К.Х., Демеугалиева Н.
Дизайнер-верстальщик: Ертасова Ф.

Формат 60x84/8, Усл.печатных листов 40,6
Гарнитура «Times New Roman»

Центр маркетинга и коммуникации
Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан
010000, г.Астана, проспект Абая 33А

ISBN 978-601-08-3331-9



9 786010 833319